

88.1  
А37

А. Т. Ақажанова

# ҚАЗІРГІ ПСИХОЛОГИЯ ТАРИХЫНЫҢ ДАМУЫ, ЖАҒДАЙЫ, БЕТАЛЫСЫ

«Тұран-Астана» университеті

КІТАПХАНА

Инв. №

28583 ч/з/2

NURPRESS

Алматы

2012

УДК 159.9(075.8)

ББК 88.1я73

А 37

*Басылымға ҚазМҚПУ-нің Педагогика және психология  
факультетінің ғылыми кеңесі ұсынған*

**ПІКІР ЖАЗҒАНДАР:**

**Қ.Б. Жарықбаев** — педагогика, психология ғылымдарының  
докторы, профессор

**А.Р. Ерменнтаева** — психология ғылымдарының докторы,  
профессор қызметін атқарушы

**М.Қ. Бапаева** — психология ғылымдарының кандидаты, доцент

**А. Т. Ақажанова** — психология ғылымдарының докторы,  
профессор қызметін атқарушы

**А 37 Қазіргі психология тарихының дамуы, жағдайы,  
беталысы.**— Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2012.— 126 б.

ISBN 9965-830-20-7

Магистранттарға арналған оқу құралында «Қазіргі психология тарихының дамуы, жағдайы, беталысы» курсының дәстүрлі типтік бағдарламасына сәйкес қысқаша түрде дәрістер беріліп, әдістемелік нұсқаулар ұсынылған.

Оқу құралында мынадай маңызды мәселелер қамтылған: психология тарихының мән-маңызы мен даму тарихы, заңдылықтары мен тетіктері, ұлы ойшыл-ғалымдардың еңбектері және ғылымға қосқан үлестері, ғылыми тұжырымдамалар мен қалыптасқан әлемдік мектептер. Қазақстандағы психология ғылымының дамуы мен қазіргі беталысына ерекше назар аударылған.

Оқу құралы магистранттар, жоғары оқу орындарының студенттері мен ізденушілерге және психология ғылымына қызығушылық танытушы көпшілік қауымға арналған.

УДК 159.9(075.8)

ББК 88.1я73

© А. Т. Ақажанова, 2012.

© «NURPRESS» баспасы, 2012.

ISBN 9965-830-20-7

## Алғы сөз

Бұл курс психология ғылымының қалыптасуын, дамуын және бүгінгі күнге дейінгі тарихын, ғұлама ғалымдардың ашқан жаңалықтары мен ойларын және ғылыми мектептерді қарастырады. Студенттер курс арқылы адамзаттың рухани дамуының компоненті ретінде психология ғылымының даму тарихы туралы жалпы түсінік алады. Қазіргі кезде психологияның алдында көптеген міндеттер тұр. Солардың бірі — ғасырлардың дәстүрлі этно-мәдени жүйелерінің бұзылуы, бір рухани кеңістіктегі қарама-қайшылық және адам туралы ойлардың әрқилы болып келетінін байқатады.

Өркениет дамуының әртүрлі кезеңдерінде діни, аңыз және ғылыми тұжырымдардың ұқсас мәселелері шешілуде. Адам барлық жағдайда өмірдің маңызды мәселелерін, өзінің жаны, психикасы, іс-әрекет табиғатына сүйене отырып шешкен. Бүгінгі психологияның тарихы, жағдайы, беталысы деп аталатын курс пәні — ол психика туралы ойлар арқылы, дүниені жалпы ұғынумен бірге, ең маңызды қоғамдық және тұлғалық мәселелерді шешудің тарихи логикасын ұсынады. Психиканың табиғаты жанның бүгінгі тұжырымдамасын қабылдаумен немесе жанның шын мәнінде бар екенін мойындаудан бас тартып, психиканың сипаттамасын құруға бағытталады.

**Курстың мақсаты:** магистранттарды психология тарихының өзекті мәселелері, зерттеу әдістері және әдіснамалық нысандарымен таныстыру. Психология тарихы әртүрлі дәстүрдегі, әр тараптағы халықтардың ойшылдары мен ғалымдарының үздіксіз сұхбаты ретінде көрінетінін және онда әрқайсысы психология ғылымына көптеген үлес қосқандығын көрсете білу. Психология ғылымының дамуына үлкен үлес қосқан көрнекті философтардың, ағартушылардың, ойшылдар мен ғалымдардың негізгі психологиялық бағыттары мен көзқарастары туралы деректер беру болып табылады.

### **Курстың міндеттері:**

- психологиялық ойлар мен тұжырымдар дамуының логикасын ашу;
- ғылыми психологиялық көзқарастар ретінде, сондай-ақ аңыздар мен діндегі психиканың табиғатына түсініктеме беру;

➤ Табиғатты тануда адамдардың қызығушылықтарының пайда болу себептерін, сананың ерекшелігін және философия мен психология, элеуметтік психология т.б. ғылымдардың пәнаралық тетіктерін талдап, білу;

➤ студенттерді психологиядағы категориялық ақпаратты құрудың әдіснамалық, психологиялық және тарихи негіздемесін талдай алуға үйрету;

➤ психология дамуының негізгі кезеңдері бойынша оның тарихнамасы туралы жалпы түсінік беру;

➤ психология тарихының элеуметтік, заттық-логикалық және тұлғалық психологиялық дамуының негізгі факторларының өзара әрекеті жүйелерін меңгеру;

➤ шетелдік және отандық ғылымдағы психологиялық бағыттар мен мектептердің даму логикасын түсіну;

➤ Қазақстан Республикасындағы теориялық-әдістемелік ғылымның дамуы негізінде өзінің жеке көзқарасын қалыптастыру.

#### **Реквизит алды:**

— Психология ғылымының қайнар көзі мен даму жолдарын білу.

— Психология тарихының даму кезеңдерін сипаттай алу.

— Психологиялық идеяларды, көзқарастарды, тұжырымдамаларды түсіну;

— Теориялар, тұжырымдамалар, мектептердің негізгі бағыттары мен ережелерін анықтауға және Қазақстандағы психологиялық ғылымның қазіргі дамуымен байланыс жасауға ұмтылыс.

— Психология ғылымының дамуына үлес қосқан белгілі философ-ойшылдардың, ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің ілімдерін бөліп, олардың негізгі ережелерін білу.

— Психология ғылымының шетелдер мен Қазақстан Республикасында даму заңдылықтары мен факторларын анықтау.

**Реквизит соңы.** Психология тарихы бойынша алған білімдерін: «Жалпы психология», «Дифференциалдық психология», «Қазақстандағы психология ғылымы», «Психогенетика» пәндерін өту барысында қолданады.

**Ескертпе:** оқу жоспары бойынша өткізілетін әртүрлі (лекция, тәжірибелік жұмыс, МОӨЖ, МӨЖ) сабақтарының сағат сандары өзгеріске түсуі ықтимал.

# I МОДУЛЬ

## Философия мен жаратылыстану негізіндегі психология

### I-тақырып

#### *Психология ғылымы, психологияның мән-мағынасы*

Психология тарихы — өзіндік орны бар, ерекше маңызды білім саласы. Психология тарихы психиканың табиғатын, қызметі мен генезисін түсінуде әртүрлі тәсілдерді талдау негізіндегі психикалық көзқарастардың даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейді. Сондай-ақ, психология ғылым мен мәдениеттің әртүрлі салаларымен байланысады. Пайда болған кезінен-ақ оның философияға, медицина мен жаратылыстануға ықпалы аз болған жоқ. Сол себептен де, көптеген психологтар өз еңбектерін этнография, элеуметтану, мәдениет теориясы, математика және логикамен тығыз байланыстыра қарастырды. Сондықтан да, психология тарихында оның басқа ғылымдармен байланысы, олардың бір-біріне деген ықпалы талданады.

Бүкіл психологиялық білімнің даму тарихы психологияның үш нысаны арқылы анықталатыны белгілі: *жан, сана, мінез-құлық*. Психология мәселелерінің жаңа құрылымы ХХ-шы жылдары отандық психологияда байкалып, кеңестік кезеңдерде дамыды.

Психология тарихының басты міндеттерін білімнің ерекше саласы ретінде қарастырамыз. Ғылыми ойлаудың негізгі «формациясының» ауысымында белгілі бір жүйелілік бар: әрбір «формация» қазіргі замандағы психикалық өмірдің әдеттегі көрінісін анықтайды. Осы ауысымдардың заңдылықтарымен психология тарихы зерттеледі. Осыдан барып оның:

бірінші міндеті — психика жайлы білімнің даму заңдылықтарын зерттеу;

екінші міндеті — психологияның басқа ғылымдармен өзара байланысын ашу;

үшінші міндеті — социомәдени контекст арқылы идеологиялық ықпалдың ғылыми шығармашылық білімді қабылдау мен қалыптастырудың байланысын анықтау;

төртінші міндеті — тұлғаның тарихи рөлін, оның индивидуалдық қалыптасу жолын зерттеу.

Психология сан ғасырлық тарихтан тұрады: бірінші ғылыми көріністер б.д.ғ.VI-VII ғғ. пайда болды. Психология тарихында екі үлкен кезең ерекшеленеді: бірінші — психологиялық білімнің философия қойнауында дамуы, екіншісі — психологияның дербес ғылым ретінде дами бастағаны. Олар уақыт бойынша өлшеуге келмейді: бірінші кезең (б.д.д. VI ғ.— XIX ғ. ортасы) шамамен 2,5 мың жылды қамтиды, екінші — жүз жылдан көбірек (XIX ғ. ортасынан қазіргі кезге дейін). Г.Эббингауздың айтуынша, оның өткен уақыты ұзақ, бірақ тарихы өте қысқа. Осы екі кезеңді бөлу арнайы зерттеуді талап етпейді, өйткені оның өлшемдері анық, бірақ олардың әрқайсысы жүз жылға созылады, сондықтан да, кезеңге бөлуді қажет етеді. Оны таза жазылған белгілермен жүргізуге болады — хронология бойынша: психологияның әлемдік және отандық кезеңдері деп айқындалады. Барлық кезеңдердің шарттарын ескере және осы мәселенің өңделмегеніне зейін аударатырып, психология тарихының болашақта ұсынылатын кезеңдерін тек оның мүмкін болатын нұсқаулардың бірі деп қарастыруға болады. Отандық психологиялық ойдың тарихына әлемдік ғылымның даму тарихының құрамдық бөлігі қосылған.

Психология атауы «Псюхе» — жан және «логос» — ілім деген сөздерден құрастырылған. Сонда дәл мәнісі «жан ілімі» болады. Қазақша жан туралы ілім мағынасын білдіреді.

Жан деген не? Жан бар ма, жоқ па?

Жан бар деген наным ерте заманнан бері келеді. Мұндай наным ең алғашқы тағы, жабайы адамдарда да болған. Содан бері «жан бар» деген наным барлық адам баласына тарап, өрбіген. Жанды зат туады, өседі, өрбиді, көбейеді, өз еркімен қозғалады, аяғында өледі. Жансыз затта бұл сипаттар не түгелімен жоқ, не бірсыпырасы жоқ. Жанды заттардың осындай өзгешелігін байқап, жабайы адам оларды қозғайтын бірдеме болу керек деп жорыған, ол «бірдеме» «жан» болу керек деп түсінген.

Әртүрлі халық, әр заманда «жанды» дененің әр жерінде болады деп жін таққан. Кей жұрт «жанды» бүйректе, тағы біреулер жүректе, енді біреулері қанда болады деп болжаған. Берірек заманда жан мида болуға тиіс деген ұғым туган.

«Жан бар» деуге тағы бір себеп: жанды нәрселердің өлетіндігінен көрген. «Өлі мен тірінің» арасында үлкен айырма бар. Өлгеннен соң жүрек сокпайды, қан жүрмейді, одан да айқын бір паркы: дем алмайды, қозғалмайды. Өлгеннен соң жануардың,

адамның демі бітеді. Осыдан шығар «жанды» — дем, әйтпесе, «дем алу» деп түсінетін болған. Дем бітсе не болады? Жан денеден шығып кетеді. Өлердегі ауыр күрсініп, көкірек сылқ етіп, сап бола қалу, ақырғы дем таусылу — жан шыққанның белгісі деп түсінген. Денеден шыққан соң жан қайда кетеді? Бұрынғылардың ұғуынша, жан өлмейді, өз бетімен өмір сүреді. Өлген адамның жаны аспанға ұшып кетеді. Көк әлемінде жанның тұратын жайы болады. Ол жан жаңадан жаралатын заттарға жан болып, денесіне кіреді. Адамның жаны кейде үрім-бұтағына, кейде айуандарға да жан болып кетеді. Жан туралы осы тәрізді бұлдыр ертегілер жан туралы көп, әр жұртта әр алуан. Кезінде дем алысты, іштен шығатын жылы ауаны жан деп жорыған. Сондықтан да өлген адамның жаны: ақ бұлт, ақ құс, когершін, көбелек болып кетеді деп түсінген.

Берірек заманда адам баласы «жанды» басқаша ұғына бастаған. Жан мен тән — егіз, «жан», «тәннің» көлеңкесі, елесі, сүлдесі, ауа тәрізді көзге көрінбейтін бірдемесі деген нанымға келген. Адамда екі түрлі «мен» бар: біреуі — жан, біреуі — тән. «Жан» көрінбейтін «мен», көрінбесе де көрінетін «менді» (тәнді) қозғап, жүргізіп тұратын тетігі. «Тән» — жанның қабы. Кейбір ойшылар адамның «мен» дегені «жан» дегені болу керек, «тән» (дене) «менікі» болу керек деп ұққан.

«Жанды» «тәннен» бөлек, бар нәрсе деп ұғуға адамның түс көруі де себеп болған. Ұйықтағанда адам еш нәрсені сезбейді, сөйлемейді, жарты жаны жоқ тәрізді болады. «Ұйқы мен өлі тең», — дейді жұрт мәтелі. Бірақ, адам өніндегідей нәрселерді көреді. Сонымен, ұйықтаған адамның жаны денесінен шығып, қыдырып кетеді, басқа жандармен, қала берсе, өлген адамдардың жанымен жолығып жүреді деген наным туған.

Қазіргі кезде психология ғылымын тәжірибелік жағынан қарастырсақ, өндірісте, білім беру салаларында, денсаулық сақтау жүйелерінде оның рөлі өте маңызды. Ерте заманнан бастап адам баласының назары дүниенің сырын ашып, білумен қоса, өз жан дүниесін, ақыл-ой әрекетін, құпия сырларын ашып білуге ұмтылған. Көптеген жылдар бойы түсініксіз психикалық құбылыстарды адам жүйелі түрде «жан» деп білген. Жан туралы ілімді ежелгі Шығыс елдерінде, Ежелгі Грекияда адамның тәні мен жанының сырын ашуға бағыттаған. Мысалы, б.з.д. XIII ғасырда Қытай медицинасында денені басқаратын — жүрск десе, Ежелгі Үндістан дәрігерлері жүрскті адам денесінің негізгі ағзасы дей

келе, оның әрекеті біртіндеп миға ауысады деген тұжырымдамаға келген. Конфуцийдің (551-479 б.з.д.) айтуынша, білім мен психикалық қасиеттер туа бітеді, ал адамның жақсы табиғатын қоршаған ортаның сәтсіздік жағдайлары бұзады. Конфуциға қарсы Сюнь-цзы (298-238 б.з.д.) керісінше, адам дүниеге тақалар, қайырымсыз болып келеді және оны тек қана орта түзете алады деген пікір білдірген.

Басқа ғылымдарға қарағанда, психология тарихы — бүгінгі күні айрықша орынға ие ғылымның бірі. Себебі, бұл ғылым философия мен методологияда жүйеленген білім жиынтығы. Пән ретінде психология ғылымы келесі түсініктерді қарастырады:

— психологияның негізгі ұғымдары мен категорияларының қалыптасуын (бейне, әрекет, мотивация, қарым-қатынас, тұлға т.с.с.);

— психологиялық қағидалардың даму мәселелері (детерминант, бейнелеу, даму, сана мен іс-әрекет бірлігі, ассоциация т.с.с.);

— психологиядағы негізгі сұрақтарды шешудегі ретроспективті талдау психофизикалық, психофизиологиялық, биопсихологиялық, психоэлеметтік т.с.с.);

— психикалық үрдістердің, қасиеттердің және эмоциялық күйлердің ерекшеліктері.

Осы шеңбердегі белгіленген нақты мәселелерді шешу барысында психология тарихы өзіне қатысты міндеттерді мағыналы орындауға дайындығын білдіріп отыр. Ерекше маңызды қызметтерінің бірі — идеологиялық тұрғыдағы (материализм мен идеализм); психология салаларының бір-біріне және басқа да ғылымдарға тигізетін әсері (мысалы, бихевиоризм мен фрейдизмнің ықпалы); педагогика саласындағы жетістіктер психология ғылымдарының дамуымен тікелей байланысты.

Бүгінгі күні 100-ден астам арнайы және қолданбалы психология салалары қалыптасқан. Бұл жайт психология ғылымдарының философиялық, элеметтік, табиғи және техникалық ғылымдарымен жаңаша түрде кірігуін байқатады. Негізгі зерттеу, талдау нысаны - психология болғандықтан, психология тарихы элемдік, отандық ғылыми тұжырымдамаларды, қағидаларды, ой-пікірлерді, ашылымдарды айқындап көрсетуге, олардың ерекшеліктерін байқатуға назар аударады.

Сондықтан, психология ғылымының даму кезеңдеріне, психологиялық деректерге, ғылыми тұжырымдамалар мен қағидаларға,



колданатын әдістемелік тәсілдерге, ғасырлық ой-пікірлерге, психологияның заңдылықтары мен тетіктеріне талдау жасап, дұрыс бағыт көрсете алатын бірден бір ғылым — ол психология тарихы.

Қорыта келгенде, психология тарихын міндетті түрде білу қажет. Ондағы негізгі мақсат — әртүрлі тұжырымдамалар мен қазіргі психологиядағы бағыттарды, олардың даму жолдары мен беталысын терең түрде түсіне білу үшін қажет. Осыған байланысты психология тарихының маңызы өте зор. «Тарих өте пайдалы, ол даналыққа толы»,— деген итальян философы-гуманист Лоренцо Валланың пікірі соның дәлелі.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Жан туралы түсініктің пайда болуы.
2. Жан туралы түрлі пікірлер мен тұжырымдамалар.
3. Психология тарихының орны, міндеттері, пәнаралық қатынасы.

**Әдебиеттер:** 53, 58, 60, 61, 66, 71, 72, 73, 84, 85, 89, 110, 126, 135, 136.

### **Ежелгі (Антика) философиясындағы жан туралы көзқарастардың пайда болып дамуы**

Қоршаған орта мен адам өзгерістерін түсіну үрдісі б.д. д. VI ғ. пайда болды. Осыған байланысты анимизм, тотемизм, гилозоизм, софизм, атомизм, эллинизм т.с.с. түрлі ілімдер, ұғымдар, ұстанымдар, тұжырымдамалар орын алды. Антикалық психология үш кезеңмен белгіленеді. Бірінші кезең — VII—VI б.д.д. ғасырлардан б.д.д. III ғ. Екінші классикалық кезең — Платон мен Аристотель тұжырымдамаларымен сәйкестенеді. Үшінші — эллинизм кезеңі (грек мәдениеті және ғылымы) Александр Македонскийдің (Ескендір Зұлқарнайын) жорығымен бүкіл әлемге жайылды.

Анимизм — латынның анима (жан, рух) деген сөзінен шыққан. Анимизмнің танымдық негізіне жабайы адамдардың түс көру, өлім сияқты күрделі рухани құбылыстарды өзінше түсіндіруге тырысқандығының нәтижесінде: адамдарда оның денесінен басқа «жан», «рух», «аруак» деген ұғымдар бар екендігі пайымдалған. Жалпы алғанда, мифология да, тотемизм де, анимизм де кейінірек пайда болған діни дүниетанымның алғашқы шарттары сияқты және оның танымдық негізін құрайды. Қазақтардың ұғымында алғашқы қауымдық сананың «жан» туралы сенім-нанымдардың озық үлгілерімен үндесіп жататын, сонымен қатар, кейбір сонылығымен ерекшеленетін анимистік көзқарастардың жұрнақтары сақталған.

Егер орыс халқында «жан» («душа») демек, тыныс алумен (дыхание) байланыстырылса, қазақтардың ұғымында адам өлгенде денесінен ұшып кететін шыбын тәріздес, бірақ бейзаттық рухани құбылыс ретінде байқалған. Сонымен қатар, «тән рухы» деген де ұғым бар. Ол адам ұйқыға кеткенде, денесінен бөлініп шығып, уақытша болса да, дербес тіршілік етуі мүмкін. Осыдан келіп, түс көру құбылысын түсіндіруге талпыну орын алады. Тағы да ескеретін бір жәйт, қазақтар өмірдің бұл жағын «жалған» деген. Бірақ та бұл ұғым қазақтар арасына кейіннен сіңген «о дүние» туралы діни дүниетанымға байланысты қалыптасқан деп ойлаймыз. Ал өлген адамдардың рухтары мәңгі өмір сүреді-міс деген сенім қазақтар арасында ислам дінінен анағұрлым бұрын қалыптасқан. Жаман мінез-құлықты адамдарды аруак атады, «өлі риза болмай,

тірі байымайды» деген ұғымдар жоғарыдағы айтылған жәйттермен тығыз байланысты екенін көреміз.

Анимистік көзқарастың тұрмыстық салт-санаға, жөн жоралғыларға етене енгені белгілі. Тіпті қазақ баласын «жаным» деп жақсы көрсе, ол да анимистік дүние пайымдаудың әсері демекпіз.

**Гилозоизм** (грек тілінен *hale* және *zol* — зат және өмір) — материяның әмбебап тіршілігі туралы философиялық ілім. Бұл ілім бойынша түйсіну мен ойлау қабілеті материяның барлық формаларына тенелгені. Шындығында, түйсік жоғары дамыған органикалық материяға ғана тән қасиеттерге ие. Анимизмнің орнына келген «гилозоизм» ілімі — бүкіл әлем рухқа толы деп санаған. Бұл ілім бойынша табиғат — ол мазмұнды біртұтас өмір. Мыс., Гераклит (VI ғ. аяғы — б.д.V ғғ. басы) ғарышты — «мәңгілік тірі от», ал «жан» (психея) оның ұшқыны деп елестеткен. Философ жанды табиғаттың жалпы заңдылықтарына бағынышты деп, ол ғарыш іспеттес «логос» заңдылығымен дамиды деп ойлаған. Гераклиттің материализмі мен диалектикалық ойлары оның атағын бүкіл Грекияға жайды. Милет мектебінің материалистері сияқты Гераклит те жаратылыстанумен айналысты. Бірақ, ол дүниенің түп негізін жалын-оттан іздеді. Табиғат құбылыстары оттан жаратылған, кезі келгенде олардың бәрі отқа айналады. Гераклит заманында ақша айналымы іске қосылған еді. Отты сипаттау үшін Гераклит барлық тауарлардың алтынға айырбасталатыны сияқты, барлығы отқа айырбасталады, дейді. Сананы Гераклит психея (рух) деп атады. Оның пікірінше рух — материалдық сипатта болады және ол оттың ауыспалы жүйелерінің бірі. Одан әрі Гераклит таным теориясын дамытуға талпынады. Танымның мақсаты — табиғатты зерттеп, сырын ашу. Танымдық үрдісте шешуші рөл атқаратындар — сезім мен ақыл-ой. Оның ілімі айқын түрінде бір өзенге екі рет түсуге, шомылуға болмайды деген тұжырымынан көрінеді. «Барлығы да өзгереді, барлығы да лапылдап жанады да өшеді, өмір дегеніміз — мәңгі ағын, тірі өледі, жас қартаяды» т.с.с.

**Софиcтер** біздің дәуірімізге дейін V ғасырда Ежелгі Грекияда құл-иеленушілік демократия логика, риторика, психология, философияның жедел қарқынмен дамуына жол ашты. Соттарда, халық жиналыстарында әдемі сөйлеп, халықты, мүмкін болса өз қарсыластарының да айтқанына сендіріп, өз жағына тарта білу өнері алдыңғы қатарға шығады. Осыған байланысты риторика

(әдсімі сөйлеу) өнерінде ақы алып үйрететін ұстаздар пайда болады. Оларды софистер деп атады. Олардың басты қағидасы — әркімнің өз ақиқаты бар. Жақсылық пен жамандықтың нысаналы мөлшері жоқ. Кімге не пайдалы болса — сол жақсылық, игілік. Софистерге қарсылық білдірген Сократ болды.

**Догматизм** (грек тілінен *dogma* — пікір, ілім, шешім) — тұрақты ұғымдарға, тәжірибе мен ғылымның жаңа деректеріне орын мен уақыттың нақты жағдайлары ескерілмейтін формаларға сүйенетін, яғни шығармашылық даму мен ақиқаттың нақты қағидасын елемейтін ойлау әдісі. Догматизмнің пайда болуы діни түсініктердің, діни догматтардың өзгермейтін, сынауға болмайтын және барлық діндарлар үшін міндетті ақиқаттар деп көрсететін наным, талаптарының дамуымен байланысты. Саясатта догматизм сектанттыққа, шығармашылық марксизмнен бас тартуға, субъективизмге, тәжірибеден кол үзуге апарып соғады.

**Демокрит (б.д. 460—370 жж.)** адам және оны қоршаған табиғат көзге көрінбейтін бөлшектерден, басқаша айтқанда, атомдардан тұрады деп есептеген.

Демокриттің шығармалары біздің заманға дейін фрагменттер түрінде сақталып, бүгінгі ұрпаққа жеткен кең ауқымды, ғылымның барлық салаларын қамтыған десек те болады. Әсіресе оның философиядан, логикадан, психологиядан, этикадан, саясаттан, педагогикадан, көркемөнерден, тіл білімінен, математикадан, физикадан жазған шығармалары өз заманында озық үлгілі сипатта болды. Демокрит өз тарапынан бұрыннан қалыптасқан категорияларға жаңаша сипат берді, әрі ғылым жүйесіне, сондай-ақ тың 123 категориялар енгізді. Олар — ғарыш, атом, түр (форма), идея, болмыс, шындық, болмыстан тыс, бос кеңістік, қозғалыс, уақыт т.с.с. Осылардың ішіндегі «шындық» категориясының маңызы ерекше. Оны алғаш рет қолданған Демокрит еді. Бұл категория арқылы ол заттар мен құбылыстардың қасиеттерін «шын мәнісінде» қандай екендігі және оны индивид қалай қабылдайтынын саралау керек деген. Мысалы: тәтті, ащы, қызыл, жасыл түстер тек адамның (жұрттың) пікірінде ғана орын алады. Шын мәнісінде олай емес, әлемде тек атомдар мен бос кеңістік қана, олар тәтті де, ащы да емес, қызыл да жасыл да емес, ол жұрттың пікіріндегі соңғы айтылған қасиеттер — адамның сезім мүшелерінің ерекше күйлеріне сәйкес және оларға әсер ететін атомдардың түріне, орналасу тәртібіне байланысты туатын түйсіктер деп атап көрсеткен.

Демек, атомистердің таным теориясының негізі түйсіктер болып табылады. Демокрит танымды негізінен екі сатыға бөлген: *төменгі және жоғарғы* деп. Төменгі сатысына — түйсіктерге негізделген сезімдік таным жатады. Демокрит танымның аталмыш сатысын күңгірт, комескі таным деп атаған. Ол ақиқатты тану жолында еш пайда келтірмейді, бірақ адамға ақпарат беріп отыру қызметін атқарады. Көмескі, күңгірт танымға: көру, есту, сезу (иіс), дәм сезу сияқты түйсіктер жатады. Олардың танымдық ауқымы өте тар, ақиқатты танудағы мүмкіндігі өте мүшкіл, сондықтан да ақиқаттық таным ақыл-ой араласқан тұста ғана өз дәрежесіне көтеріле алмақ. Міне, Демокриттің бұл сараптамасы әлі күнге дейін өз құнын жойған жоқ.

**Гиппократ (б.д. 460—377 жж.)** Гиппократ мектебі бізге «Гиппократтың шығармасы» деген атпен белгілі, ол өмірді өзгермелі үрдіс деп қарастырды. Оның түсіндіру қағидаларының бірі — ауаны сырттан ақыл әкелетін, әлемнің ағзамен үздіксіз байланыста болатын күш ретінде қарастыруы, ал мида ол психикалық қызметтерді орындайды. Органикалық өмірдің негізі ретінде біркелкі материалдық бастау жоққа шығарылды. Егер адамдар бірдей болса, онда олар ешқашан ауырмас еді, егер ауырса, онда жазылу тәсілі де бірдей болу керек еді. Бірақ бұлай ешқашан болмайды. Көптеген заттардың негізінде жатқан бірдей құбылыс жайлы оқытуды Гиппократ төрт сұйықтық жайлы оқытумен алмастырды (қан, шырын, көк өт және қара өт). Осыдан алдағы айтылатын төрт темперамент қайсысы қандай сұйықтан тұратыны арқылы ажырытылды: сангвиник (қанды иемденгенде), флегматик (шырын), холерик (сары өт), меланхолик (қара өт). Болашақ ғылыми психология үшін осы түсіндірмелі қағида өте маңызды орын алды. Бірінішіден, адамдар арасындағы сансыз айырмашылықты мінез-құлықтың бірнеше белгілері бойынша топтастыруға болатын алдыңғы жоспарға болжам жасалды; сонымен қатар адамдар арасындағы даралық айырмашылық жайлы қазіргі оқытудың негізінде жатқан, ғылыми типологияның бастауы салынды. Екіншіден, айырмашылықтың себебін Гиппократ ағзаның ішінен іздеді. Ал жүйке жүйесі жайлы ілімді ол өз заманында білмеді, сондықтан да қазіргі тілмен айтатын болсақ типология гуморалды болды (латын тілінен аударғанда «гумор» — сұйықтық).

**Анаксагор (б.д. 500—428 жж.)** Гераклиттің әлем жалын оттан тұрады деген көзқарасын мойындамады. Ол табиғатты көптеген

ұсақ бөлшектерден құралады дей келе, одан бастау іздеді, яғни хаостан, ретсіз жинақтар мен осы бөлшектердің қозғалысынан ұйымдастырылған ғарыш пайда болады деген пікірге келді. Мұндай бастауды Анаксагор «нус» (ақыл) деп аталатын, «өте нәзік зат» деп мойындады. Оның айтуынша, адамның қолы болғандықтан, ол жануарлардың ішіндегі ең ақылдысы. Яғни, адамның артықшылығын ақыл анықтамайды деген де шықты, бірақ оның денелік құрылымы ақылдың жоғарғы психикалық сапаларын анықтайды. Гераклит, Демокрит және Анаксагордың қағидалары ғылыми әлемді қалыптастырудың басы болып, өмірлік жүйенің болашағына ықпалын тигізді. Екі жарым мың жыл бұрын Көне Грекияда ашылған түсіндірмелі қағидалар барлық уақыттың рухани көрінісін танудың негізі болды.

Платон (б.д.д. 427—347 ж.ж.) Сократтан дәріс алып, оның ілімін әрі қарай жалғастырушы философтың бірі. 20 жасында Афинада Гекадем атындағы гимназияда ұстаздық етеді. Платоның пікірінше, шын болмыс ол ақылмен ғана білуге болатын денесіз идеялар әлемі. Әр идея өз алдына мәңгі және өзгермейді, ол өз-өзіне тән. Идеялардың саны көп, бірақ шексіз емес. Әлемде қанша біртектес, бір-біріне ұқсас заттар, құбылыстар, үрдістер, қатынастар т.б. көп болса, соншалықты идеялар орын алады. Идеялар бір-бірімен тек қана қарым-қатынаста емес, сонымен бірге, бір-біріне бағынышты немесе бірнеше түрлі идеялар бір ортақ идеяға бағынышты қатынастарда болады. Идеяларға Платон материя мен кеңістікке барабар етілген болмыстарды қарсы қойды. Платонша сезімдік дүние, «идеялар» мен «материяның» туындысы, олардың арасының екі ортасында тұрады.

«Идеялар мәңгілік», «Аспаниан да биік» және олар пайда болмайды, өлмейді, салыстырмалы емес, кеңістік пен уақытқа тәуелді емес. Сезімдік заттар өзгермелі, салыстырмалы, кеңістік пен уақытқа тәуелді келеді. Платон «дүниежүзілік» космологиялық психологиясында — жанның біздің денеміздің қараңғы қапасында екендігі туралы, жаңаша оның түрленуі мен өлім мәселесіне баса назар аударды. Шын ақиқат «түрлерді» ғана анық тануға болады. Сезімдік заттар мен құбылыстар туралы білім емес, тек ықтимал «пікір» ғана болуы мүмкін. «Идеялар» мен сезімдік заттардың арасына Платон пайымдық танымға түсінікті математикалық нысандарды қояды. Таным әдісі — «диалектика». Платон «диалектика» деп екі жолды көрсетті, олар — ұғымдарды қортындылау

сатысымен жоғары тектеріне дейін өрлеу және ең жалпы ұғымдардан барған сайын жалпылығы кеми түсетін ұғымдарға қарай құлдырау. Сонымен, Платонның пікірінше, таным дегеніміз — жанның жерге жеткенге дейін өткен өмірін еске түсіру болып табылады.

**Аристотель** (б.д.д. 384—322 ж.) Грецияның әйгілі ұлы ғұламаларының бірі. Оның «Жан туралы» трактаты ең алғашқы психологиялық монография болып саналады. Аристотель ең алдымен Платонның жан туралы құбылысын қарастырды. Оның көзқарасынша, жан мен тән бір-бірінен бөлінбейді. Осы құбылысты анықтай отырып, Аристотель былай деді: «Егер біз жанның қайнар көзін тапқымыз келсе, онда ол көру сияқты болар еді, яғни жан оның пайда болу мақсатын көрсететін, қазіргі пәннің маңызы ретінде белгіленер еді. Жансыз материя таза потенция, ол ештеңе емес еріген металл сияқты. Егер оны қылыш немесе пышақ сияқты құйса, онда оны бірден анықтауға мүмкіндік туындар еді». Сондықтан да, жан шынында да, тәнсіз өмір сүре алмайды, өйткені ол әрқашанда бірдененің формасы. Дегенмен, Аристотельдің тұжырымдамасы — тек грек психологиясындағы болмыстық қана емес, ол күрделі және қарама-қайшы болып келеді. Бірінші қарама-қайшылық жанның қызметі мен қабілетінен пайда болады. Ол жанның үш түрден тұратынын көрсетті: *өсімдіктік, жануарлық, ақылдық*. Сонымен, өсімдіктік жан — қоректену мен көбеюге қабілетті. Жануарлық жан одан басқа төрт қызметтен тұрады — талпыныстан (сезімнен), қозғалыстан, түйсіну мен есте сақтаудан. Ал ақылдық жан — ол тек адамда ғана бар, сонымен қатар ол ойлауға деген қабілеттілікті де иемденеді. Жанның әрбір жоғарғы формасы соған тән болған, қызметтерді меңгере отырып, алдыңғылардан түзіледі. Сондықтан да, егер өсімдіктік жан, екі функция атқарса, онда жануарлықта — алты, ал ақылдықта — жеті. Осыдан барып психологияда тұңғыш генезис идеясы пайда болды. Бұл психиканың өмірдегі бір түрінен екінші түрге — өсімдіктен жануарлыққа, содан барып адамға дейінгі өтудегі даму.

Қорыта келгенде, Аристотельдің теориясы өте өзекті және кең ауқымды мәселелерді қамтыған.

**Эллинизм.** Александр патшаның тәсілінен кейін (IV ғ.б.д.д.) өте ірі, көне монархия пайда болды. Оның кейінгі ыдырауы тарихтың көне әлемінде жаңа кезең ашты — ол эллинистикалық. Оған Грекия мен Шығыс елдерінің мәдени элементтерінің синтезі тән. Тұлғаның

коғамдағы жағдайы түп — төркінімен өзгерді. Тәуелсіздікке ие болған грек туған елімен, қалыпты әлеуметтік ортамен байланысын жойып алды. Ол барлық қаталдықпен өзгермелі әлемдегі өзінің өмір сүру тұрақсыздығын сезінді. Бұрынғы кезеңнің ұлы зияттылық жетістіктеріне, ақылдың құдіретіне сену күдік туғызды. Осыдан барып, олардың тәуелсіздігіне, дәлелденбегеніне байланысты, айналадағы әлемге қатысты пікірден мүлде бас тартуды талап ететін скептицизмдік философия пайда болады. Мұндай зияттылық бағыт — этикалық мотивацияның әсері еді. Яғни, ақиқатты іздеуден бас тарту, атаракциялық (грек тілінен аударғанда — толқудың жоқ болуы) жағдайды иемдену мен рухани тыныштықты иемденуге де мүмкіндік береді деп болжанды.

Эллиндік дәуір гректердің саяси өмірімен қатар рухани әлемінде ұлы өзгерістерге алып келген Александр Македонский жорықтарынан (б.з.д. 334-323) басталады. «Эллинизм» аталымы гректердің «hellenizo» деген сөзінен шыққан және «грекше сөйлеу», «грекше жасау» деген ұғымды білдіреді. Эллиндену, А.С.Богомоловтың айтуынша, орасан зор аймақты мекендеген мәдениеті жоғары дамыған халықтардың эллиндік мәдениетін қабылдай отырып, грек және әртүрлі жабайы халықтар мәдениеттері өзара байланысып, синтезделуі нәтижесінде өзіндік өркениетті қалыптастыруы болып табылады. Эллиндік монархиялар жағдайындағы жаңа өмір тәртібі бұрынғы «құндылықтарды» қажет етпеді, мемлекет пен адам арасындағы ескі байланыс бұзылды. Эллиндік адам енді «азамат» емес, орасан зор империяның арасына сіңіп кеткен «бағыныштылар» еді. Гректің озық мәдениетінің эллинизмге өзгеруі — тереңдік пен тазалықтың жоғалуына әкелгенімен, шығыс мәдениетімен синтезделу нәтижесінде оның қарқынды дамуына жол ашты. Жаңа мәдени орталықтар пайда болды: Пергам, Родос, Александрия, олардың даңқы белгілі дәрежеде Афинадан асып түсті. Эллинизмнің жарқын беттерінің бірі — Эпикур шығармашылығы мен б.з.д. IV ғасырдың соңында ол негізін қалаған «Бақ» мектебі өкілдерінің философиясы болды. Оның ілімінде каноника да (ақиқаттың өлшемі және таным ережелері туралы ілім), физика да (болмыстың құрылымы туралы ілім) бар, алайда олар этиканың қызметі арқылы ғана жүзеге асады. Яғни бұл — адамның мақсаты туралы ілім, бақыт және оған жетудің тәсілдеріне негізделеді. Эпикур бойынша, ғалам табиғатын білмей, өмір мен өлім, тағдыр және т.б. алдындағы адам жанында болатын қорқы-



нышты жеңу мүмкін емес. Ал, онсыз бақытқа жету арман боп қала береді. Эпикурдың айтуынша, бақыт — бұл еш нәрсемен бүркемеленбеген ләззат, ол «денеге тән қасіреттің жоқтығынан» немесе жанның тебіреніссіз калпынан көрінеді. Сондықтан, Эпикур үшін нағыз идеал тәжірибелік даналық болып табылады, яғни моральдық өмірді басқаруға жағдай жасайтын ақыл-ой.

Азаматтың орнына тарихи аренаға адамға тән тек достықты ғана қадірлейтін индивид келді. Эпикур тағдыр мен фатализмге қарсы шыға отырып, өз замандастарына бақытқа жетудің жаңа жолын көрсетті: бақыт іштен туындайды және ол тек біздің қолымызда, ал қалған нәрсенің бәрі іш пыстыратын бос дүние.

Александрияда жекелеген ғылымдардың гүлденуі ерекше көзге түседі. Кітапхананың жұмысымен байланысты философияның қалыптасуы, математиканың (Евклид), механиканың (Архимед) дамуы, астрономияда гелиоцентристік төңкеріс жасауға талпыныс (Аристарх), эллиндік медицинаның жеткен шыңдары, анатомиядағы табыстар, географияның жүйеленуі (Эратосфен), сипаттамалы жаратылыстанудың, тарихтың, бейнелеу өнерінің, техниканың дамуы. Мұның бәрі — көлемі жағынан да, сапасы жағынан да өзгеше, жаңа феноменнің өмірге келгендігін дәлелдейді.

### Бақылау сұрақтары:

1. Анимизм. Гилозоизм. Догматизм.
2. Эллинизм туралы түсінік.
3. Анаксагор ілімінің маңыздылығы.
4. Аристотельдің «Жан» туралы трактаты.

Әдебиеттер: 8, 53, 60, 85, 86, 87, 90, 119, 135, 136.

633.264

С.Торайғыров  
атындағы ПМУ-дің  
академик С.Бейсембаев  
атындағы ғылыми

КІТАПХАНАСЫ

### 3-тақырып

#### *Ежелгі Шығыстағы және Орта ғасыр философиясындағы жан туралы психологиялық пікірлер*

Араб тілдес психология VIII—XII ғғ. аралығында бас көтерді. VII-ғасырда араб руларының бірігуі басталды, осының нәтижесінде мемлекетке айналды. Бұл мемлекет Ислами келбетте болды. Сол кездерде жаулап алу қозғалысы басталды. Бұл қозғалыс Халифаттың құрылуымен аяқталды. Мемлекеттің шекарасында әртүрлі елдер өзінің ежелгі мәдениетін қолданып жатты. Ал осы уақыт аралығында Батыс Еуропа жеке-жеке феодалдық топқа бөлінді. Платон мен Аристотель және т.б. ойшылдардың еңбектері мен шығармалары араб тіліне аударылып, араб мемлекеттеріне тарала бастады. Бұның барлығы — физика-математикалық және медициналық ғылымдардың дамып, өсуіне көп әсерін тигізді. Араб ғалымдары өздеріне дейінгі ғалымдардың жеткен жетістіктеріне үлес қосып, оның дамуын арттыра түсті. Олардың еңбектері философиялық және психологиялық ойлары батыс елдерінде жайылуына ықпал етті.

X—XI ғғ. Араб философиясы мен психологиясының жоғары беделіне ие болған Бухарадан шыққан сарай дәрігері, энциклопедист-ойшыл, ірі ғалым Әбу Али-ибн Сина (**Авиценна, 980—1037 жж.**) болды. Авиценнаның философиялық-психологиялық көзқарастары баяндалған «Спасение» (Құтқару) және «Канон медицинасы» (Медицина канондары) атты негізгі еңбектері өзінің мазмұны жағынан энциклопедия болып есептелінеді. Авиценна — ең алдымен табиғи сыншыл, әлем танудың тәжірибелі жақтаушысы. Ғалымның жаратылысты зерттеудегі бағыты философиялық-психологиялық көзқарасқа ие болды. Авиценна өзінің философиялық түсінігін Аристотель ілімімен байланыстыруға тырысты. Аристотельдің материя мен пішінге байланысты түсінігін Авиценна психологиялық көзқарастарының алғашқы кағидалары ретінде қарастырды. Ғалымның пайымдауынша, жан — дененің пішіні, алғашқысыз соңғысы жойылады. Адамның жаны үш түрлі қабілеттіліктер арқылы тіршілік етеді және байқалады: олар — *өсімтал, жануартектес және ақылдылар*. Өсімтал қабілеттілік-

коректенуге және көбейуге қатысты. Жануартектес қабілеттіліктер — сезінуде, қабылдауда, аффектілерде, оятуда және кимылда байқалады. Ақылды қабілеттіліктер — түсінік, елестету, ес, сезімтал, ақыл-парасат және адамның бүтіндей іс-әрекетін қамтиды. Барлық аталған қасиеттер жан әрекетінің бірлігіндегі әртүрлі бір-бірімен тығыз байланыста болады, сонымен қатар, жоғары деңгей төменгі деңгейді өзіне қосады.

Авиценна әл-Фарабидің кейбір идеяларын шығармашылық тұрғыда одан әрі жалғастырды: эманация идеясы, ақыл-ой туралы идея және т.б. Авиценна надандыққа қарсы шығып, ақыл-ой үстемдігі үшін күрескен жан-жақты ғалым адам еді. Галеннен кейін психофизиология жайлы ілімді жалғастырды. Ұлы жаратылыс зерттеуші ғалым Авиценна табиғаттың санадан тысқарлығын, яғни объективтілігін мойындайды. Ол орта ғасырдағы негізгі мәселе — номинализм мен реализм арасындағы талас мәселесін шешуге әрекет жасай келіп, жалпылық — ол абстракция, әлем жеке заттардан тұрады деп есептеді. Авиценна метафизикасындағы негізгі мәселе — эманация теориясы. Бұл теория бойынша, дүниені құдай жаратқан жоқ, ол одан табиғи жолмен, эманация жолымен, яғни тікелей емес, бірқатар оны тудыратын «ақыл-ой» арқылы пайда болған. Ғалымның пайымдауынша, егер жаратушы құдай мәңгі болса, дүние де мәңгі, өйткені оның көзі — мәңгі материя. Себеп пен салдар әрдайым өзара байланысты: егер себеп бар болса, онда салдар да болады деп есептеді.

Авиценна әртүрлі жастағы адамдар ағзасындағы физикалық даму мен психологиялық ерекшелік арасындағы байланысқа тәжірибелер жүргізіп, тәрбиелік факторларға көп мән берді. Ол тек қана тәрбие арқылы адамның ағзалық «құрылымына» психологиялық әсер бере аламыз деп есептеді.

Авиценна идеясының Аристотель көзқарасымен көп ұқсастығы бар, әйтсе де, араб дәрігерінің философиялық-психологиялық көзқарасының жүйесі ежелгі философтың іліміне тура еліктеушілік деп санауға болмайды. Аристотель идеясын дәрігер-ғалым медицина саласы мен басқа да тәжірибелік ғылымдардағы өзінің жетістіктерін есепке ала отырып түсіндірді. Авиценнаның психологиялық қызметтерді оқшалау мәселесінің Аристотель іліміне сай келмеуі соған дәлел бола алады. Бұл бағытта Авиценна көбірек Гален пайымдауына жақындайды. Мысалы, Аристотель жаңды жүрек аумағымен шектеді, ал бастағы миды қанды суытатын қойма

ретінде қарастырды. Авиценна Гален тәрізді өсімталдық қабілетті бауырға жақындатты, оның қозғалысын көк тамырдағы қанмен байланыстырды. Психикалық үрдістер (түйсіну, қабылдау, зейін, елестету және ақыл-ес) бастың ми аумағына жиналып шоғырланады. Олардың материялық тасымалы бу тәрізді элемент болды, олар соның нәтижесінде тазаланатын және буланатын артерия қанынан құралды.

**Ибн Рошд** (Авверозс, 1126—1198 жж.) әрбір жеке жандардың өз ерекшеліктері бар деген. Жаман мінез-құлықты адамдарды аруақ атады, «өлі риза болмай, тірі байымайды»,— деген ұғымдар Ибн Рошдтің жәйттерімен тығыз байланысты екенін көреміз. Философ, әрі дәрігер Ибн Рошдтың адам және оның жан дүниесі жайлы ілімі Батыс Еуропалық елдердің философиясына психологиялық мәдениетіне үлкен әсерін тигізді. Авверозс дара жан мәңгі жасай алмайды деп есептеді. Ол жан мен сана бір бүтін деген тұжырымды ұстанды. Жан сөзінің астары ағзадан бөлінбейтін қызмет деп түсіндірді. Мысалы, сезім, жан, сана және тән бір-біріне жұмыс атқармайды. Адам баласы өлгенде жан мен сана да мәңгі жоғалады.

Ибн Рошдтің тұжырымдауынша, тән мен жан өмір сүруін тоқтатса, санадан қалған «іздер» бір сәтке ғана өмір сүреді. Бұл жағдай адамзаттың бәріне тән дейді. Авверозстың ерекшелік жағының бірі — Аристотельдің шығармаларын сирия тілінен аударып, оларға терең түрде түсінік бере алды.

**Әбу Насыр әл-Фараби** (870—950 жж.) өмір сүрген кезеңі Шығыс әлеміндегі бүкіл араб халифатында ғылым мен білімнің дәуірлеп тұрған кезі еді. Ұлы ғұламаның балалық, жігіттік шақтары қазақ даласы, әсіресе оның оңтүстік өлкесі сол кездегі үлкен мәдени орталықтардың бірі болатын. IX—X ғасырлар аралығында Отырар қаласы (бұрынғы Фараб) Таяу және Орта Шығысқа баратын үлкен сауда жолында (Жібек жолының бойы) орналасқан. Өнер, білімнің, мәдениеттің өркендеп өскен жері, көптеген ғұлама ғалымдар шыққан үлкен шаһар — Фараби осындай өркениетті ортада өсіп, атағы әлемге жайылған.

VIII—XII ғасырларда философиялық басты идеялар араб тілінде сойлейтін халықтардың еншісіне тиген еді. Осы кездері Платон мен Аристотельдің, Гален мен Архимедтің еңбектері Орта Азиядан Үндістанға, одан сонау Испаниядағы Пириней түбегіне дейін араб тіліне сан рет аударылып, көшіріліп, түсіндіріліп жатты. Бұл жәйт Орта және Таяу Шығыс елдерінде физика, математика, медицина,

химия, астрономия т.б. жаратылыстану ғылымдарының дамуына философия мен мәдениетке зор әсер етті. Ғалым өз зерттеулерінде табиғат сырларының заңдылықтарын ашуға талаптанды, ол Платоннан гөрі Аристотель іліміне ден қойып, оны әрмен қарай дамыта түсті. Ортағасырлық Шығыс философиясында үш бағыт орын алды: 1-ші — *ортодокстік* (ислам), 2-ші — *неоплатондық* ағым (суфизм), үшінші — *перипатетизм* немесе *аристотелизм*. Үшінші ағымның көрнекті өкілдерінің бірі — әл-Фараби болды. Ол Аристотельдің пантеистік пікірлерін қайта қарастырып, мұның негізінде «натуралистік пантеизм» деп аталатын ілім жасады. Ұлы ғұлама («Алла тағаланың ақыл-парасаты тұжырымдамасы») өзінің философиялық пайымдауларын негізінен идеалистік сарында өрбіткенімен, оның еңбектерінде прогрессивтік, материалистік идеялар баршылық. Мыс., ол дүниенің мәңгілігін мойындап, табиғат құбылыстарын детерминистік (себептілік) қағида бойынша түсіндірді, жанның мәңгі бақи жасалмайтындығын, өліп-өшіп отыратындығын мойындады. Кезінде оның болжам жасап, пікір айтпаған ғылым-білім саласы кемде-кем. Мыс., психология саласында 7 еңбек: «Жанның мәні туралы», «Түс көру туралы сөз», «Жан туралы», «Ақыл және ұғым», «Жасөспірімнің ақылы жайлы кітап», «Ересектердің ақылы туралы кітап», «Темперамент туралы». Бірақ, бұл еңбектер біздің заманымызға жетпеген. Жандүниесі туралы толғаныс-тебіреністерін біз басқа туындыларынан аламыз: «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактат», «Азаматтық саясат», «Бақыт жолына сілтеу», «Даналық таңба тастар», «Мәселелердің мәні» т.б.

Психология үшін іргелі мәселе «жан» мен «тәннің» арақатынасы. Платонға қарсы дау айтып: «Жан мен тән бірге дамиды, жанның дамуы үшін тәннің саулығы қажет; шыққан жан еш уақытта қайтып келмейді, көшіп жүрмейді, бірақ көңілі мен рухы кіршіксіз таза, көзі ашық оқыған адамның жаны мәңгі бақи өмір сүреді де, надан, залым адамның жаны өшіп кетіп отырады»,— деген.

Фараби жан қуаттарының табиғатын (психикалық құбылыстар) былайша түсіндірген: тәннің де, жанның да иесі — жүрек, тәннің басқа мүшелері сияқты ми да жүрекке бағынышты. Жүрек — тіршілік тірегі, ол қан айналысы мен қимыл-қозғалыстың орталығы. Аристотельдің ықпалында бола келе (өсімдіктерде, жануарларда, адамдарда) 3 түрлі жан бар деп тұжырым жасаған. Фараби жанның адам мен жануарларда болатын түріне ерекше мән берді.

Ұлы ойшылдың еңбектерінде бала психикасының дамып, жетілетіндігі, жасы өскен сайын оның ақылы тәнімен бірге өсіп отыратыны; ана құрсығында-ақ тән түйсігі заттың түсін, ішкінін түйсіне алу қабілеті қалыптасатыны айтылады. Дүниеге адам ақылды, не ақылсыз, зұлым, не ақ ниетті болып келмейді. Мұнын бәрі де жүре пайда болады. Әр топтағы адамдардың психологиялық өзгешеліктері туралы айта келіп, Фараби былайша түйіндейді: адам — өз өмірінің кожасы, сондықтан да ол өз бақытын өзі жасауы тиіс.

Фарабидің психологиялық тұрғыда маңызды көңіл бөлген мәселелерінің бірі — музыка жайлы толғаныстары. «Музыканың үлкен кітабында» ғалым былай дейді: «Бұл ғылымның (музыка, ән) өзінің байсалдығынан айырылған адамды түзеуге, қызба адамды бірқалыпты ұстауға құдіреті әбден жетеді». Музыканың негізгі мақсаты — адамның эстетикалық қажеттілігін қанағаттандыру (поэзия сияқты). Фараби түсінігінде: ғылым, өнер, музыка атаулының бәрі — зор дарын мен арнаулы қабілеттің, өлшеусіз еңбек студің жемісі. Дарындылық, ақыл-парасат, қиял қиюласа келіп отырса ғана нағыз өнер туындайды, ол адамды ақиқатқа жетелейді.

Әл-Фараби медицина саласында да өз мәнін күні бүгінге дейін жоймаған еңбектер жазды: «Адамның дене мүшелері хақында», «Аристотель мен Галенге қарсы айтылған дау хақында», «Түс көру туралы сөз» т.б. трактаттарда медициналық психологияның біраз мәселелері сөз болған.

Ғұлама ғалым жаратылыстану ғылымдарының ішіндегі ең сүбелілерінің бірі — медицинаны адамның өмір сүру, тіршілік қажеттеріне жақындата түсуді ойластырған. Сондықтан да оны Шығыс әлеміндегі медициналық психологияның іргетасын алғаш қалаған әмбебап ғалым деп айтуымызға болады.

## **Орта ғасыр философиясындағы жан туралы психологиялық пікірлер**

Орта ғасырдың шіркеу философтары жан түсінігіне келесі анықтама береді. «Жан — тірі, қарапайым, тәнсіз, саналы-сөздік, дене арқылы әрекетті өмір, өсіп — өну, сезім және туу күшін береді... Көз денеде болса, ақыл жанда болады». Осы анықтамала жан қызметі ғана көрсетіліп қоймаған, оның денеге деген қатынасы да айтылған.

**Схоластика** — (грек тілінен *scholasticos* — мектептік) — ортағасырлық «мектептік философия», оның өкілдері схоластар христиандық дін ілімін рационалды түрде негіздеуге және жүйелеуге ұмтылды. Орта ғасырлық схоластикада әмбебап төңірегіндегі дау-дамайлар зор орын алды. Өз тарихында схоластиктер бағыттары бірнеше кезеңге бөлінеді, алғашқы кезең Схоласында (IX—XIII ғғ.) неоплатонизмнің ықпалы басым болды (И.С. Эриугена, Гильом, Ансельм Кантерберийский). Жан дене бөлшектерінен жойылады деген көзқарастар адамның зияткерлік (интеллектуалдық) қабілетінің теңдігі жайлы пікір тудырды. Ғарыштық ақиқаттың апологиясы адамның өмірлік жетістігіне айнала бастады деген пікір схоластикаға сүйенеді.

XIV ғғ. — XV ғғ. кезеңіндегі «озық» схоластикада «христиандық аристотелизм» үстемдік етті (Ұлы Альберт, Фома Аквинский). Кейіннен (XV—XVI ғғ. католиктік исп. Иезуисті Ф.Суарест) неосхоластар арасындағы дау-дамай өрби келе, католик шіркеуінің реформасына қарсы күреске ұласты. Бұл идеялық күресті, кейбір авторлар, схоластикалық философияның гүлденуі деп сипаттайды. Содан кейінгі ғасырларда схоластиканың күні өтіп, ол жаңа заманның алдыңғы қатарлы философтардың ілімдері ықпалымен ыдырай бастады (Декарт, Гоббс, Локк, Кант т.б.). XIX ғасырда схоластика қайта жанданып, католиктік және протестанттық философияның әртүрлі мектептерінің басын біріктіре бастады.

Фома Аквинский (1225—1274 жж.) Аристотель қағидасына сүйенеді. Аристотельдің табиғи-ғылыми көзқарастары дінмен қарсылықта болмас үшін, Ф.Аквинский өзінің баяғыдағы Ұлы ұстазы Альберттің идеясына назарын аударады. Оның негізінде екі шындық бар: бірі — материалдық (философиялық), екіншісі — теология (құдайға сену). Аквинскийдің ойынша, ғылым теологияға тәуелді және оның негізгі қызметі — шіркеуге қызмет жасау. Сондықтан Аквинскийдің жан мәселесіне байланысты бағыты — креацинизм. Жан денеге уақытша орналасқан, дене өлгенімсен, жан өзінің мәңгілік өмірін үзбейді.

Түйсікпен қабылдауға байланысты Ф.Аквинский көбіне Аристотельдің ілімінен алыс кетпейді. Ол сегіз түрлі сезгіштікті бөліп көрсетеді. Оларды қағида ретінде қарастырып, жан әрекетін ұйымдастыратын орталық деп санаған. Кейіннен Рим Папасы (1879 ж.) бұл ілімді ақиқат түрдегі католиктік философия және

Ұлы ойшылдың еңбектерінде бала психикасының дамып, жетілетіндігі, жасы өскен сайын оның ақылы тәнімен бірге өсіп отыратыны; ана құрсығында-ақ тән түйсігі заттың түсін, пішінін түйсіне алу қабілеті қалыптасатыны айтылады. Дүниеге адам ақылды, не ақылсыз, зұлым, не ақ ниетті болып келмейді. Мұның бәрі де жүре пайда болады. Әр топтағы адамдардың психологиялық өзгешеліктері туралы айта келіп, Фараби былайша түйіндейді: адам — өз өмірінің кожасы, сондықтан да ол өз бақытын өзі жасауы тиіс.

Фарабидің психологиялық тұрғыда маңызды көңіл бөлген мәселелерінің бірі — музыка жайлы толғаныстары. «Музыканың үлкен кітабында» ғалым былай дейді: «Бұл ғылымның (музыка, ән) өзінің байсалдығынан айырылған адамды түзеуге, қызба адамды бірқалыпты ұстауға құдіреті әбден жетеді». Музыканың негізгі мақсаты — адамның эстетикалық қажеттілігін қанағаттандыру (поэзия сияқты). Фараби түсінігінде: ғылым, өнер, музыка атаулының бәрі — зор дарын мен арнаулы қабілеттің, өлшеусіз еңбек етудің жемісі. Дарындылық, ақыл-парасат, қиял киюласа келіп отырса ғана нағыз өнер туындайды, ол адамды ақиқатқа жетелейді.

Әл-Фараби медицина саласында да өз мәнін күні бүгінге дейін жоймаған еңбектер жазды: «Адамның дене мүшелері хақында», «Аристотель мен Галенге қарсы айтылған дау хақында», «Түс көру туралы сөз» т.б. трактаттарда медициналық психологияның біраз мәселелері сөз болған.

Ғұлама ғалым жаратылыстану ғылымдарының ішіндегі ең сүбелілерінің бірі — медицинаны адамның өмір сүру, тіршілік қажеттеріне жақындата түсуді ойластырған. Сондықтан да оны Шығыс әлеміндегі медициналық психологияның іргетасын алғаш қалаған әмбебап ғалым деп айтуымызға болады.

## **Орта ғасыр философиясындағы жан туралы психологиялық пікірлер**

Орта ғасырдың шіркеу философтары жан түсінігіне келесі анықтама береді. «Жан — тірі, қарапайым, тәнсіз, саналы-сөздік, дене арқылы әрекетті өмір, өсіп — өну, сезім және туу күшін береді... Көз денеден болса, ақыл жанда болады». Осы анықтамала жан қызметі ғана көрсетіліп қоймаған, оның денеге деген қатынасы да айтылған.



**Схоластика** — (грек тілінен *scholasticos* — мектептік) — ортағасырлық «мектептік философия», оның өкілдері схоластар христиандық дін ілімін рационалды түрде негіздеуге және жүйелеуге ұмтылды. Орта ғасырлық схоластикада әмбебап төңірегіндегі дау-дамайлар зор орын алды. Өз тарихында схоластиктер бағыттары бірнеше кезеңге бөлінеді, алғашқы кезең Схоласында (IX—XIII ғғ.) неоплатонизмнің ықпалы басым болды (И.С. Эриугена, Гильом, Ансельм Кантерберийский). Жан дене бөлшектерінен жойылады деген көзқарастар адамның зияткерлік (интеллектуалдық) қабілетінің теңдігі жайлы пікір тудырды. Ғарыштық ақиқаттың апологиясы адамның өмірлік жетістігіне айнала бастады деген пікір схоластикаға сүйенеді.

XIV ғғ.— XV ғғ. кезеңіндегі «озық» схоластикада «христиандық аристотелизм» үстемдік етті (Ұлы Альберт, Фома Аквинский). Кейіннен (XV—XVI ғғ. католиктік исп. Иезуисті Ф.Суарест) неосхоластар арасындағы дау-дамай өрби келе, католик шіркеуінің реформасына қарсы күреске ұласты. Бұл идеялық күресті, кейбір авторлар, схоластикалық философияның гүлденуі деп сипаттайды. Содан кейінгі ғасырларда схоластиканың күні өтіп, ол жаңа заманның алдыңғы қатарлы философтардың ілімдері ықпалымен ыдырай бастады (Декарт, Гоббс, Локк, Кант т.б.). XIX ғасырда схоластика қайта жанданып, католиктік және протестанттық философияның әртүрлі мектептерінің басын біріктіре бастады.

Фома Аквинский (1225—1274 жж.) Аристотель қағидасына сүйенеді. Аристотельдің табиғи-ғылыми көзқарастары дінмен қарсылықта болмас үшін, Ф.Аквинский өзінің баяғыдағы Ұлы ұстазы Альберттің идеясына назарын аударады. Оның негізінде екі шындық бар: бірі — материалдық (философиялық), екіншісі — теология (құдайға сену). Аквинскийдің ойынша, ғылым теологияға тәуелді және оның негізгі қызметі — шіркеуге қызмет жасау. Сондықтан Аквинскийдің жан мәселесіне байланысты бағыты — креацинизм. Жан денеге уақытша орналасқан, дене өлгенімен, жан өзінің мәңгілік өмірін үзбейді.

Түйсікпен қабылдауға байланысты Ф.Аквинский көбіне Аристотельдің ілімінен алыс кетпейді. Ол сегіз түрлі сезгіштікті бөліп көрсетеді. Оларды қағида ретінде қарастырып, жан әрекетін ұйымдастыратын орталық деп санаған. Кейіннен Рим Папасы (1879 ж.) бұл ілімді ақиқат түрдегі католиктік философия және

психология деп пайымдады, ал ілім томизм деп атала бастады. Қазіргі кезде бұл ілімнің аты өзгеріске түсіп неотомизм деп айтылып жүр.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Араб тілдес ғылымдағы психологиялық ойлардың дамуы.
2. Авиценнаның философиялық-психологиялық көзқарастары.
3. Ибн Рушдт тұжырымдамасы.
4. Әл-Фараби еңбектеріндегі психологиялық идеялар.
5. Орта ғасыр психологиясындағы идеалистік көзқарастың дамуы.

**Әдебиеттер:** 6, 47, 51, 53, 56, 57, 85, 88, 90, 99, 126, 135, 136.

*XVI—XVIII ғасырлардағы Еуропалық психология*

XVI ғасырдан Испанияда экономикалық өрлеу басталды. Ол капиталистік қатынастардың тууы мен жаңа колонияларды басып алуымен байланысты болды. Өтіп жатқан өзгерістер қоғамдағы жаратылыстану ғылымын түсінуге себебін тигізді. Жаңа уақытта **Хуан Луис Вивес** (1492—1540) жанның пайда болуына эмпирикалық таным мен метафизикалық оқытуды қарама-қарсы қойған. Өзінің «Өмір мен рух туралы» (1538 ж.) кітабында ол өз заманына сай жаңашыл ой танытты. Индуктивті әдіспен адамдар туралы білім жинауға және адам болмысын жетілдіруге болады деп есептеген.

1557 жылы дәрігер **Хуан Уарте** (1529 — 1592 жж.) «Ғылымға деген қабілеттілікті зерттеу» деп аталатын кітабын жазды. Бұл еңбек бүкіл Еуропаға белгілі болды. Мұндай ғылыми еңбек психология тарихында бірінші еді. Өйткені әр адамның кәсіп таңдауы оның жеке қабілеттілігін белгілеуді мақсат етеді. Ол үшін адам табиғат берген талантын, сыйларын дұрыс қолдану қажет. Сондықтан Х.Уартені дифференциалды психологияның негізін қалаушы деуге болады. Зерттеулеріне байланысты ғалым алдына төрт негізгі міндеттер қойды:

1. Адамзат тегіндегі әртүрлі қабілеттілікті зерттей білу.
2. Дара тұлғада таланттың бар екендігінің белгілерін анықтап білу.
3. Табиғаттың адамды бір ғылымға қабілетті, бірақ басқасына қабілетсіз етіп жаратудың негіздерін зерттей білу.
4. Әр талантқа сай ғылым мен өнерді анықтай алу.

Х.Уарте негізгі талантты құрастыратын елес (қиял), түйсік пен ес деп есептеді. Ол зерттеуге әртүрлі ғылым мен өнерді негіздеп алды. Ғалым-дәрігер осы және басқа да қабілеттіліктердің қалыптасуында табиғат, тәрбие, жас айырмашылығы мен еңбек ерекше рөл атқаратындығы туралы ойын білдірді, сөйтіп бұл кәсіптік таңдау мәселесін мемлекеттік көлемде жүргізу қажеттілігін пайымдады.

Басқа бір испан ойшылы XVI ғ. дәрігер **Гомес Перейра** (1500-1560 жж.) жиырма жыл бойы жазған «Антониана Маргарита» (1554 ж.) деп аталатын еңбегін жарыққа шығарды. Мұндағы басты мақсат — жануарларда сезгіштік жанның жоқ екенін көрсету еді. Ойшыл

Г. Перейра жануарлар ештеңе көрмейді, естімейді және мүлде сипауды сезінбейді деп санаған. Оларға сезінетін бейнелер емес белгілер әсер етеді. Осындай ашылымдар, сонымен қатар, медицина мен анатомияда да жүріп жатты.

Психологияның ғылым ретінде дамуында XVII ғасырдың орны ерекше. Еуропа қоғамындағы терең түрде өткен әлеуметтік-экономикалық «ғылыми революция» (төңкеріс) адамзаттық дүниетанымға орасан зор ықпалын тигізді.

Табиғатпен қоса адам да механизм сияқты физикалық заңдылықтарға бағынатын болды. Ендігіде ғылыми зерттеулер адамның жан сырын тәжірибе арқылы айқындап, оның ішкі сырын әрмен қарай білу мақсатымен ізденіске түсті. Осы ғылыми бағытты қостап, жалғастырған атақты француз ғалымы, алуан түрлі білім иесі (математик, физиолог, философ) **Рене Декарт** (1596—1650 жж.) болды. Рационалды психологияның негізін салушы Декарт («рацио» — латын сөзінен «ақыл») адам табиғатын терең білумен айналысты, зерттеу нәтижелерін келесі еңбектерінде сипаттады: «Страсти души» («Жан құмарлығы»), «Адам туралы трактат» («Трактат о душе»). Декарт мынадай пайымдаулар жасады: әлем байланысының негізгі себебі жан сұранысы емес, ол сыртқы ынталандыру (стимул) және жеке адамның материалдық құрылымы. Рационалистік психологияның іргетасын салған Декарт — дүниетану мен ақиқат білім алудың жалғыз ғана дұрыс жолы — ақыл-ой деп есептеді. Декарт дуалист (латын тілінде «дуа», қазақша «екі» деген сөз), яғни дүниенің қос негізі бар деп уағыздаушы ғалым. Декарттың айтуынша, дүниенің қос негізі бар: ол материя мен ойлаушы жан.

Декарт, Локк, Лейбниц сияқты әлемге белгілі философтар психологияның әдіснамалық іргетасын қалағандар, жан дүниесін бақылау арқылы оның сырын шешу керектігі туралы ой-пікір туғызып, психология ғылымының өз алдына жеке ғылым болу қажеттілігіне ықпалын тигізген ірі ойшылдар.

Бұл кезеңге ғылым мен техникадағы, анатомия мен физиологиядағы көптеген жаңалықтар мен өнертабыстар жатады. Осыған орай психология пәніне деген түрлі көзқарастар да пайда болды: жан ұғымы өзгеріске түсе бастады.

Әйгілі неміс ойшылы **Г. Лейбниц** (1646—1716 жж.) психика құрылымын екі деңгейге бөлді: *сана және аңдаусыз сана*. Лейбниц жорамалы бойынша, ұзақ түрдегі кішірек қабылдаулар аңдаусыз

пайда болады, ал саналы түрдегі сезіну біздің «Мен» дегенімізді андаусыз қабылдағанда, елестете білгенде ғана байқалады. Бұл және басқа да философтардың пікірлері жан туралы механикалық елес сол дәуірде үстем болғандығын айқын көрсетеді. Білімге қандай жол арқылы жетуге және иелік жасауға болады деген сұраққа жауап бере алмаған схоластикалық ағым өз жолын эмпиризмге (тәжірибеге) ұсынды.

Ендігі кезде психологияның объектісі психикалық құбылыстар екендігі мақұлданып, оларды табиғи заңдылықтарға сүйене отырып зерттеу қажеттілігі туындады. Бұл ілімді ерекше қорғап, басынылыққа алған ағылшын философы **Джон Локк** (1632—1704 жж.). Ғалымның пікірі бойынша, тәжірибе екі бұлақтан ағындайды: *сыртқы* (сыртта орналасқан дене әрекеті) және *ішкі* — өзінің ойын өзі қабылдайтын ағза әрекеті. Осы орайда, Локтың айтуынша, ол адамның іште болып жатқан жағдайын сыртқы әсердің қызметінсіз өзінше қабылдауы. Бұны интроспекционизм (лат.— ішке үңілу, іштей сезіну) деп атайды.

Локтың зат пен түйсік үрдістеріне берген сипаттамалары дуалистік тұрғыдан көрініс табады. Осының негізінде XVIII ғ. бастап XIX ғ. дейін психофизикалық мәселелер ерекше туындап, ойландыра бастады. Ең маңызды сұрақтардың бірі: психиканың және жүйке жүйелерінің қаншалықты байланысы бар? Қойылған сұрақтар теология көзқарасына қарсы күш ретінде өз орнын ала бастады. Бұған себеп болған әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен бірге ғылым салаларындағы көптеген жаңалықтар (Ньютон, Локк, Декарт т.б.). Осылайша ғылымға жеке-дара түрде адам психикасын түсіндіретін ассоцианизм қағидасы енді. Бұл ұғымның авторы Дж.Локк болғанымен әмбебап түсінік беріп өңдеп, жетілдірген ағылшын дәрігері **Дейвид Гартли** болды. Ғалымның пікірінше, сыртқы әсердің түрткісі — түйсіну, бұлшық ет және ой процестері дене мүшелерінің жауабы ретінде белгіленеді. XVIII ғасырдағы ассоциация заңдылықтары ағзаның бір-бірімен байланысын аңғарта білді. Ғылыми тұрғыда Гартли көптеген психологиялық ережелер негізін ұсынған. Мысалы, ерік — күштің салдары, ол сөйлеумен әрекеттескен сенсомоторлық іс-әрекет; ес танымдық үрдістен бөлек, тағы да — жалпы жүйке жүйесінің қасиеті; адам мінез-құлқының қозғаушысы — рахаттану және кайғы сезімдері. Сонымен, Д. Гартли ұсыныстары психологияның әрмен қарай дамуына ерекше әсерін тигізді. Ал Декарт пен Локк

ұсыныстарының кең дамуы XVIII дәуірдегі француз материализміне және ми қызметін ассоциативтік механизм арқылы зерттеген ағылшын философтарының көзқарастарына (Д.Гартли, Д.Пристли еңбектеріне) тойтарыс бере алды.

Эмпирикалық психология капитализмнің пайда болып дами бастауы, әсіресе, жаратылыстану ғылымдарының өрістеп алға басуына себепші болды. Бұл бағыт ғылым атаулы тұрмыспен байланысып, тәжірибелі ғылымдарға айнала бастады. Осындай тәжірибелі ғылымдарға негіз салған ағылшынның белгілі философы Бэкон болды. **Френсис Бэкон** (1561–1626 жж.) жан туралы ғылымын жокқа шығарып оның орнына сана туралы жаңа ғылым жорамасын құрды. Ол сана құбылысының негізіне эмпирикалық зерттеуді жатқызды. Егерде басқалар жанды өмірмен теңестірсе, Ф.Бэкон болса алғаш рет «өмір» мен «жан» деген ұғымды бір-бірінен бөлді. Бэкон жариялаған эмпирикалық қағиданың мәні, табиғат заңын танып білуде, бақылау мен эксперимент арқылы табылған жеке деректер мен құбылыстарды зерттеуде барлық нақты ғылымдарға бірдей талап қоюымен қорытындыланды. Тәжірибе негізінде алынған психологиядағы жанның мәні туралы ойлаудан нақты психологиялық құбылыстың талдауына өтуі — психология саласындағы Бэкон идеясының тарауының жағымды нәтижесін құрайды.

Бірақ ерекше бөлінбейтін мән ретінде жан туралы түсінікті, психикалық құбылыстардың жиынтығы ретіндегі түсінікпен алмастырған эмпиризм, өз алдына олардың танымының әдісі мен жолы туралы мәселені шешпеді. Эмпирикалық психологиядағы тәжірибенің түсінігі — психологиялық құбылыстардың физикалық әлем мен материалдық субстратпен өзара қарым-қатынасы туралы мәселемен тығыз байланыста түсіндірілді. Бұдан психология әдісін анықтауда психофизикалық және психофизиологиялық мәселелердің осы және басқа шешімдері маңызды мәнге ие болды.

Психология тарихындағы психофизикалық және психофизиологиялық мәселелер дуализм рухында, ие болмаса монизм рухында, оның материалистік немесе субъективті-идеалистік түрінде шешіліп отырған. Барлық идеализмнің алуан түріне психофизикалық және психофизиологиялық мәселелерді шешуде физикалық пен физиологиялықтан психикалықтың жекеленуі тән.

**Д. Беркли (1685—1753 жж.) және Д. Юм (1711—1776 жж.)** бірінші орынға физикалық шындық пен ағзаның тіршілік әрекетін

емес, сана феноменін қойды. Олардың негізгі дәлелі эмпиризм болды — білімнің қайнар көзі ретінде ассоциациядан құрылған сезімталдық тәжірибе жөніндегі ілім. Беркли бойынша, тәжірибе — бұл субъектінің тікелей бастан кешірген сезімі: көру, бұлшық ет, түйсіну т.б.

Беркли өзінің «Опыт новой теории зрения» еңбегінде сезім элементтеріне жан-жақты талдау жасады, одан барлық табиғи денелер сыйып кететін геометриялық кеңістіктің бейнесі құрылады деген. Физиканың жорамалы бойынша, бұл ньютондық кеңістік объективті түрде берілген. Беркли бойынша, ол — сезінудің өзара әсерінің өнімі. Кейбір сезу (мысалы, көру) басқалармен байланысады (мысалы, түйсінумен). Адам бұл сезім кешенінің барлығын оларға санадан тыс берілген зат деп санайды, олай болса «болу — яғни қабылдауда болу».

Ал Юмға келетін болсақ, ол басқа көзқараста болды. Оның ойынша, бізге тәуелді емес физикалық объектілердің өмір сүру немесе сүрмеуі туралы мәселенің, теориялық жағынан шешімі жоқ деп пайымдаған (мұндай көзқарас агностицизм деп аталады). Юмның пікірінше, субъект туралы түсініктің ассоциациялар шоғырына жақындауы мүмкін, жеке психикалық феномендерді өзара байланыстыратын және тудыратын ерекше бір шын мәніндегі жоғарыдан берілген сый ретіндегі жан туралы түсінікке ол сын көзбен қарады.

Материалды субстанцияны қабылдамаған Беркли осындай спиритуалды, тәнсіз субстанция туралы болжамды жақтады. Юмға байланысты, жан деп аталған — сахналық кезекпе-кезек көріністер өткелдері тәрізді, бір-бірімен байланысып жатқан түйсік пен идеялардың өзара тізбектеліп өтуі.

Юм ассоциацияларда байланысқан идеялардың жалғыз механизмін байқаған. Ол сезіну мен оның байланысының сыртқы әлем мен денеге қандай да бір қатысы бар деген ойдан аулақ болған. Ол бір ассоциациялардың орнын басқа біреуінің басатын орны туралы және ішкі әлемді құрайтын материал туралы мүлде хабарсыз екендігін ашық мойындайды.

Тек қабылдау объектісі ғана жоқ емес, сонымен қатар оларды алып жүретін субъектінің өзі жоқ. Юм үшін тұлға — бірінің артынан бірі жүретін ақылға сыймайтын жылдамдықта болатын және үнемі ағыста, үнемі қозғалыста болатын әртүрлі қабылдау шоғыры немесе байланысы.

Юмның философиялық-психологиялық жүйесінің мазмұны оның ең соңғы субъективизмнің рухымен мойындалатындығын көрсетуі.

### Бақылау сұрақтары:

1. Испандық ойшыл-дәрігерлер Х. Уарте мен Г. Перейранын адам және жануарлар жаны туралы еңбектері.
2. Г. Лейбництің Р. Декарттың, Дж. Локтың психологияның дамуына тигізген әсерлері.
3. Френсис Бэконның эмпирикалық қағидасы.
4. Д. Беркли мен Д. Юмның философиялық-психологиялық жүйе мазмұны.

Әдебиеттер: 10, 53, 58, 60, 66, 84, 85, 87, 90, 135, 136.



### **XVIII ғ. Француз философиясындағы психологиялық көзқарастар**

XVII ғасырдың аяқ кезінде XVIII ғасырда бірсыпыра еуропалық елдердің буржуазияшыл ағартушылары **Жюльен Офре Ламетри** (1709—1751 жж.), **Дени Дидро** (1713-1784жж.), **Поль Анри Гольбах** (1723—1789 жж.), **Клод Адриан Гельвений** (1715—1771жж.) сияқты, белгілі француз материалистері мен идеалистерінің еңбектері белгілі бола бастады.

Француз материалистерінің дүниеге діни-идеалистік көзқарастарға қарсы күресі буржуазияның саяси күресімен тікелей байланысты болды. Феодалдық қоғам құрылысын, феодалдық дәстүрлерді, идеология мен саясатты аяусыз сынап отырып, олар орта ғасырлық тәртіптерді жоюды және қоғамдық құрылысты буржуазияның мүдделеріне сай қайта құруды талап етті.

**Біріншіден**, бұл материализм көбінесе *механикалық* материализм болды. Мұндай өріссіздіктің болып тұратыны сөзсіз, өйткені ол ғылымның даму дәрежесінен туады. Ол кезде ең жоғары дамыған ілім — механика болатын, ал химия мен биология сияқты ғылымдар енді-енді ғана белгілі бола бастаған. Сондықтан химиялық үрдістерді айтқанның өзінде органикалық табиғаттың, тіпті ең күрделі үрдістерінің өзінде ғалымдар механика заңдарын табиғаттың басқа құбылыстары саласына қолдану арқылы таза механикалық жолмен түсіндіруге тырысты.

**Екіншіден**, француз материализмі *метафизикалық* материализм болды. Олар табиғатты тарихи даму үрдісі ретінде алып қарамады. Табиғатта болып тұратын өзгерістерді сол бір үрдістердің өздерінің жай қайталануы деп түсінді. Диалектика табиғат құбылыстарын түсіндіру ісіне де, танымға да қолданылмады.

**Үшіншіден**, француз материалистері *қоғамдық өмірді түсіндіруде* идеалистер болып қала берді. Олар қоғам дамуындағы объективті заңдылықты аңғармады, ондірістің басты рөлін, сондай-ақ дүшпан қарама-қарсы таптарға бөлініп отырған қоғамда тап күресінің шешуші маңызы болатынын түсінбеді.

Локк Д. сияқты Э.Кондильяк та (1715—1780 жж.) білімнің тәжірибеден сусын алатынын айқындауға тырысқан. Бұған ғалымның келесі еңбектері дәлел: «Очерк происхождения человеческих

знаний», «Трактат об ощущениях». Кондильяктың айтуынша, адамның жаны — түйсіктер жиынтығының бейімделуі. Ал ес, қиял, пікір — ол әртүрлі түйсіктердің қосындысы ретінде байқалады.

Р. Декарт пен Э. Кондильяктың идеяларын XVIII ғасырдың материалистері жалғастырып, әрмен қарай дамытқан Ж. Ламетри (1709—1751 жж.), Д. Дидро (1713—1784 жж.), П. Гольбах (1757—1808 жж.), К. Гельвеций (1715—1771 жж.) т.б.

Адам және жануарлар психикасына объективті түрде талдау жасаған — француз материалісі, дәрігер және табиғат зерттеушісі ғалым Ж. Ламетри. Оның көзқарасы Декарттың физикасы мен Локтың сенсуализміне байланысты қалыптасқан. Ламетри картезиандық тезисті толықтай қабылдап, ағза денесінің қызметін машинаның әрекетіне теңейді. Ол «жансыз» автоматтандырылған жануарларды сезгіш жануарларға айналдырмақ болады.

Ж. Ламетри — объективті әдіс өкілінің бірі. Бұған «Человек — машина» атты ғылыми еңбегі дәлел. Ойшылдың ерекше қызықты пікірінің бірі — қабылдау қарапайым түйсіктерден құрастырылмайды, ол үшін ақылдың қызметі ерекше қажет.

Д. Дидро ең өзгеше француз ойшылы. Оның психологиялық идеялары келесі еңбектерінен орын алады: «Письмо о слепых в назидании зрячим», «Мысли к объяснению природы», «Разговор Аламбера и Дидро».

Д. Дидро өзінің еңбектерінде материяны әлемдегі жалғыз ғана субстанция деп тұжырымдаған. Материяны тірі және өлі деп екіге бөліп, барлық материяның қасиеті — ол бейнелей алу қабілеттілігі, материяның органикалық формасы органикалық емес формаға айналып отырады деп түсіндірген. Ғалымның психологиялық көзқарасының ерекше маңыздылығы — түйсікті негізгі мәселе деп талдауы.

Психиканың табиғаты туралы ой қозғаған ғалымның бірі — Поль Гольбах. Оның «Система природы» деп аталған еңбегінде, адам — табиғаттың ең дарынды бөлшегі, дене құрылымына байланысты адам ғана сезінуге, ойлауға және іс-әрекет жасауға қабілетті. Ең алғашқы адамға тән қасиет — ол түйсіну. Сезіну дегеніміз — сыртқы заттардың ағзамызға келтіретін әсерлері. Әртүрлі сыртқы түрткілер сезім ағзаларымызға өзгертулер алып келеді. Жүйке жүйесі арқылы мұндай өзгерістер миға тез арада барып жетеді де идеяға айналады. Гольбахтың айтуынша, идея — заттың бейнелері. Жоғарыда аталған: түйсік, қабылдау, идеялар

(қазіргі аталуы бойынша — тітіркендіргіш, түйсік, қабылдау) — жаңа түрде мида пайда болған бейімділіктің негізінде жатыр. Атап айтсақ: ой, ес, қиял, пікір, мақсат пен әрекет. Гольбахтың тағы бір ерекше жаңалығы — ол адамды белсенділікке бағыттайтын — қажеттілік мәселесін көтереді.

Әлеуметтік тұрғыда Францияда философиялық материалистік дәстүр К. Гельвеций еңбектері арқылы дами бастады. Оның мұндай көзқарасы әйгілі әлемдік ғалымдардың (Б. Спиноза, Д. Толанд, Р.Декарт, Д. Локк) көзқарастарына байланысты қалыптасқан. К.Гельвецийдің «Об уме», «О человеке» сияқты еңбектері бұған дәлел бола алады. Мұндағы негізгі тезис: адам — ол тәрбие өнімі. Бірақ ғалым табиғи фактордың психикалық құбылыстардың негізі екендігін ешқашан да жоққа шығармаған.

Гельвеций психикалық әрекеттің алғашқы қадамы — түйсік деп таныды. Дидро, Гольбах, Ламетри идеяларын қолдап, ал Локтың рефлексиясына қарсылық білдірді. Гельвеций барлық психикалық әрекеттерді түйсіктің жиынтығы деп түсінген. Ғалымның сенсуализм бағыты жағымды рөл атқара алды. Мысалы, Р.Декарттың психика — ол сана мен ойлау дегеніне қарсылық білдірс келе, адамның жаны — ол жалғыз ғана ақыл емес, ол одан да көлемді қасиетке ие, себебі оның сезіну қабілеттілігі де бар деп тұжырымдаған.

Қорыта айтсақ, француз материалистері *Ж. Ламетри*, *Д. Дидро*, *А. Гольбах*, *А. Гельвеций*, Д. Локк және Декарт ілімдерін өзгеріске түсіріп, Франциядағы ғылыми тәжірибелік психологияның одан әрі дамуына жол салды.

### Бақылау сұрақтары:

1. Француз материалистерінің механикалық және метафизикалық идеялары.
2. Д. Дидроның материализмі және ғылыми тұжырымдамалары.
3. К. Гельвеций және П. Гольбах ғылыми еңбектерінің маңыздылығы.

**Әдебиеттер:** 10, 53, 60, 66, 85, 87, 90, 127, 135, 136.

*XIX ғасырдағы әлемдік психологияның дамуы*

XIX ғасырда Батыс Еуропалық философия мен психологияда жан мен тәnniң арақатынасы туралы мәселенiң кең тараған шешiмi параллелизм теориясы болған. Осыған байланысты психикалық пен физиологиялық скi тәуелсiз құбылыс қатар қаралды, бiрақ олар өзара функционалды ұқсастыққа иеленген едi. Психофизиологиялық параллелизм тұжырымдамасы Батыстағы эксперименталды психологияның қалыптасуының философиялық негiзi болды, оны жарыққа шығаруда В.Вундт ерекше ынта танытқан.

Ассоциативтiк психологияның жаңа даму кезеңi атакты психолог, экономист **Джон Стюарт Милльдiн** (1806—1873 жж.) атымен байланысты. Джон Стюарт Милльдiн тәрбиешiсi өзiнiң әкесi Джеймс Милль болды. Оның ойынша, психология заңдылықтары адамның рухани өмiрiнiң мазмұны жайлы бiлiм ғана берiп қоймайды, сондай-ақ оның шексiз толық жетiлу қабiлетiн де байқатады. Үлкен жетiстiкке жеткен ғалым өзiнiң ұлын да осы әдiспен тәрбиелеп, негiзгi қағидаларды басшылыққа алды. Он екi жасында Джон өзiнiң қатарластарынан озып шықты. Ол көптеген тiлдермен қатар, жоғары математиканың да бiрнеше бөлiмдерiн меңгердi. Адамның психикалық өмiрi ассоциациялық заңға бағынады деген пiкiрдi қабылдай отырып, кiшi Милль өз әкесiнiң осы пiкiрiне маңызды түзетулер енгiздi. Ол «менталды физиканы» «менталды химияға» ауыстыруды ұсынды. Мынаны ескеру керек, осы кезең химия дамуының iрi жетiстiктерiмен байланысты болды. Джон Стюарт Милльдiң ойынша, осындай «химиялық» өзгерiстер психика аймағына да тән.

Джон Милльдiң «менталды (психикалық) химия» жайлы пiкiрi психологиядағы ассоциативтiк бағыттың әлсiз жақтарын иемденуде әсiресе шығармашылық ойлау мәселесiн өндеуде маңызды рөл атқарды: сондай-ақ Милль ассоциацияның заңдылықтарын негiзгi үш түрге бөле отырып қарастырды:

1. *Ұқсастық* — «ұқсас идеяларға бiр-бiрiн қоздыруы тән (сходным идеям присуще возбуждать друг-друга).

2. *Шектестiк* — егер екi әсер жиi бiр уақытта әсерленсе немесе бiреуi екiншiсiне үздiксiз ауысса, ондай жағдайда олардың бiреуi

санаға қайта оралғанда, ол басқа әсердің пайда болуына жағдай туғызады.

3. *Қарқынды* әсердің күші оның басқалармен шағылысу жиілігін айқындауы мүмкін. Сондай-ақ Милль іс-әрекетке де көңіл аударды. Оның зерттеу іс-әрекетінің әдісі жайлы ілімі «Логика» (1843 жж.) деген жұмысында баяндалды. Ассоциацияны логика заңдарынан онімді деп қарастыра отырып, яғни логикалық операциялар әсердің ішкі индивидуалдық ақылының байланысын өзіне бағындырады деп дәлелдеді. Сондықтан да логика адам ойлауының дұрыс өлшемі болып табылады. Дегенмен, Милльдің ойынша, ең маңыздысы, логика психологияға сананың мазмұнын зерттеуге көмектесетін объективті және даралық әдіс болуы мүмкін. Нағыз осындай әдіс психологияны объективті ғылыммен байланыстырады және оның болашақта шынайы да нақты тәртіппен дамуына жол ашады.

**Александр Бэн** (1818—1903 жж.). «Чувство и интеллект» (1855 ж.) «Эмоции и воля» (1859) еңбегінде «Ассоциативтік психология тек индивидтің санасында өмір сүретін ассоциацияны ғана емес, соның негізінде жатқан мінез-құлықты да қарастыру қажет»,— деп дәлелдеді. А.Бэннің пікірінше, «тек ми ғана емес, әртүрлі дәрежедегі денелік жүйе де психикалық функциялармен байланысады». Ол сенімді түрде «психофизикалық параллелизм» теориясын ұстанды. Дегенмен Бэн осы әдісті жанның денеден жекеленуі сияқты емес, олардың бөлінбейтіндігін қарастырды. Бэн көңіл-күйді көп жағдайда психикалық іс-әрекеттің деңгейіне аударды. Бэн Декарттың психологиясындағы негізгі категориялардың бірі болған аяқ астынан пайда болған әрекет рефлекске қарсылығын білдірді. Оның пайда болуы үшін тікелей физикалық себеп аз болатын әрекетті ол «спонтанды» деп атады. Аяқ — астынан пайда болатын қозғалыстың қағидасын Бэн дағдының әсері деп түсіндірді. Бэн сезімдік мінез-құлықтан еріктік мінез-құлыққа өтуді анықтайтын факторларға да назар аударды. Бэннің дәлелі бойынша, адам табиғат сияқты қателесіп сынала келе ғана, өзіне небір керекті жағдайларды таңдайды; санасыз аяқ — астынан жасалған іс-әрекеттен ерікті түрдегі мінез-құлыққа жайлап көшеді. Адам кейбір оқиғалармен нысандарға жетуде түрлі қателіктерді басынан өткізіп қана онімді іс-әрекетке қолын жеткізеді. Осылайша психологияда дұрыстық пен қателіктің ережесі пайда болды.

Бірден-бір ассоциативтік психологияны құруға талпыныс жасаған неміс психологы, әрі педагог және философ **Иоганн Герbart** (1776—1841 жж.) болды. Оның теориясында ассоцианизм-

нің негізгі қағидалары мен неміс психологиясының дәстүрлі әдістері — апперцепция идеясы, жанның белсенділігі, санасыздықтың рөлі біріктірілді. Герbartтың ойынша, біздің сыртқы әлеміміз ішкі әлеммен байланысты, сондықтан да бейне, әсіресе сәйкес бейне жайлы айту мүмкін емес. Сәйкестілік пен нақты бейне деңгейі жайлы сұрақты талдаудан құтылу үшін Герbart «түйсіну» аталымын «елестету» аталымымен алмастырды. Герbartтың «Психология по-новому, основанная на метафизике, опыте и математике» (1836 ж.), «Учебник психологии» (1816 ж.) атты еңбектері ассоцианизмның жаңа кезеңінің басталуын байқатты. Ассоциация елесі жайлы айта отырып, Герbart мынандай қорытындыға келді, яғни елес — адам жанындағы пассивті элемент емес, ол оның психикалық аясындағы жағдайын анықтайтын, өзіндік белсенді зарядтардан тұрады. Лейбництің жан құрылымы жайлы теориясын дамыта отырып, Герbart жанды үш қабатқа бөлді: *апперцепция, перцепция және санасыздық*. Сонымен қатар, ғалымның болжамы бойынша: апперцепция арқылы адам анық және нақты сана аймағын түсінеді, ал перцепция арқылы ол бұлдыр сана аймағын таниды. Сондықтан да Герbart үшін жан аймағы сана аймағына қарағанда кең және ол үшін маңыздысы — санасыздық болды.

И. Герbart психологияны екі түрге бөлді — «жан статистикасы» мен «жан динамикасы». Жан статистикасында көрініс жайлы ілім дамып, олардың арасында әртүрлі байланыстардың типтері қалыптасып, сананың аймағы мен табалдырығы бейнеленеді. Ғалым көріністен басқа санадап сезім мен ерікті де бөліп алды. Ол көріністердің арасындағы қарым-қатынасты өнім деп санайды. Герbartтың психологиясында «рухани өмір — көріністердің өзара әрекетінің нәтижесі» болады. Герbart өзінің ғылыми мектебін ашты. Оның ең атақты өкілі М.В.Дробши (1802—1896 жж.) — математик, логик, философ-идеалист және психолог. Герbartтың басқа бір ізбасары В.Ф.Фолькман өзінің «Учебник по психологии» (1856 ж.) еңбегінде психикалық көрініс жайлы жаңа мәліметтерді енгізді. Ғалымның атақты үш шәкірті тарихта ерекше белгілі: Т.Вайтц (1821—1864 жж.), М.Лацарус (1824—1903 жж.) және Г.Штейнталь (1823—1899 жж.).

Психологизм — әлеуметтанушылық зерттеу қағидасында әлеуметтік үрдістер мен құбылыстар психологияның туындылары деп сипатталады. Психологизм қағидасының рөлі мен маңызын әлеуметтік өмірдің психологиялық механизмдерін жете зерттеген

америкалық элеуметтанушылар оны асыра бағалады. Элеуметтанудағы психологиялық мектептің өкілдері адам бейімділіктері мен эмоцияларын элеуметтік үрдістер динамикасының негізгі факторлары деп пайымдады. Элеуметтанудың дербес ғылым болып дамуы нәтижесінде бұл қағида едәуір әлсірегенімен, ол әлі жойылған жоқ. Оны белгілі бір шамада тұлғааралық қатынастарды зерттеушілер — символдық интернационализмнің, феноменология мен этнометодологияның өкілдері ұстанды.

**Чарльз-Роберт Дарвиннің** (1809—1882 жж.) эволюциялық теориясы психология мен эксперименталды психологияның пайда болуы үшін маңызы зор еді. Дарвин 1834 жылы Кембридж университетін бітіргеннен соң, «Бигль» кемесімен дүниежүзін айналып шығу саяхатына қатысқан (1831—1836 жж.). Осы саяхат кезінде ол көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізіп, зоология, ботаника, геология, палеонтология, антропология және этнография саласынан аса маңызды мәліметтер жинаған. Бұл саяхаттың нәтижесін «Путешествие вокруг света на корабле «Бигль» деген қызықты кітабында жариялады. Кейін осы мәліметтерге сүйене отырып, «О строении и распределении коралловых рифов» («Маржан рифтерінің құрылысы мен реттелуі») ерте заманда өліп, құрыған жануарлар мен қазіргі жануарлардың арасында тарихи байланыстың барлығын, «Геологические наблюдения над вулканическими островами» («Жанартаулы аралдарды геологиялық бақылау») деген еңбектерінде көрсете білді. Галапагос аралдарынан бұрын еш жерде кездеспеген кесіртке, тасбақа және құстардың түрін тауып, олардың Оңтүстік Америка түрлеріне жақындығы бар екенін «Геологические исследования в Южной Америке» («Оңтүстік Америкадағы геологиялық бақылау») деген еңбегінде Оңтүстік және Солтүстік Америка құрлықтарының жануарлар дүниесін салыстырғанда, олардың түрлік құрамында үлкен айырмашылықтың бар екенін анықтап, жануарлардың географиялық таралу заңдылықтарын ашты. Ғалымның «Происхождение видов путем естественного отбора» (1859 ж.) деген басты еңбегінде қоршаған орта жауап беруді тудыруға ғана қабілетті емес, сондай-ақ организмнің соған бейімделуін талап ететін, өмірлік іс-әрекетті өзгертуге де қабілетті күш болып табылатындығын айтқан. Сол организм жайлы ұғым да өзгерді: өйткені биология түрлері өзгермейді, ал тірі дене, өз кезегінде, мәңгілікке физикалық және психикалық конструкцияға тіркелген деп санайды. Денелік процестер мен функцияларды онім мен сыртқы өмірдің шарттарына бейімделудегі қару деп қарастыра отырып, Дарвин мінез-құлық

талдауының жаңа толық моделін және оның компоненттерін ұсынды. Сонымен психика — өмір дамуының заңды нәтижесі және оның бейімделу құралы болып қалыптасты. Дарвинның «Происхождение человека и половой отбор» (1871 ж.) деген ғылыми және дүниетанымдық маңызды еңбегінде осыған ерекше көңіл бөлінді.

Адам және жануарлар ағзасын салыстыра отырып, Дарвин анатомиялық және физиологиялық белгілермен шектеліп қалған жоқ. Ол эмоциялық жағдайлармен қатар жүретін айқын қозғалыстарды мұқият талдауға көңіл бөлді. Ол өзіндік бақылауының нәтижесін «Выражение эмоций у животных и человека» (1872 ж.) атты еңбегінде терең түрде көрсете білді. Дарвиннің негізгі идеясының қорытындысы: анық қозғалыстар (жұдырық түю т.б.) — олар біздің бұрынғы қылықтарымыздың үлгісі деп пайымдады. Өмір үшін үздіксіз күрестегі қозғалыстар маңызды және практикалық мәнді болды. Дарвиннің ілімі психологиялық ойлаудың мағынасын өзгертіп, психологиялық ғылымның жаңа аймағы — дифференциалдық психологияның пайда болуына ықпал етті. Ч Дарвин — табиғат зерттеушісі, жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің табиғи сұрапталу арқылы пайда болуы жөніндегі эволюциялық ілімнің негізін салушы ғалым. Дарвиннің екінші маңызды еңбегі — «Уй хайуанаттары мен мәдени өсімдіктердің өзгеруі». Бұл еңбегінде Дарвин өсімдіктер мен жануарлардың адамға пайдалы түрлерін қолдан сұрыптау арқылы шығару жөніндегі мәліметтер, органикалық формалардың эволюциясы жайында аса құнды дәлелдемелер келтірілген.

Ч. Дарвиннің адам мен жануарларға арналған ғылыми зерттеулері балалар психологиясының дамуындағы генетикалық жақтарын қарастыруға түрткі болып, осы мәселеге ерекше зейін аудартты. Қазіргі кездегі қалыптасқан мектептер мен бағыттар (функционализм, фрейдизм, бихевиоризм, Павлов мектебі т.с.с.) Дарвиннің тұжырымдамасы есерінен туындаған деп толық айтуға болады.

### **Бакылау сұрақтары:**

1. А. Бэниің мінез туралы және кате ережелері
2. Милльдің менталды теориясы.
3. И.Гербарттың ғылыми мектептері.
4. Ч.Дарвинның эволюциялық теориясы.

**Әдебиеттер:** 4, 10, 29, 30, 31, 53, 60, 66, 85, 90, 124, 135, 136.



## II МОДУЛЬ

### Қазақстандағы психологияның даму тарихы

#### 7-тақырып

#### *XI—XIV ғғ. түркі ғұламаларының психологиялық тағылымдары*

X—XII ғғ. Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағысынан бастап, шығысында Жетісу мен Қашқарға дейінгі кең өлкеде екі ғасыр бойына түрік тайпасының Қарахан мемлекеті өмір сүрді (астанасы Баласағұн қаласы). Мұндағы ақын, жазушылар, ғұлама ғалымдар, сәулетші, құрылысшылар сол кездегі түрік мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Рухани мұралардың ішіндегі қомақтысы — **Жүсіп Баласағұнидің** (XI ғ.) «Құтты білік» атты шығармасы. «Құт» — «бақыт», «құтты» мағынада, «білік» — «білім», «кітап» мағынасында. «Құтты білік» — «бақытқа жету ғылымы» (85 тараудан, 6645 өлеңнен тұрады), 4 кейіпкер, 4 қасиет иесі (әділет, дәулет, парасат, қанағат — олардың арасындағы диалог). Бұл дастан Қарахан мемлекетін нығайту, оның даңқын шығару мақсатына бағытталып жазылған. Мұндағы қойылған мәселелер: ел билеу жүйесін тәртіпке келтіру, халық игілігі үшін қызмет ету; адам психологиясының түрлі жақтары (көңіл-күй, қайғы-қасірет, қуаныш-сүйеніш т.б.) және темперамент, денсаулық сақтау, ауру-сырқау, ауа-райының әсері, тамақтану гигиенасы сөз болған.

Жүсіп Баласағұнның моральдық-этикалық, психологиялық қағидалары ибн Сина мен әл-Фараби ілімімен сабақтасып жатады. Тәрбиеге байланысты: мемлекет көздейтін негізгі шаралардың бірі — зұлымдық. Ол барып тұрған әлеуметтік ауру, оны оқу-тәрбие арқылы ғана жоюға болады, адамның жақсы қылықтары мен қасиеттерін жетілдіре берсе, қоғамды да, мемлекетті де жақсартуға болады дейтін ағартушылық идея аңғарылады. Үйлесімділік қоғамдық — әлеуметтік жағдайлардан да орын алып отырады. Мәселен, ел билеушіден әділет, дәулет, қанағат, парасат сияқты 4 қасиет түгел табылса, онда мұндай басшысы бар елдің жағдайы жақсы болады, әкімнің өзін де бақытты етеді. Білім мен ақыл, сөз өнері, шешендік қасиет, ел билеушілер мен әкімдерге қажетті сипаттар, әлеуметтік топтардың бір-бірінен айырмашылықтары (ақыл, дін, шаруа, саудагер, ғалым; ұл мен қызды қалай тәрбиелеу

керек, оқытудың жолдары, ата-ананың рөлі т.б.) әр тарауларда баяндалған.

Ел билеген басшыларға арнаған тарауларында (29-30) Баласағұн былай дейді: «Ақылмен іс қылған бек елге сүйкімді келеді», «Жақсы қызметкер төменнен жоғары төрге барады», «Ақылдылықпен ел биле, білімділікпен жұртты аузыңа қарат», «Бастық әркез өзінің көзі мен құлағын айналасына тігіп отыруы тиіс», «Бегің рақымды, қарапайым, әділ болса, ерге де, елге де ен жоғары бақыт сол болады». Бұған қоса ол адал, шыншыл, халыққа қиянат етпейтін, жан-жақты қабілетті болып келуі тиіс. «Ел билеушіге жетпіс өнер де аз». Адам бұл дүниеге қонақ, оның өмірі өткінші, сондықтан ол артына ылғи да жақсы сөз бен жақсы ісін қалдырып отыруы қажет. «Егер қолыңнан келсе қайда да болса халқың үшін жақсылық ет, сөзің де, қылығың да жақсы болсын». «Адамға оның ақылы ғана дос». «Ақылды адамның сөзі әрі көркем, әрі қисынды», «Аз сөйлесең де аңдап сөйле». Тіл, мәдениет, шешендік өнер жайлы сөз қозғаған автор кейде психофизиологиялық мәні бар тұжырымдар жасауға тырысқан: «Адамның сәні бетінде, бетінің сәні көзінде», «Бақ пен бақытқа жету адамның өз қолында», «Кісі --- өз бақытының қожасы».

Ортағасырлық Қазақстанда «Құтты білікке» тәлім-тәрбиелік мағыласы жағынан үндес басқа туындылар да болған. Бұлардың қатарында **Махмұд Қашқари**, **Ахмет Жүйнеки**, **Қожа Ахмет Яссауи** (XI—XII ғғ.). Мәселен, Қошқар қаласының тұрғыны, ғұлама ғалым **Махмұд Қашқаридың** «Диуан лұғат-ат түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») атты сөздігінде екі жүзден астам өлең, үш жүзге жуық мақал-мәтелдер, әр алуан халықтардың әлеуметтік және мәдени (Орта Азия, Шығыс Түркістан) туралы қызғылықты деректер бар. «Сөздіктегі» ғылым — білім, әдеп, тәлім-тәрбие, моральдық-психологиялық сипаттағы ой-пікірлер әл-Фараби, Ж.Баласағұни идеяларымен астастырылып жатады. Онда адамның кейбір жекелеген жаман қасиеттері (дүниеқорлық қорқақтық, мансапқорлық, опасыздық, ездiк және т.б.) айыпталып, ерлік, әділдік, ақ ниеттілік дәріптеледі. Мәселен, «Тас жүрек, безбүйрек адам тоймайды да, дүние қоңыздығын қоймайды».

Этнопсихологиялық мәні бар — түріктердің тайпалық және рулық құрамы, олардың аталуы мен шығу тегі (қыпшақ, башқұрт, татар, қырғыз, ұйғыр, оғыз және т.б.). Түркі этносы жайында зор мақтаншпен, масаттану сезімімен айтады. Мәселен, «Адамға

дәулет пен данк — дұшпан», «Жоғалған затқа қайғырма», «Құрмет қылсаң қонаққа, асады даңқың халыққа», «Ел ішіне білім тарат, ғалым бол», «Ата-анаңды тында, сөзін жерге тастама» т.б. Осы іспеттес имандылық мазмұндағы тағлымдық сөздердің психологиялық астары терең, адамның ойлауы мен жүріс-тұрысы, қасиеттері жан-жақты болған. Тіл туралы айтылған түйіндер аса маңызды: «Әдептің басы — тіл», «Ақылды сөз — алтын табакқа жеткізер».

Қазіргі Түркістан маңындағы Жүйнек қыстағынан шыққан **Ахмет Жүйнекидің** «Хибатул хакайык» («Ақиқат сыйы») атты барлық түркі тілдес халықтарға ортақ дүние болып табылатын шығармасы, бұрынғы дастандармен салыстырғанда өзінің бұқаралық, яғни кедей-кепшіктің мұн-мұқтажын көрсетумен ерекшеленеді. Іштен соқыр болып туған ақын тіршіліктегі өмірдің әсемдігін жырлайды, адамгершілік пен имандылықты, ізгі істерді, қарапайым адамдардың ұнамды іс-әрекеті мен жарасымды мінез-құлқын дәріптеп, білім алу жалпы — адамзат үшін, әсіресе, бұқара халық үшін зор игілік болуы тиіс дейді. 500-дей өлең жолынан тұратын дастанның бірінші бөлімінде білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы ақыл-кеңестер беріледі. Автор білімді адамды таза алтынға, наданды жалған құнсыз ақшаға, білімді — ер жігітке теңесе, 2-ші бөлімде тілдің маңызы, сөйлеу мәдениетін дамыту жөнінде кеңестер береді, ал 3-ші бөлімде дүниенің бір қалыпта тұрмай өзгеретіні туралы сөз еткен. Дастан жомарттық, қарапайымдылықты, сыпайылықты дәріптеп, менмендік пен надандықты, сараңдық пен шығайбайлықты, дөрекілікті айыптайды. Ахмет Жүйнеки өз шығармасында сол дәуірдегі адамның моральдық нормаларын сөз еткен («Дүние — қоңыз, бүгін барда, ертең жоқ») жауыздықпен қатыгездікті («Қанды қанмен жуып тазартуға болмайды» осы спеттес мінездегі толып жатқан міндерді сынайды, адамның жақсы қасиеттері — онсегелік («Адам өзінің жақсы ісімен басқаларға үлгі болуы тиіс») пен жақсылықты («Саған біреу жамандық істесе, сен оған жақсылықпен жауап бер») деп қайырымдылық пен мейірбандықты паш етеді.

Ұнамды-ұнамсыз моральдық-этикалық ерекшеліктерді көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге мінез-құлықтың жақсы қасиеттерін қалайша тәрбиелеу, теріс қасиеттерін жою жөнінде бірсыпыра пайдалы кеңестер береді («Егер өкіметке қолың жетсе, мақтанба».

«Бастық болсаң, жайсаң бол, кәріге де, жасқа да құрмет көрсет» т.б.). Осындай көркемдік дәрежесі биік, ұлағатты лебіздер, бейнелі салыстырулар мен тенеулер, нақылдар мен мақалдар, мәтелдер күні бүгінге дейін өздерінің тәлім-тәрбиелік мәнін жоймай келеді.

Қазіргі Оңтүстік Қазақстан аумағының көне Испиджаб (Сайрам) жерінде дүниеге келген **Қожа Ахмет Яссауи** (XII ғ.), алғашқыда ғылым-білімді жергілікті ғұлама Арыстанбаптан алады, есейе келе Бұхарадағы Жүсіп Хамаданидан сопылық білімін тереңдетіп, Иассы (Түркістан) қаласына келіп «Иссауишілік» діни тақуалы ағымының негізін салады. Орта ғасырлық мәдениеттің дамуында «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы») елеулі орын алды. Бұл оғыз-қыпшақ тілінде сол кездегі көпшілік бұқара халыққа түсінікті тілмен жазылған шығарма (149 хикмет) — 1878 ж.ш. Ең ескі нұсқасы XV-ші ғасырдың ортасында араб қарпімен көшірілген. Жыр жолдарында оның туған күнінен бастап 63 жасқа дейінгі өмір жолы баяндалады. Мұнда діни-сопылық қағидаларымен қатар бұл дүниелік жәйттер, яғни оқып, білім алу, иманды ізгі қасиетті болып ақыл-парасатқа жетелеу, сөз бен істе шыдамды, төзімді болу, жақсы мен жаманды айыра алу, достық пен махаббатты қастерлеу, азғалық қанағат тұту, кемтар, гәріп адамдарға қамқор, әділетті болу, адал жолмен жүріп-тұру секілді жалпы адамгершілік нормалар дәріптеледі («Махаббатқа берілгендер өз мақсатын табады», «Қызықпай мал-мүлікке дүние тепкін» т.б.). Надандық, сарандық, залымдық, дүниеқұмарлық туралы былай дейді: «Ей, достар, наданменен көңіл қоспа», «Жалған сөйлеп, имансыз болма», «Дүние үшін иман мен дінін сатар» т.б.

XIII—XIV ғғ. халықтардың жаугершілікке ұшыраған (қыпшақтар — Еуропада, Ресейде — половец; құмандар), шаруашылығы мен мәдениетінің құлдырап кеткен, зобалаң кезі еді. Осы кезде Шыңғыс хан Алтын орда дейтін мемлекет құрды, астанасы Еділ сағасындағы Сарай қаласы болды. Бұл замандағы мәдениет пен әдебиеттің, рухани өмірдің ірі өкілдері — Хорезми, Сараи, Құтыб, Рабғузи т.б. болды. Реванди Хорезми шығармасы «Мұхаббат наме», дастан Мұхаммед Қожабекке (Алтын Орда билеушісі) арналған. Екі нұсқасы белгілі. Біріншісі — араб, екіншісі — көне түркі тілінде жазылған. Екеуі де Лондондағы кітап қорында сақтаулы. Дастан жас жігіттің сүйген қызына жазған сүйіспеншілік хаттарынан тұрады. Махаббаттан мың түрлі сыр туады... «Сабырдан артық

нәрсе жоқ», «Білімдіні білімі үшін мактайды», «Жастық өз уақытын білмейді», «Екі жарық гауһарды әлемге берген, махаббат қазынасын адамға берген» т.б. көптеген тәлімдік ойлар аз кездеспейді.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты шығармасының негізгі мазмұны.

2. Махмұд Қашқари, Ахмет Жүйнеки, Қожа Ахмет Яссауи туындыларының тәрбиелік маңызы.

**Әдебиеттер:** 9, 47, 48, 51, 53, 62, 63, 67, 72, 82, 84, 88, 126.

*XV—XVII ғғ. қазақ хандығы тұсындағы ақын-жыраулардың этнопсихологиялық ой-пікірлері (Асанқайғы, Қазтуған, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Қосынұлы Жалаири, Әбілғазы Баһадүрхан, Шалкиіз жырау, Жиёмбет жырау)*

XV—XVII ғасырлардың бірінші жартысы — қазақ халқының өз алдына хандық құрып, тайпалар бірлестігі мен феодалдық мемлекеттің нығая бастаған дәуірі еді. Осы кезеңдері қазақтың өзіне тән рухани мәдениетінің өзіндік беті де айқындала бастайды. Әсіресе ол халықтың тілінен, жөн-жосық, салт-дәстүрінен сезілді. Мәселен, кейбір жазба ескерткіштердің де осы кезде таза қазақ тілінде жазылуы осының жақсы айғағы.

Халқымыз жүздеген жылдар бойы жоңғарлар шабуылына тойтарыс беріп отырған. Осы кезеңдерде қазақ мәдениетінің біршама тоқырап, тырнақтап жинаған рухани байлығының біразынан айрылып қалуына да осы айтылған қиян-кескі соғыстар, жойқын шабуылдар мен жорықтар себеп болғаны шындық. Сол кезеңдегі дала ойшылдарының ішінде моральдық-психологиялық толғаныстарымен ерекше көзге түскендердің бірі — **Асанқайғы** еді. Әбілқайыр ханның тұсында Керей мен Жәнібек сұлтандардың ақылшысы болған, көшнелі елдің философы атанған, алғашқы қазақ хандығының кеңесшісі, туған халқының тағдырына, оның тіршілік-тынысына қабырғасы қайысқан тұлға.

Асанқайғы есімі тек қазақтарға емес, сонымен бірге басқа да түрік тектес халықтарға да (қырғыз, қарақалпақ, ноғай т.б.) кеңінен тараған. Жырау толғауларында психологиялық мәні зор қанатты сөздер көп. Қазақ жерінің табиғат жағдайларын осы мекендегі адамдардың жан-дүниесі ерекшелігін көрсететін деректерді, қазіргі кезге дейін сақталған жер атауларын көптеп кездестіруге болады.

Жырау ру-тайпалық одақтардың генеалогиясын, халықтың әдет-ғұрып дәстүрлерін дәріптеп, өмір сүрудің мәні туралы, жақсы-жаман адамдар, үлкенді сыйлап қастерлеу, олардың ақылын алу, бір-бірімен босқа қырқыспау, бейбіт өмір кешуге, ізгі ниетті, карапайым, адал, шыншыл, иманды болуға шақырады («Өлетұғын тай үшін, қонатұғын сай үшін, желке терің құрысып, бір-біріңмен ұрыспа»). Барша жұрттың қайғы-қасіреті, өзара әділеттілік-

тендіктің болмауынан артық бақытсыздық жоқ, үйлесімді өмір сүру үшін әр адам өзін-өзі жетілдіруі қажет, ізгілікті болу --бүкіл жанды зат атаулының бәріне ортақ дейтін гуманистік тұжырым жырау творчествосының негізгі арқауы.

XV ғасырдың 20—30-жылдарында Еділ жағасында (қазіргі Астрахан облысы, Қызылжар қаласы) дала ақын-жырауы **Қазтуған** дүниеге келген. Жыраудың өмірі туралы нақты мағлұматтар сақталмаған. Көшпенділердің әскери аксүйектері арасынан шыққан Қазтуған ноғай тайпаларының әскер басы және ру көсемі болған (1460—1480 жж.). Бүкіл XV ғ. бойына созылған Дешті Қыпшақтың өзара қырқысқан күресі кезеңінде сол өңірдегі руларды қазақ хандығының құрамына енгізген (Қазіргі Орталық және Батыс Қазақстан аумағы). Қазтуған шығармашылығы көшпенді қазақтардың суырып салма поэзиясынан сусындайды. Жырау көшпенді дала халықтарын өмір сүрген Отанына, туған ел-жұртына, кіндік кесіп, кір жуған, ат жалын тартып мініп, өскен топырағына деген сүйіспеншілікке баулиды. Бұл жырау толғауларының өзекті арқауы. Қазтуған шығармашылығы табиғатпен етене өмір сүрген, жаны таза, көшпенді тұлғаның рухани дүниесін, оның ғажайып армандарын, ой-пайымын, байлығы мен жомарттығын, айналадағы мөлдірі ортаймаған сүйіспеншілігі, көшпелі өмірдің жайсаңдығын айтады.

Жырау «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Салы-салпыншақ үш өзен» деп аталатын екі қысқа толғауы арқылы уақыттын құмдай сусыған өткіншілігін жырлайды.

Атамыз біздің бұ Сүйініш,

Күйеу болып барған жұрт.

Анамыз біздің Бозтуған

Келіншек боп түскен жұрт,—

десе ата-анасының дүниеге келгенін, кеткенін айтып отыр. Ол да бір дәурен, ол да бір уақыт.

«Жатып қалған бір тоқты, жайылып мың қой болған жер» деп жырау уақыттың хроникасын жасайды.

Қазақ халқы өз алдына дербес ел болып, ірге көтерілуге бет бұрып жатқан кездерде (XIV—XV ғғ.) осы өңірде бірнеше ғұлама ғалымдар өмір сүріп, тарихи шығармалар жазған. Бұларда да тәлімдік-тәрбиелік тұжырымдар аз кездеспейді. Мәселен, Ұлы жүздің Дулат тайпасынан шыққан **Мұхаммед Хайдар Дулатидің**

(1499—1551 жж.) «Тарихи Рашиди» («Рашидтің тарихы») атты шежіресінде сол кездегі көшпелі қазақтардың өз көршілерімен қарым-қатынасы, олардың тыныс-тіршілігі суреттеледі. Осы шығарманың қазақ тарихына қатысты тұстарын В.В. Веньяминов — Зернов (1830-1904 жж.), сондай-ақ жекелеген үзінділерін қазақтың белгілі тарихшысы С. Асфендияр — (1889—1938) зерттеген. Шежіренің нұсқалары Ленинград пен Душанбе кітапханаларында сақтаулы. Бұл еңбектегі көтерілген басты мәселенің бірі — Сейітхан мен Мұхаммед Хайдардың Қасымханның ордасында қонақ болған кезінде сұхбаттасқан түрлі тақырып төңірегіндегі әңгімелері. Мұнда көшпенді дала халықтарының әдет-ғұрып, әлеуметтік-психологиялық, этнографиялық ерекшеліктері сөз болады. Мәселен, Үзінді... «Біз — даланың халқымыз, бізде сирек ұшырасатын, қымбат заттарымыз жоқ, дүние жиһаздарымыз да көп болмайды. Ең басты байлығымыз — жылқы, оның еті мен терісі біздің ең тәуір тамағымыз бен киіміміз... жерімізде бау-бақша да, ғимараттар да жоқ, біздің көңіл көтеретін жеріміз — малдың жайылымы мен жылқы үйірі, сондықтан біз жылқыға көзіміз тоймай қызыға қарап тамашалаймыз».

Осы кезеңде өмір сүрген қазақ ғалымы Ұлы жүздің Жалайыр руынан шыққан **Қадырғали Қосынулы Жалаири** (1530—1605 жж.). Шежіреші ғалым былай деген: «Мен дүние жүзіндегі мемлекеттерді аралаған, әділ үкім, нақыл сөзге қанық, көптеген кітаптар оқыған адаммын». Бізге ол жазған шежіренің (1602 ж.) екі көшірмесі мен шағын үзіндісі ғана жеткен. Бірінші бөлімін жазған кезде ол Рашид-әд-диннің әйгілі «Жамиғ-ат-тауарих» кітабын негізге алған. Кейін бұл «Шежірелер жинағы» деп аталып кеткен. Мұнда түркі-моңғол тайпаларының, Шыңғыс пен оның ұрпақтарының тарихы баяндалған. 2-ші бөлімде Токтамыс, Хажыгерей, Хажы-Мұхаммед, Әбілхайыр, Жәдігер, Ораз-Мұхаммед билердің өмірі туралы жазған. Бұларда қазақ хандығының құрылу алдындағы тарихи-әлеуметтік жағдайлар мен көшпелілердің тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, психологиясы, мақал-мәтел, нақыл сөз түрінде көрініс тапқан.

Шыңғыс әулеті, шейбани руынан шыққан, шене жағынан қазаққа туыс **Әбілғазы Баһадүрхан** (1602—1664 жж.) есімінен де қазақ иісі байқалады. Мехрибану ханым — Арал теңізі бойын жайлаған көшпелі қазақ сұлтандарының қызы. Әбілғазы соның



тәрбиесін алған. Әскер басы ретінде талай соғысқа қатысып, мемлекет басқару ісіне де араласады. Тарихи тақырыпқа енген еңбектері «Түрікпен шежіресі» мен «Түркі шежіресі». Соңғысы тоғыз тараудан тұрады. Онда Дешті Қыпшақтағы әкімшілік істері, қазақ хандары, шешендері мен ақын-жыраулары туралы сөз болған. Әбілғазы араб, парсы тілдерін, түркі халықтарының тілдері мен әдебиетін (фольклор, шежірелерін, хикаяларын, толғауларын т.б.) жақсы біліп, олардың біразын аталмыш еңбектерге енгізген. Екі еңбекте де (екіншісі аяқталмай қалған) сол кездегі басты-басты қазақ ру-тайпаларының тарихына, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты тәлім-тәрбиелік мәні бар ұлағатты, үлгі-өнеге беретін нақыл сөздер де аз кездеспейді («Хан біреу болса — ел түзелер, екеу болса — ел бұзылар»..., «Екі еркек бір қатын ала алмайды, бір төрге екі төре сыймайды»..., «Он дәруіш бір кілемге сияды, екі әкім бір елге сыймайды» т.б.) жақсы дәлел.

Дала феодалының отбасында Жайықтың сол жағалауында (Кіші жүз) дүниеге келген **Шалкиіз жырау** (XVI ғ.) жастайынан жорықтарға қатынасып, Қырымның, солтүстік Кавказдың, Донның аумағын түгел шарлайды. Өжет жырау өзінің билеушісі Темірдің дегеніне ылғи да көне бермейтін. Кейінгі жылдары ол Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігіне қоныс теуіп, соғыс жорықтарына қатысады, ел қорғайтын ер, батырлардың бел ортасында жүреді. Шалкиіз — орта ғасырлардағы көшпелілер ой-пікір тарихындағы ең жарқын, елеулі тұлға. Дала батырының ұрыстағы қаһармандығы мен өжеттігі, ержүректігі мен батылдылығы көшпелілер психологиясы, әсіресе олардың негізгі қару-жарағы — алдаспанның қуатын дәріптеу, тайпаларды бірлікке шақыру — жырау толғауларының басты тақырыбы. Шалкиіздің пайымдауынша, өтірікші, суайт, коянжүрек қорқақтар, мақтаншак екі жүзділер — адам деген ардақты атқа лайықсыз жандар. «Жақсы да келер бұ көпке, жаман да келер бұ көпке. Бір жаманмен дос болсаң, Күндердің күні болғанда, Жүмле ғаламға күлкі етер», «Жаман туған бар болса, жаман жолдас көп болса, жазаны содан көрерсің», «Ойлап тұрсам жаманның жаландаған өз басына тілі жау», «Жаманмен дос болсаңыз, жазымда басың қалмас па?», «Қырға шықпас жаманның, барынан да жоғы игі», «Жаманнан туған жақсы бар, Адам айтса нанғысыз». «Бір жаманға сөз айтсаң, Есікті кетер сарт ұрып» дегендері бүгінгі күнде де өзінің маңызын жойған жоқ.

Жақсы адам дос-жаранын жауға тастамайды, «тұяғымен жер тарпыған» оның дүлдүл тұлпары — айрылмас жан серігі. Өз заманының перзенті болған жырау алдымен дала шонжарларының мінез-құлық ерекшеліктерін көрсете келе, олардың бір-бірінен айырмасын, жеке-дара өзгешеліктерін бейнелейтін ұғымдарды көптеп қолданады. Ал уақыт, кеңістік туралы Шалкиіз:

Күлелік те ойналық,

Киелік те, ішелік.

Мынау жалғыз дүние

Кімдерден кейін қалмаған,— деп ұшпағы аз дүниенің тұрақты ештеңесінің жоқтығын, бәрінің артта қалатындығын, адалдық, адамдықтың қымбат екенін еске түсіреді. Шалкиіз толғаулары рухы аса күшті, философиялық ой-толғамдарға аса бай, олар қысқа да болса, нұсқалығымен ерекшеленеді.

Алшын руынан шыққан әскери аристократияның көрнекті өкілі, шынжыр балақ, шұбар төс қазақ феодалының отбасында туған **Жиенбет жырау** (XVII ғ.). Есім ханның бас биі, әрі әскери қолбасшысы еді. Оның соғыс кезіндегі өжеттігі мен ұйымдастыру қабілеті 1620 жылы қазақтардың ойраттарға қарсы соғысында айрықша көрінеді, жат-жұрттық басқыншыларға қарсы күресте жеңіске жетуге көп септігін тигізгенмен ғұмырының соңғы жылдарында ол дала билеушісі Есім ханға жақпай, ұзақ уақыт қуғында жүрді:

Үш ай тоқсан кезінде,

Қошқар менен бура мас,

Нақ көктемнің кезінде

Айғыр менен бұқа мас,

Қыздар менен жігіт мас.

Сол мастықтың күшімен

Алдына келген мен бір жас,

Кессеніз, ханым, міне, бас,—

деп хан алдына салып-ұрып жетіп келген Жиенбет жыраудың жүрегінің түктілігіне қайран қаласын. Ол сонымен қатар шешендік ұйқастың ірі шебері екенін танытады.

Жиенбет жырау қазіргі Қарағанды және Семей облысының шекарасындағы Өгізтауда жерленген. XV—XVIII ғғ. жыраулар қазақ үшін өте мазасыз кезеңде өмір сүрген. Олардың жайғасып, жамбастап жатып шығарған сөздері некен-саяқ. Хан мен қараның

арасына қағылған сынқазық іспетті көздеген тұсқа дік еткізеді, аз сөзге көп әрекет сыйғызады. Бұлқынып бел шешіп айтады, әрі ақындығына, әрі батырлығына сенеді. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жок» деген қағиданы қатты ұстанады. Әрі қысқа, әрі нұсқа орақтай өткір жырларды қынаптан суырғандай домалатып тастай береді.

### **Бакылау сұрақтары:**

1. Асан қайғы толғауларының моральдық-психологиялық мәні мен ерекшеліктері.

2. Қазтуған, Шалкиіз, Жиёмбет жыраулардың басты тақырыптары.

3. Әбілғазы Баһадүрхан, Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири, еңбектеріндегі психологиялық ой-толғамдар.

**Әдебиеттер:** 47, 48, 51, 53, 62, 63, 67, 72, 82, 84, 126.

### *XVIII—XIX ғғ. бірінші жартысындағы психологиялық тұжырымдамалар*

Осы кезеңнің көрнекті өкілдердің бірі — **Ақтамберді жырау (1675—1768 жж)**. Қаратау бойында, Оңтүстік Қазақстанда дүниеге келген. 15 жасынан бастап жорықтарға қатысып, жоңғарларға қарсы ұрыстарда даңқы шығып, ержүрек ерлігімен белгілі болған. Әйгілі батыр, жауынгер, әскер басшысының бірі. Оның ақындық таланты тым ерте танылып «Он екіде аттанып, қылыш ілдім білекке» деп өзінің жорық жортуылына ерте араласқанын сөз етеді, жалынды жырларымен халықты жат-жұрттық басқыншыларға қарсы күреске жігерлендіреді. Жоңғарларды түбегейлі талқандап, шығыс аймақтарды қайтарып алғаннан кейін Ақтамберді жырау қазақтарды босатылған жерлерге орналастыруға қатысады. Жырау толғауларында көшпенділердің өзіндік психологиясы көрініс тапқан (ақ көңіл, қонақ жайлы, меймандостық т.б.) — ұлттық қасиет. Қазақ үшін байлық — мал (тамақ, киім, көлік, жүйрік). Сайып келгенде жастарды шаруашыл, еңбекқор, бірлікке, татулыққа ата-ананы сыйлауға, туған жерді жаудан қорғауға, ер жүректікке, батыр болуға шақырады, табандылыққа, ерлікке үндейді.

Күмбір-күмбір кісінетіп,  
Күренді мінер ме екенбіз.  
Күрек тісін ақситып  
Сұлуды сүйер ме екенбіз.  
Күдеріден бау тағып,  
Кіреуке тон киер ме екенбіз.  
Жағасы алтын, жеңі жез,  
Шығыршығы торғай көз,  
Сауыт киер ме екенбіз.  
Сырттан сауыт келген соң,  
Қоңыраулы найза қолға алып,  
Қоңыр салқын төске алып,  
Қол қашырар ма екенбіз,—  
деген толғауы соның дәлелі. Сондай-ақ:

Жауға шаптым ту байлап,  
Шепті бұздым айғайлап.  
Өлім деген ойда жоқ,  
Жалынды жүрек қанқайнап.  
Ерлер жұртын қорғайды,  
Өлімге жүрміз бас байлап,— деп ел мен, жертұтастығын,  
тыныштығын ойлайды.

Жеңіме жамау түскенін,  
Жарлылық сенен көремін.  
Жағама қолдың тигенін,  
Жалғыздық сенен көремін,— деп өз ғұмырынан да хабар  
береді.

Осы кезеңдегі қазақ ойшылдарының корнектілерінің бірі —  
**Бұқар жырау (1685—1777 жж)**. Қазіргі Өзбекстанның Бұхара  
шаһары маңындағы Белібай ауылында туған. Өмірі жайлы нақты  
мағлұматтар аз. Әкесі Қалқаман батыр қаһармандығымен аты  
шыққан (90 жастан аса өмір сүрген). Бұқар қазақ даласындағы ірі-  
ірі қоғамдық-саяси оқиғалардың бел ортасында жүреді. Ол ислам  
уағыздарын (мұсылманша сауаты бар)

Алла деген ар болмас  
Ақтың жолы тар болмас  
Тар пейілді кеңілмес,

Кең пейілді кемімес,— деп шама шарқынша дінді насихат-  
таумен айналысқан, ел басқару ісіне белсене араласқан. Абылай  
ханның ақылгөй, тәжірибелі дана кеңесшісі болады. Жыраудың  
толғауларының дені «Ай, Абылай, Абылай» деп басталып, халық  
қамын, келер күнді ойлаумен тынады. Негізгі ойын айту үшін  
ханды сынап-мінеп отырады, сондықтан да ақынның кейбір сөзі  
кейде ханның қатал әмірінен де биік, өйткені ол қазақ деген елдің,  
жерінің атынан сөйлеседі. «Жұртыңа жаулық сағынба» деп ханды  
кисынсыз жорықтардан сақтандырады.

Хандар киген қамқа тон —  
Шүберек болар тозған соң  
Еңсесі биік кең сарай —

Мортық болар өлген соң,— деп хандық салтанаттың ғұмыры  
ұзақ еместігін аңғартады. Ойшыл жырау өзі өмір сүрген дәуір  
ерскішеліктерін (ақ пен қараның іс-әрекетін таразыға салып, сан-  
алуан өмір құбылыстарын ой елегінен өткізіп отырды) реалистік  
тұрғыдан дұрыс суреттей алған. «Ағайын тату болса, жат жанынан

түнілер», — деген халық мәтелін құптай, халықтың тату-тәтті өмір сүруін армандады. Қазіргі әлеуметтік психологияға бір табан жақын идеясы — ол адамның жас ерекшеліктеріне берген сипаттамасы (әр жастағы адамдардың көңіл-күйі, сезімдері, мінез ерекшеліктері, сенім, қызығулары, әдет-дағдылары) түрлі болып келетіндігі жөнінде қызықты ой толғайды.

Адам өмірінің ішінде жігіттік пен кәрілік шаққа ерекше көңіл бөледі. Өскелең ұрпаққа ақыл-ой, адамгершілік, имандылық тәрбиесін беруге ерекше мән беріп, шешендік өнерді жастар тәрбиесінде басты өлшемдердің бірі деп есептейді. Бұқар жырау қазақ акын-жыраулары арасынан тұңғыш рет кәрілік құпиясына терең үңіліп, оның сан килы ерекшеліктері туралы пікірлер айтқан ғұлама. Оның кәрілік туралы айтқандары, көпті көрген ақылман қариялардың тәлімгерлік үлгі-өнегелері, туған жерге, ата-мекенге деген патриоттық сезімдерге толы толғаулар. Онда жас ерекшелігіне байланысты жиырма мен тоқсан жастың арасына баға береді. «Тоқсан деген жасыңыз ажалдан басқа жоқ деген екен», немесе «Менің жасым тоқсан үш, мұнай былай сөйлеуім маған да болар ауыр күш» деуінде кәрілік философиясы көрінеді.

Өкпеңменен қабынба,

Өтіңменен жарылма.

Басына мұнша көтерген

Жұртыңа жаулық сағынба.

Күнінде мендей жырлайтын

Токсан үште қария

Енді саған табылмас, деуінде де үлкен мән жатыр.

**Шал ақын (1748—1819 жж.)** — XVIII ғ. әдебиетіндегі ең көрнекті тұлғаның бірі, өзінің психологиялық ой-толғауларымен көзге түскен. Қазіргі Көкшетау облысының, Азат теміржол станциясы маңында туған. 15 жасынан ақындығымен даңқы шықты. «Он бес деген жасым-ай» деген өлең соның дәлелі. Онсыз бірде-бір мереке, той-думан өтпейтін. Ол өзінің ағайын, жекжат-жұрағат туыстарының достығын, береке-бірлігін жырлап, оларды топтасуға, бір-біріне қол ұшын беруге, ізетті де, әділетті болуға шақырған. Шал өлеңдерінен қоғамдағы теңсіздік, заман, адам жайлы ой анық көрініп тұрады.

Адам ғұмырының әртүрлі кезеңдеріндегі (балғын балалық, жігіттік, кемел жас пен қарттық шақ) Шал ақының өзекті тақырыптарының бірі. Ол тіршіліктің байлығы — денсаулық, еңбек

ету, отбасының жайлылығы дейді. Сонымен қатар, қазіргі кезде психологиялық маңыздылығын жоймаған жігіт-желеңнің үш түріне сипаттама береді.

Мәс., 1-ші үлгісі — болбыр, бозөкпе, арамтамақ, надан, жалқау — бұл «құржан», адам атын жамылған жансүлде — өмірде мақсаты жоқ, мағынасыз өмір сүретін адам.

2-ші — керенау, кербез, мешкей, мақтаншақ, өркөкірек, екі жүзді, тойымсыз — мұндай адам «еті тірі», «пысық» жан, қызғаншақтық, жеңілтектік — оның ерекше қасиеттері.

3-ші — жаны жайсаң, «жігіт жан», ой-мақсаты жан-жақты, өрісті, сабырлы да салиқалы, еңбек сүйгіш, халқына, адамдарға пайдалы болып келеді дейді. «Кәрілік туралыда»:

Қатты-құттыға өтпейді қайран тісім,

Кәріліктің келгенін біледі ішім.

Сүйіктісін сүйірлеп кесіп жейді,

Дастархандас, табактас болған кісім,— деп кәрлікті сынаса;

Жамандар өзін-өзі зорға санар,

Бір өзінен басқаны төмен болар.

Жақсылар — ағын судай, асқар таудай,

Жаймалап қайда жақсы орын алар, — деп жаманнан қашқызып, жақсыларға құштар етеді. Шал ақынның бұл тұжырымы қазіргі кезде де маңызын жойған жоқ.

XIX ғ. бірінші жартысындағы ғұламалардың ішінде өзіндік психологиялық түйіндерімен Дулат Бабатайұлы (1802—1871 жж.) ерекше көзге түседі. Семей облысы, Аягөз ауданында туылған, молдадан дәріс алған. Дулат толғауларынан әл-Фараби мен Дуани (XV ғ.) дәстүрлері байқалады. Өз жырларына қазақ халқының көне тарихи, аңыз-әңгімелері мен этикалық ертегі-жырларды арқау етті. Ақын ізгілік пен зұлымдық, жақсы, жаман ниет, жомарттық пен сараңдық, надандық арасындағы айырмашылықтарды тәптіштел түсіндірді. Баланың ата-аналарының жақсы өнегелеріне еліктеуі, білім игеру, кәсіппен айналысу, кісі тек өзі үшін ғана емес, жұртқа ортақ іс үшін еңбектенуі қажет, ол өмірді парасатты негізде құра білуі тиіс, ерік-жігер мен еңбек, сөз бен істеу бірлігі — адамның көсегесін көгертеді, оның мәртебесін арттырады (тәлімдік пайымдар). Ата-аналарын сыйламай, еңбексіз бос жүретін, өсек-аянға үйір кейбір жас адамдарды жазғырады. Кәсіптік өнерді мадақтайды, зергерлік өнердің маңызын, олардың жастар үшін іс жүзіндегі мәнін атап көрсеткен.

Дулат акындық өнер, сөз құдіреті туралы да терең толғанған ақын. «Абайға дейінгі қазақ ой-пікірінің даму тарихында сөз дүлдүлдері жайында пікір айтып, олардың психологиясын байқай білген Дулаттан басқа ойшылды табу қиын»,— дейді профессор Қ.Б. Жарықбаев. Бұған келесі айтқандары дәлел: «Сөз жібек жіп, жыр кесте, құр сөзде күш болмас, ауызға салып шайнамай, жыршылардың шәйірі асыл сөзді езбеген нысананы дәл басып қалған жерден көздеген». Ақын әр кез жақсы сөз — жанға жібектей жайлы тиеді, ақылды адамның сөзі ықшам, тәртіпті, жүйелі келеді, шешендік, тілге жүйрік болуға адамға аса жарасымды сипат дейді. Сөйлей білу — үлкен өнер, ол кез келген адамға қонбайды, көпті көрген, өмірден түйгені мол адамдардың сөзі де, ісі де берекелі болады. Сөздің шашыраңқы болуы, ойдың көмескі мазмұнсыз, сәнсіз болуына алып келеді, ал ойсыздықтан асқан бишаралық жоқ. Ойлы сөз адамның жан-жүйесіне ерекше әсер етеді.

«Шешендік сәні тоқ,  
Сөзіне сүттей ел ұйып,  
Қолтығына ел сыйып,  
Басына бақыт қонбаса».

Дулат толғауларында туған жердің әсем табиғаты, оның асқар тауы мен тасы, жасыл орманы, мөлдір суы айқын түрде суреттеледі.

Қамшының сабындай ғана қысқа өмірінде артына өшпестей із қалдырып, отты өлеңдерімен халыққа ой салған қазақтың ойшыл ақыны — **Махамбет Өтемісұлы (1804—1846 ж.ж.)** Орал аумағы, Орда ауданында туған. Молдадан дәріс алған. Он бес жасында Бөкей ордасындағы хан мұрагерінің тәрбиешісі болды. Көп ұзамай оның Жәңгір ханмен арасы ашыла бастады. Махамбет Исатайдан кейінгі көтерілісшілер көсемдерінің бірі, хан озбырлығына қарсы шыққан шаруалар қозғалысының басты дем берушісі. Көтеріліс сәтсіздікке ұшырағаннан кейін Махамбет Жайық (Орал) өзенінің арғы бетіндегі ауылдарда бас сауғалайды. Алайда көп ұзамай сатқындардың араласуымен қаза табады. Ақын өлең-жырларында жастардың әскери тәрбиесіне, дене шынығуына, олардың ерік-жігері мен мінез-құлқын тәрбиелеу ісіне зор маңыз береді, кейбіреулердің қорқақтық пен қоян жүректілігін айыптап, сатқындықты халық, туған-туыстары мен жақындары алдында кешірілмес масқаралық деп есептейді. Жастар тек «сымбатты да денелі, келісті» болып қана қоймай, сонымен бірге рухани жағынан



таза, ақыл-парасаты мол, не үшін тіршілік ететінін терең түсіне білетін жан болуға тиіс деп тұжырымдайды — атақты ел батыры.

Заманым менің тар болды,

Тура әділдік биде жоқ,

Бәрін айтта, бірін айт,

Қазақта бар да, менде жоқ, — деп «Жалғыздық» деген өлеңінде бақыт пен тағдырдың айнымалы екенін психологиялық тұрғыда қорытса, ал 29 жолдан тұратын «Күн қайда» өлеңінде өзінің ел, келешек алдындағы ұлы армандарын желіге тартқандай тізіп береді. «Толарсақтан саз кешіп» жүрсе де қайратқа шақырады. Оптимистік үнінен жаңылмайды. Сол аңсаған күндердің келеріне сенеді.

**Сүйінбай Аронұлы (1815—1898 жж.)** — ойшыл ақын, Жетісу аймағы, Верный уезі, Ұзынағаш болысында туған. Суырып салма ақын өзінің өлең-толғауларында өлең-дастандарында туған халқының талап-тілегін, мұң-мұқтажын жоқтап, қарапайым адамдардың ой-мақсатын білдіреді. Ол елдің ғасырлар бойғы арман-мүддесі мен мұраттарын көркем бейнелер арқылы зор шабытпен жырлады. Сүйінбай Аронұлының поэзиясы, ең алдымен терең психологиялық тұжырымдармен, көркемдік, әсемдік әлемімен, тілінің мәнерлі әуезділігімен сипатталады. Ол адамның мінез-құлқының әр алуан қалтарыс-қатпарларын ішкі психологиялық тебіреністерін, тұлғаның жеке басын, оның моральдық, рухани қадір-қасиеттерін шебер көрсетеді. Жақсы мен жаманнан, жексұрынды бекзаттықтан айыра білмейтін, жеке басының аمانдығын, бақытын ғана керек ететін адамдарды шенеп-сынайды. Ақынның психологиялық идеялары оның «Жақсы мен жаманның айырмасы», «Нақылдар», «Әділеттілік арнасы», «Бөрілі менің байрағым» т.б. осы сияқты лирикалық өлеңдері мен ақындық толғауларында терең суреттелген. Сүйінбай Аронұлының шығармашылығы тақырыбы жағынан жан-жақты, қозғаған әлеуметтік мәселелері жөнінен алуан қырлы. Оның шығармаларында адам мінезі әрқашан бірінші орында тұрады. Өйткені, қандай да болмасын әрекет, кимыл адамның ішкі психологиялық жаратылысынан туындайтынын ақын жақсы түсінеді. Мысалы:

Әсері асыл сөздің балдай татыр,

Бұл жерде көңіл қорқақ, тілім батыр...

немесе: «Екінші қымбат нәрсе көңіл деген,

Көңілі бұзық адамнан түңіл деген,

Үшінші қымбат нәрсе ақыл деген,  
Ақылсызда тәулық жағы тақыр деген.  
Төртінші қымбат нәрсе шүкір деген,  
Нығматқа шүкіршілік күпір деген,  
Бесінші қымбат нәрсе әдеп деген,  
Әдеп деген махаббатқа себеп деген.  
Алтыншы қымбат нәрсе сабыр деген,  
Сабырлы адам мұратын табар деген...  
немесе: Жақсылар хактан көңіл аудармаған,  
Жаманға құдай рахмет жаудырмаған,  
Болмайық төрт аяқты мал секілді.  
Қуарған жапырақсыз тал секілді...  
Бақшадай жігіт адам көркейеді,  
Ғылыммен сөз сөйлесе бал секілді...

Ақын, әсіресе, айналага сүлесок, селқос қарауға қарсы. Жақсының жақсы екенін, жаманның жаман екенін талғап, ажыратып алмаушылықты адамның ең үлкен міні деп есептейді. Ол психолог-маманша адамның көңілі ояу, санасы тұнық, зерделі болуын қалайды.

Сүйінбай ақынның суырып салма өнері, бізге жеткен ән әуендерінің таңдаулы дәстүрлерін **Жамбыл Жабаяев** бастаған оның талантты шәкірттері іліп әкетіп, кейінгі толқын жалғастырып келді.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ақтамберді жыраудың кошпенділерді жаугершілікке, ерлікке, жауға қарсы жігерлендіруге үндеген толғаулары.
2. Бұхар жырау мен Шал ақынның жас ерекшеліктер туралы психологиялық ой-тұжырымдары.
3. Дулат Бабатайұлының шығармашылығының тәрбиелік маңызы.
4. Махамбет Өтемісұлы, Сүйінбай Ароңұлы өлең-жырларының психологиялық мәнділігі.

**Әдебиеттер:** 9, 47,48, 51, 54, 62, 63, 67, 72, 84, 126.

### *ХІХ ғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы психологиялық пікірлер*

Осы кезеңде қазақ жерін Ресей империясы түгелдей жаулап алуын аяқтады. Өлкеге ішкі жақтан қоныстанушылар ағыла бастады. Ел билігімен қатар жер билігі де түгелдей патша әкімдерінің қолына көшті, жекелеген өнеркәсіп орындары, саудасаттық, ақша қатынасы дами түсті. Қала мәдениетінің ықпалы күшейді, ғылым мен мәдениетке қазақ жастарының қызығушылығы бірсыпыра жоғарылады.

Осынау кезеңде дала халқының сана-сезіміне қозғау салған, қоғамдық аренаға паш етіп шыққан халқымыздың аяулы перзенттері, ұлы демократ-ойшылдары: **Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтар** шығармаларынан өресі биік психологиялық ой-пікірлерді көптеп кездестіруге болады. Олар өзге халықтар сияқты, ұланғайыр кең өлкеде тіршілік еткен қазақ халқының жас ұрпағын тәрбиелеп, өнеге көрсетудің әлеуметтік жағдайы және оны іске асырудың жол-жосығын іздестірген қайраткерлер, халықтың мұң-мұқтажын ойлаған кемеңгерлер болды.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш. Уәлиханов өз халқының тағдырын ойлап, өнер-білімге, мәдениетке баулуды арман етсе, ұлы Абай халқымыздың тіршілік бейнесі мен мінез-құлқын көркем сөз, поэзия арқылы жеткізіп, қараңғылық пен наландықтан арылудың жолын іздеді. Жалпы қауымға, жастарға білім беріп, оларды өз халқының қамқоры мен азаматтары болып шығуды насихаттады. Білімнің, өнердің берер пайдасын поэзияның көркем тілі арқылы бейнелеп, халықты әділетке, қайырымдылыққа және мәдениетке шақырды.

**Ш.Уәлиханов** (1835—1865 жж.) бүкіләлемдік өркениет қорынан мейлінше мол сусындаған, жан-жақты білімді, озат ойлы, ерекше дарынды адам еді. Ол өзін тарихшы, ізденімпаз, ерінбес этнограф, батыл саяхатшы, қажымас географ, білгір әдебиетші, шебер суретші, жалынды публицист, жан сырын ұққыш нәзік психолог ретінде көрсете білді.

Қазақ топырағында ағартушылық идеяның туын алғаш көтерген Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов небәрі отыз-ақ жыл өмір сүрген. Шоқан аз өмірінің ішінде бүкіл адамзаттық ғылымның көптеген салаларына бағасын мәңгі жоймайтын зор үлес қосты. Шоқан Уәлихановтың пікірінше, халықтардың ұлттық психологиясын көрсететін белгілерінің бірі — сол халықтың тіл байлығы, сөз өнері, шешендік қасиеттері. Ол сөз өнерін халық бойына біткен зор таланттың, керемет қабілеттің, ақындық қуаттың белгісі деп санады. «Халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы,— деп жазды ол,— бәрінен де артық тілден көрініс табады. Өткенді қастерлеу және аңыздардың молдығы — терістік және Орта Азия көшпелі халықтарының ерекше қасиеті. Қазақ тілінде араб тіліндегідей жасанды бояу сөздер жоқ, ол — нағыз таза тіл».

Белгілі бір этнос өкілі ретінде адамның психологиялық тұрғыда өзі туралы түсінігіне, біріншіден, сол этникалық ортада таралған осы этностың ерекшеліктері мен қасиеттерін өзіндік бағалауды құратын пікірлер мен көзқарастар, екіншіден, осы этносқа өзге этникалық топтардың өкілдері берген бағалар мен пікірлер ықпал етеді десек, осыдан Шоқан Уәлихановтың қазақ-қырғыз елдері мен т.б. көршілес елдердің тілін, дінін, мәдениеті мен әдебиетін, салт-дәстүрін жан-жақты зерттеп, ғылыми еңбектер («Абылай», «Сібір қазақтарының сот реформасы туралы записка», «Шаман дінінің қазақтар арасындағы қалдықтары», «Жоңғария очерктері») жазу арқылы Шығыс халқын орыс, батыс оқымыстыларына таныстыруы халықтың ұлттық өзіндік санасын қалыптастыруда құндылық бағдарларын және өз халқы мен өзге халықтарға қатынасындағы бағытын анықтауға, ұлттық пен жалпы адамзаттықтың үйлесімділігін табуға ұмтылуы түсінікті.

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы ұлы классик ақын Абай Құнанбаевтың (1845—1904 жж.) ағартушылық көзқарасына тоқталсақ, өзінің өлендері мен кара сөздерінде оқу, өнер-білім үйрену, оны халық қажетіне жұмсау, жастарды адамгершілік қасиеттерге, өнегелі мінез-құлыққа тәрбиелеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Оның сан қырлы шығармаларында ұстаздық өнер мен жас ұрпаққа білім беру ерекше орын алатын әлеуметтік ауқымы кең, мақсат-мүддесі терең мәселе болып көтерілді. Абайдың ғақлия сөздері адам баласы өмір тіршілігін терең қамтитын тоқсан түрлі ой-пікірдің жиынтығы және қалың бұқараны надандықтан азат етіп, өнер-білімге, ақыл-парасатқа үйретудің қуатты құралы деп санауға

болады. Ал көркем шығармалары халыққа үлгі-өнеге көрсетіп, жастарды білімқұмарлық пен тіршілікке баулудың теңдесі жоқ үлгісі. Абайдың ақындық шығармашылығының негізгі мәселесі — жан мен тәннің арақатынасы, адамның психологиялық даму жолындағы тәрбие мен білімнің атқаратын қызметі, сондай-ақ оларда бала психологиясы мен қоғамдық ұлттық психологияның жекелеген мәселелері де көрініс тапқан. Абай үш маңызды (ақыл, сезім және қайрат-ерік) мәселелерге психологиялық тұрғыдан терең түсінік береді. (Мыс., 17, 20, 43 т. б.). Абайдың түсінігінше, ақыл мен сананы бірлікте қарастырған жөн, себебі бұлардың арасы ажырап кететін жағдай туса, онда адам бойын басқарушы және жетекші рөл атқаратын жүрек әлсізденеді. Ақыл мен ерік — адам өміріндегі шешуші нысандар.

Абай өлеңдерінде әлеуметтік уағыз басым, онда әдемілік, кемістікті суреттеумен қатар, достық қарым-қатынас, адамның бір-біріне деген қатынасы, іс-әрекет барысындағы адамды танып білу. Шындықты танып білуді Абай материалистік жолмен түсіндіреді. Адамның сезім мүшелерін білу — танудың көзі болып табылады. «Көзінмен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар аламыз», — дейді Абай. Нағыз ақылды адам әрқашан күнделікті өмірдің жаңа талаптарына көңіл бөле отырып, мимен жұмыс істеу арқылы өмір сүреді (Қырық үшінші сөз).

Абайдың түсінігінше, адамның ғылыми дамуына зор әсер ететін үрдістердің бірі — оның ішкі қабілеті. «Білімнің ғылымды көбейтуде екі қаруы бар: бірі адам ішіндегі мұлахаза (ойлай пікірлесу), екіншісі — берік мұхафаза (сақтау, қорғау) қылу, бұл екі қуатты зорайту есінде болу керек. Абай бұлар зораймай ғылым зораймайды», — деп пайымдаған. Сондықтан қиял мен ойды қатар жан-жақты дамытып отыру керек, бірақ пайдасыз нәрсені қиялдаудың қажеті жоқ, сондықтан ойды сақтандырып отыру керек.

Сезім — жан көріністерінің бірі болып табылады. Абайдың ұғынуынша, сезім — жүректің қасиеті және адам өмір сүруінің басты шарты, ол тамырлармен қан жүргізеді, ол — жанның тұрақты мекені, онсыз өмір жоқ. Сондықтан да, адами сезімдер жүрекке тән қасиет болып табылады. Абай өзінің қара сөздерінде келесі сезімдерге ерекше тоқталып, олардың мән-жәйін терең сипаттап көрсеткен (қуаныш, күлкі, қайғы, ашу, ар-ұят т.с.с.), ал бабамыздың

достық пен қастыққа байланысты айтқандарын ескерген жөн: «Бұл екеуі де жүрек ісі, ақылды адамның ары мен ұяты ақылдың күзетінде болады. Жүрек теңіз, қызықтың бәрі асыл тас. Көбіне жауыздық адам бойында жиі болып тұрады, ал ізгілік ұзақ уақыт бола алмайды. Үміті үзілген адамның болашаққа деген көзқарасы айтарлықтай сенімді болмайды. «Үмітсіз — шайтан ғана» дегендей, адам бойында үміт оты өшпеуі керек».

Әркімді заман сүйремек,

Заманды қай жан билемек ?

Заманға жаман күйлемек,— деп заман мен адам арасындағы қарым-қатынастың психологиялық тұжырымын жасайды.

Ағартушының ойынша, халықтың ұлттық өзіндік санасының оянуы өзге халықтар арасында қорланбай тең дәрежеде өмір сүрудің бірден-бір мүмкіндігі және оның жолы өз халқының ана тілін, әдебиеті мен мәдениетін меңгеріп қана қоймай, әлемдік мәдениетпен танысып, өзін солармен салыстыру арқылы білімге, ғылымға, тіл үйренбекке ұмтылу деп білді. Мысалы, жиырма бесінші кара сөзінде Абай «Орысша оқу керек, хикмет (керемет, ғажайып) те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкіреккөзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі сонымен бірдейлік дағуасына (теңдікке үндеу хақысына ие болу) кіреді, аса арсыздана жалынбайды ...

Абайдың пайымдауынша адамтануды өрбітетін игіліктер: сезім — сана — ой; адамдықты көрсететін қасиет-құндылықтар: жан — тән — рух; бір жағы: мінез — әрекет — тәжірибе; өмірге жақындатқызатын бағдарлар: білім — өнер — кәсіптік икемділік. Құндылықтың осы төрт топтары салыстырмалы түрде адамды өз-өзімен табыстырады, өзін өзгемен жарыстырады, қала берсе халық игілігіне сай келтіреді.

Ұлтаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін меңгерген ағартушылар Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев арнайы психологиялық-педагогикалық еңбектер жазбағанымен, ғылыми-әдеби және жастар тәрбиесіне арналған еңбектерінде әртүрлі ұлттар мен халықтардың жақсы қасиеттері мен дәстүрлерін, мәдениетін құрметпен атап көрсетті, қазақ халқының ұлттық мінез сипаттарын олармен салыстыра отырып баяндаулары — ұлттық сана-сезімнің қалыптасуында өзге ұлттардың мәдениетімен салт-дәстүрлерін білудің маңызын көре білгендерін дәлелдейді.

Халық үшін аянбай еңбек еткен дарындардың бірі — қазақ халқының тұңғыш ағартушысы, жазушы, жаңашыл педагог **Ы.Алтынсарин (1841—1889 жж.)** Шоқан сияқты арнаулы психологиялық еңбектер жазып қалдырмаған. Бірақ оның сан алуан ойға толы шығармаларынан (оқу құралдары, хаттары мен жазбалары т. б.) қоғамдық және педагогикалық-психологиялық мәселелеріне орайлас айтылған көптеген қызықты деректер табылады. Бұл пікірлер оның тәрбиесіне қатысты тәжірибелік істерінен де туындаған сияқты. Ой қозғаған осындай түйіндерге: бала және оны тәрбиелеу жолдары, оқыту үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздері, мұғалім-ұстаз мәселесі, қоғамдық психология мәселелерін т. б. жатқызуға болады. Ы.Алтынсарин «Хрестоматия» атты еңбегінде жасөспірімдердің жан дүниесін, ақыл-ойын қалыптастыруға ұдайы көңіл бөлу, мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті деп есептеген. Көшпелі қазақ баласының айналасын дұрыс қабылдай алуы, осыған оның байқағыштық қасиеттерін арттыру, жетілдіру мақсатын көздеп «Хрестоматияға» үнді ертегілерін келтірді. Ыбырай шығармаларындағы қысқа-қысқа әңгімелер баланың сана-сезімін оятып, дүниетанымын кеңейтеді.

Ағартушы, ғалым-педагог адам өмірінде әртүрлі әдеттің алатын орны ерекше екендігін, істеген істің, жүріс-тұрыстың, демалыстың, яғни өмірдің сан алуан саласының қай-қайсысы да біртіндеп ұнамды, не ұнамсыз әдетке айналып отыратындығын, бірақ әдеттің де әдеті бар, яғни адамда жарамды, жақсы әдеттермен қатар жарамсыз, жаман әдеттер де болатындығын ескертеді. «Әдептілік — адам көркі», «Әдепті бала ата-анасын мақтатар, әдепсіз бала ата-анасын қақсатар». Осындай нақыл сөздер ұлттық тәлім-тәрбиенің бастау бұлағы. Халқымыз жақсы мінез-құлқымен, өнегелі ісімен көзге түскен жастарды әдепті бала екен дейді. Әдептілік — барлық адамға жарасатын қасиет. Ағартушы-педагогтың «Әдеп» әңгімесі соған дәлел. Бұл адам баласының жасынан алған тәрбиесіне, өскен ортасына, төңіректегі адамдардың қарым-қатынасына байланысты қалыптасатын қасиет. Салақтық — жаман әдет. Одан тәнге де, жанға да пайда жоқ. Ы.Алтынсариннің «Салақтық» атты әңгімесі жарамсыз әдеттің адамға зиянды екендігін айқын көрсетеді. Алтынсарин көтерген психологиялық мәнді мәселелердің енді бір тобы оның әдістемелік пікірлерімен астарласып жатады.

Ыбырай жақсы тәрбиеші ғана емес, ол сонымен бірге тәжірибелі, ой-пікірі озық мұғалім еді. Ы. Алтынсариннің тәрбиеші-

ұстаз, мұғалімдік өнер жөніндегі айтқандарында психологиялық түйіндер аз емес. Ол оқу-тәрбие үрдісіндегі мұғалім рөліне айрықша маңыз береді, мектеп ісінің сан-саласындағы жетістіктері мұғалімнің білімі мен іскерлігіне, беделі мен өз жұмысын жан-тәнімен сүйе білуіне байланысты деп түсінді. Ы. Алтынсарин халықтың мұң-мұқтажын білдіруші ағартушы-педагог ретінде өз халқының білімі мен мәдениетін, тұрмыс жағдайын жақсартуды игі мақсат етті, оны жүзеге асыру қазақтың озық ойлы және білімді азаматтарына байланысты деген ой түйді.

Қазақ даласында білімнің дамуы мен қалыптасуына Ыбырай Алтынсарин өте зор еңбек сіңірді. Ол патшалық Ресейдің орыстандыру, шокындыру және балаларға байлардың жеке мақсаты үшін білім беруді көздеген саясаттарын батыл айыптады. Орыс-қазақ мектептерін ашу туралы мәселелерді насихаттаумен қатар Ы.Алтынсарин тәрбие жұмысы барысында қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалана отырып өзінің «Қазақ хрестоматиясын» (1879 ж.) жазып ұсынды.

### **Бакылау сұрақтары:**

1. Абайдың кара сөздері мен өлеңдерінің психологиялық мән-маңызы.
2. Ш. Уәлихановтың психологиялық пікірлері.
3. Ы. Алтынсаринның педагогикалық-психологиялық туындылары.

**Әдебиеттер:** 1, 9, 46, 47, 48, 49, 50, 54, 63, 72, 108, 126.



### *Марксизм философиясына негізделген кеңес психологиясының дамуы*

Бірінші Петрдің реформасынан кейінгі Ресейде экономикалық және мәдени өрлеу үдемелі (прогрессивті) элеуметтік-философиялық және ғылыми ойдың дамуына ықпал етті. Ресейдегі әйгілі зерттеушілердің бірі — А.Н. Радищев. Ол адам психикасын табиғи ғылым тарапынан зерттеді. «Адам туралы, оның өмірі мен өлімі» туралы трактат жазды. Трактат екі бөлімнен тұрады. Алғашқы екі кітабында барлық ішкі құбылыстар «сезуші мен ойлаушының шын мәніндегі қасиеті» туралы ілімді қалыптастырды. Ал қалған кітаптарында жанның өлмейтіндігіне дәлелдер келтірді. А.Н. Радищев дүние жүзіндегі психикалық құбылыстардың орнын белгілеп, қағиданың негізі етіп материалистік монизм мен детерминизмді алды. Ғалым кеңістік жүйесінде бейнеленген психикалық құбылыстар кеңістікте өтеді деп санаған. А.Н. Радищевтің пікірінше, көптеген күш пен қасиетте танылатын «әртүрліліктің сансыз заттылығы», «біртұтас саты». Өзектілікке деген көзқарас, материалды тұтас деңгей түріндегі сезу мен ойлау «баспалдағы, сатысы». А.Н. Радищев адамның ойлауы «Өзіне тән сапа» екенін жорамалдап, К. Гельвещийдің ойлау мен түйсіну арасындағы сапалы айырмашылығына мән бермеуін сынға алды. Оның ойлау қабілетінің детерминациялану туралы көзқарасымен келіспеді. Д.Дидро мен А.Н. Радищев индивидумның ойлау сапасының дамуы тек қоршаған ортаның әсеріне ғана емес, сонымен қатар оның физикалық заңдылықтарымен де байланысты деген көзқарастары бір жерден шықты. Ол Д.Дидро сияқты тұтас халықтың және нақты адамның интеллектуалды дамуына ерекше көңіл бөлген. Бұл жерде А.Н. Радищев пен Д. Дидро пікірлерінің бір жерден шығуы материалистік идеяның қалыптасу қисынымен (логикасы) бірдей екенін білдіреді.

XX ғасырдың басындағы философиялық күресте детерминизм мәселесі ерекше өзекті болды. Детерминистік көзқарас интроспективтік әдістемені және оған сай психологиялық зерттеу шараларын ығыстырды. Өзін-өзі бақылаудың орнына объективті әдіс келді.

Объективті әдіс — адамға не әсер ететінін анық білуге, осы әсерлерге сапалық және сандық сипаттама беруге, сыртқы реакцияларды, көрінетін мінез-құлықты тіркеуге, тітіркендіргіштерді салыстыруға мүмкіндік беретін психологиялық зерттеулерді ұйымдастырудың қайнар көзі болды. Детерминизм қағидасын жүзеге асырудағы басты кезең — Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдасын ұсынуы болып саналады.

**Выготский Лев Семенович (1896—1934 жж.)** — ХХ ғасырдың көрнекті психологтарының бірі. Ғалымның 200-ден астам ғылыми мақалалары, 6 томнан тұратын шығармаларының толық жинағы және «Мәдени мұра» атты бағдарлама сериясы бойынша шыққан еңбектері бүкіл ғылыми қауымға белгілі. Л.С. Выготскийдің негізгі қарастырған мәселесі: баланың психологиялық дамуы, жеке тұлға қалыптасуының заңдылықтары, кеміс балалардың психикалық даму ерекшеліктері, мәдени-тарихи даму тұжырымдамасы мен тағы да көптеген өзекті мәселелер. Л.С.Выготский — психология ғылымымен қатар, басқа да іргелес ғылымдар — педагогика, дефектология, өнертану және философия саласына да өзіндік үлесін қосқан әйгілі ғалым. Мәдени-тарихи теориясында автор адамның әлеуметтік өміріндегі тіршілік бейнесі қоғамның даму дәрежесіне, әлеуметтік өрістің заттарды ұстап-тұтыну деңгейіне тәуелділігін, адамның жарық дүниеге келуінен өмірінің соңғы кезеңіне дейін ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде қалдыратын өмір тәжірибесін, іс-әрекеті мен мінез-құлық бейнесін, бүкіл жан дүниесінің өзгеріп, өрістеуінің қалыптасуына ықпал етіп отыратын тарихи фактор ретінде қарастырады. Сондай-ақ адамның азаматтық қасиетке ие болуы, кісілік сипаттарының жетілуі де өрістеп отыратын тарихи жағдайларға, әлеуметтік ортаға байланысты деп тұжырым жасайды.

Л.С. Выготскийдің психология ғылымында ерекше орын алатын тұжырымдамасы — бала дамуының жақын арадағы аймағы деп аталады. Мұның түпкі мәні — баланы тәрбиелеп оқыту, оған білім беріп, дүниетанымын қалыптастыру оның табиғи даму деңгейін оздырып отыруды талап етеді. Бұл талап, біріншіден, баланың психикасын, оның жан дүниесінің дамуын, ақыл-ой деңгейін өрістетіп, жетілдіреді, білім алуға жетелейді, оны өздігінен ойландырып-толғантуға, әрбір зат пен құбылыстың мазмұнын-мағынасын пайымдай білуіне жетектеп отырады. Бала оқу-тәрбие үстінде өз санасын неғұрлым күрделендіріп, заттар мен құбылыстар арасындағы себепті байланыстарды зерделей танитын міндеттерге машықтануы керек.

Ғалымның педагогикалық психологияға ендірген ерекшелігінің бірі: баланың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауда тарихи тәжірибелерді, тыныс-тіршілік шындығын өзгелердің сөзінен, тәлім-тәрбие өнегесінен жанамалай үйренуі. Осылайша, бала өзінің дербестігін, жеке басының психикалық қасиеттерін өрістетеді, әлеуметтік ортадан меңгерген білімі мен әр алуан мағлұматтары оның ішкі дүниесінің, психикасының дамуындағы ең жоғары функция, яғни болмыстың бала санасындағы бейнеленуі деп аталады. Л.С.Выготскийдің жоғары психикалық функциялардың мәселесі, талдауы, құрылымы, генезисі, ойлау мен сөйлеу тағы да көптеген ғалымның көтерген мәселелерін «Адамзат ақыл-ойының қазынасы» 10 томдығының бірінші томынан (Алматы, 2005) оқып танысып білуге болады.

**С. Л. Рубинштейн (1889—1960 жж.)** атакты кеңес психологы, философ, Ленинградтық психология мектебінің өкілі. Атакты ғалым философия, психология, педагогикадағы іс-әрекеттік тәсіл тұжымдамасын ұсынған. Оның пайымдауынша: «Адам және оның психологиясы практикалық іс-әрекетте көрініс ала отырып қалыптасады және іс-әрекеттің негізінде (еңбекте, танымдықта, оқуда, ойында) зерттелуі қажет. Тұлғаға психологиялық сипаттама бере отырып, С.Л. Рубинштейн кез келген психологиялық құбылысты түсіндіруде, барлық сыртқы әсердің өзгеруі арқылы тұлғаның ішкі жағдайдың тұтас жүйесі ретінде көрінетіндігін айтады. Ғалым және оның шәкірттері іс-әрекет пен ойлаудың теориясын терең түрде зерттеп оны жасап шығарушылар. Негізгі еңбектері: «Основы общей психологии» (1946 ж.), «Сознание и действительность». Кеңес психология ғылымының жетілдірілген тұжырымдамаларының бірі іс-әрекет үлгісі: жалпы даму және тарихи даму, белсенділік, экстериоризация — интериоризация, сыртқы және ішкі іс-әрекет құрылымының бірлігі т.б.

**А. Н. Леонтьев (1903—1979 жж.)** — кеңес заманындағы психолог, психология ғылымдарының докторы, профессор. XX ғасырдың 20-жылдары Л.С.Выготский, А.Р.Луриямен бірлесе отырып, мәдени-тарихи теорияны талдап, жоғары психикалық функциялардың механизмін ашатын (соның ішінде құралдық-жанама әрекеттердің формаларының ішкі психикалық процестерге ауысуын) бірқатар эксперименттік зерттеулер жүргізді.

А.Н. Леонтьев пен оның мектебінің зерттеулері адам психикасының қоғамдық тарихи мәселесі мен оны зерттеудің әртүрлі әдістерін жасауға бағытталған. Психиканы зерттеуде А.Н. Леонтьев

өзінің тарихи-генетикалық бағытына сәйкес, психикаға деген көзқарасын іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде ашып көрсетті. Ғалым адамда тәжірибенің екі түрі — *туа берілетін және жүре пайда болатын* ғана емес, оған қоса, үшінші түрі де болатындығын дәлелдеді. Ол — адамзаттың өмір сүру барысында игерілген тәжірибесі болып табылады. Ал тұлға осы тәжірибенің негізінде дамиды. А.Н. Леонтьев пен оның шәкірттерінің зерттеулерінде психика мен ішкі іс-әрекет бірлігі теориялық тұрғыда негізделіп, эксперимент арқылы дәлелденді, ішкі психикалық іс-әрекет — өзгеріске түскен сыртқы заттық материалдық іс-әрекет екендігі анықталды. Осынан байланысты ішкі іс-әрекеттің шығу тегін зерттеуде «интериоризация» және «экстериоризация» ұғымдарының енуі ерекше орын алды. Ғалымның іс-әрекет және сана туралы тұжырымдамалары психологиялық тұлға теориясын дамытудың негізі болып табылады.

Атақты психолог **П. Я. Гальперин (1902—1988 жж.)** — ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру тұжырымдамасының негізін қалаған, кеңес психологиясының көрнекті өкілдерінің бірі. Аталмыш тұжырымдамада адамның психологиялық өмірі бағдарлаушы іс-әрекеттің ерекше формасы ретінде қарастырылады, тек танымдық үрдістер ғана емес, субъектінің идеалды әрекеттері — сыртқы және ішкі әрекеттердің жоспарлары да сараланады. Бұл тұжырымдама бойынша бағдарлаушы іс-әрекет субъектінің қажеттіліктері және қойылған міндеттері арқылы менгеріліп, жүзеге асырылады. Қазіргі кезде П.Я. Гальперин және оның шәкірттері дамытқан ақыл-ой әрекеттері жалпы психология, балалар және педагогикалық психология салаларында терең қолданыс тапқан тұжырымдардың бірі. П.Я. Гальпериннің негізгі еңбектері: «Ақыл-ой іс-әрекеті мен ұғымдарды сатылап қалыптастыру мәселесі жөніндегі зерттеудің негізгі қорытындылары» (1965), «Зейінді эксперименттік тұрғыда қалыптастыру» (1974), «Психологияға кіріспе» (1976), «Баланың ақыл-ой дамуы және оқыту әдістері».

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Психология ғылымының ХХ ғ. даму ерекшелігі.
2. С.Л.Рубинштейннің ғылыми бағыты.
3. А.Н.Леонтьевтің «Іс-әрекет. Сана. Тұлға» еңбегінің негізгі мәні.

**Әдебиеттер:** 29, 30, 31, 32, 36, 53, 61, 67, 68, 69, 71, 72, 85, 135, 136.

### III МОДУЛЬ

## Қазіргі психология ғылымының дамуы, бағыттары, беталысы

### 12-тақырып

#### *ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы эксперименттік психологияның дамуы*

Америкадағы эксперименттік психологияның дамуы мен қалыптасуында маңызды рөлді **Джеймс Мак-Кин Кеттел** (1860—1944 жж.) атқарды. Ол даралық ерекшеліктерді зерттеген. Бұл қызығушылық оны зияткерлік қабілет аймағын зерттеп жүрген Гальтонға алып келді. Кеттелдің «Интеллектуальные тесты и изменения» деген мақаласы 1890 жылы «Mind» атты Англияда шығатын журналда жарияланды. Кеттелдің мақсаты — студенттердің зияткерлік деңгейін зерттеу еді. Ол бұлшық ет күштерін, қозғалыстың жылдамдығын, сезімталдығын, көз бен құлақтың өткірлігін өлшеу үшін зияткерлік «тест» ұсынды. Бұл зерттеу ары қарай Құрама Штаттарында, Колумбия университетінде жалғасын тапты. Кеттел қабілеттен басқа дағдыны да зерттеді.

Кеттелдің американдық психологияға тікелей әсері 65 жылға жалғасты. Болдуинмен бірлесіп «Психологическое обозрение» (1894), «Указатель по психологии», «Психологический бюллетень» атты журналдардың негізін салды. Колумбия университетінде оның шәкірті В.Вудвортс осы жұмысты әрмен қарай жалғастырды. Ал өмірінің соңғы кездерінде Кеттел «Psychological Corporation» атты жекеменшік компанияда тікелей қолданбалы психологиямен айналысты.

Антрополог, әрі биолог **Френсис Гальтон** (1822—1911 жж.) Дарвиннің ізін жалғастырушы әйгілі ғалым. Ф.Гальтон көптеген факторларға сүйенсе отырып «Наследственный гений» деген кітабында ерекше қасиеттер тұқым қуалау арқылы берілетіндігін дәлелдеді. Эксперименттік-психологиялық әдістемелерді қолдана отырып, ол даралық нұсқаларды зерттеумен айналысты. Оның Лондондағы зертханасынан кез келген адам аздаған төлем арқылы өздерінің физикалық және психикалық қабілеттерін анықтай алды. Осы антропологиялық зертханадан лабораториядан 9 мыңға жуық

адам өтті. Өзінің зерттеуін ол психологиялық лексиконға енген «тест» деген ұғыммен білдірді. Гальтон адамдар тобының арасындағы айырмашылықтарды зерттеуші, дифференциалды эксперименталдық психологияны қайта құрудың пионері (алғашқы) ретінде ғылымда ерекше орынға ие бола бастады. Гальтон барлық адамдарды олардың табиғи қабілеттеріне сәйкес әртүрлі топтарға бөлді. Ғалым дарындылықты данышпан адамдардың (гений) шыққан тұқымы бойынша бағалауға және сол тұқымнан тарағандардың санын ескеруге тырысып, олардың генотип бойынша бірдей емес екендігіне көзі жетті.

Гальтон тұқым қуалау арқылы берілген ақылдың сапаларын бөлді: тән мен жанның энергиясы, жігерлі шыдамдылық пен тұрақтылық, ғылымға туа біткен қызығушылық, денсаулық, пікірдің тәуелсіздігі т. с. с. Тәрбие мен ортаның ықпалын зерттеу мақсатында Гальтон сауалнамаларды жинау арқылы бір жұмыртқалы және көп жұмыртқалы егіздерді зерттеуді ойластырды. Осыдан барып ғылыми зерттеуге — егіздер әдісі деген жаңа әдіс енді. Бір жұмыртқалы, бірдей жынысты егіздердің туылу алдындағы (пренаталды) кезеңде бір-біріне ұқсас болатындығы туралы жалпылай қорытынды жасады. Көп жұмыртқалы егіздерде ішкі сыңардағы ерекшелік байқалды, бірақ бұл тұқым қуалаушылықтың шешуші рөлі деген жалпы қорытынды жасалмады. Осы мақсатты көздей келе Гальтон құрамдық портреттер әдістемесін қолдана отырып, адам психикасы мен сыртқы әлемнің байланысы жайлы идеяны көтерді.

Францияда эксперименталдық психологияның пайда болуы **А.Биненің (1857—1911 жж.)** есімімен байланысты. А. Бине срекше қабілетті болып келетін атақты адамдарды — шахматшыларды зерттеді. Сонымен қатар балалардың ақыл-ойы, есте сақтауы және қиял ерекшеліктеріне баса көңіл аударды. 1896 жылы ғалым тұлғаны сынау үшін тестер жинағын шығарды. Оның ауытқушылықты зерттеуі «Изменения личности» деген жұмысында іске асырылды. Осының бәрі қазіргі кезде қолданылып жүрген А.Бине мен Симонның бірігіп жасаған белгілі «интеллектуалдық дамудың метрикалық шкаласын» ұсынуға алып келді. Бұл тестің мақсаты — ақыл-ойы кем балаларды қалыпты мектептен білімі бойынша емес, қабілеті бойынша іріктеу еді. Шкаланың бірінші нұсқасы 1905 жылы пайда болды, ал ол А.Биненің соңғы өміріне

дейін өңделді. Оның көмегімен 3 жастан 12 жасқа дейінгі балалар зерттелді. Олардың әртүрлі даралық жеке кырлары сыналды: есте сақтау, моторлық қабілеттер, практикалық дағдылар, ақыл-ой функциялары. Кейбір әдістер әр жастағылар үшін қайталанды, осыған байланысты, сұрақ-жауап қойылатын талап деңгейі де өзгерді. Биненің шкаласы басқа елдерде де кеңінен таралған.

**Г.Эббингауз (1850—1909 жж.)** ес үрдісіне арналған жұмысында вундтық типтік физиологиялық экспериментінің шыңына жетті және өзіндік психологиялық эксперименттің негізінде естің заңдылықтарын қалыптастырды. Есті ол білім беру ізінің механикалық үрдісі сияқты түсінді. Эббингауз есті зерттейтін екі әдісті енгізді: жаттау әдісі және сақтау әдісі. Жаттау әдісінде сыналушыларға мағынасыз сөздер беріледі, олар оны дұрыс айтпайынша қайтланады. Жаттау жылдамдығының көрсеткіші, ондағы қайталаудың саны болды. Сақтау әдісі жаттаған материалды қатесіз қайта жаңғыртуға бола ма деген сұраққа жауап береді. Яғни есте сақтау адамның уақытын үнемдейтіндігін анықтады. Алынған нәтижелерден келесі жайт байқалды: жатталғандардан есте із қалатындығы, бірақ оған жету жолдарының жоғалатындығы дәлелденді. Эббингауздің эксперименті арқылы келесі фактілер ашылды: тұрақты есте сақтаудың көлемі мен олардағы материалдың сандық бірлігі анықталды. Бұл көлем 6-8 мәнсіз сөздерге тең болды. Бұл жайт естің әртүрлі бұзылыстарын зерттеу үшін белгілі бір мәнді иемденді.

Эббингауздың айтуынша, толық жатталған материалды ұмытпас үшін қайта қарап отыру керек. Ұмыту да — есте сақтау сияқты заңды үрдіс. Ол былай жүреді: есте сақтағаннан кейін тез арада ұмыту орын алады, одан кейін үрдіс ұзарады да белгілі бір уақыттан кейін тоқтайды. Бұл факт «ұмытудың қисықтығы» түрінде графикалық бейнені иемденді. Эббингауз көп жағдайда мәнсіз буындармен жұмыс жасады, сондай-ақ мағыналы мәтіндерді де пайдаланды. Мәнді және мәнсіз есте сақтаудың арасында айырмашылық анықталған. Есте сақтау үшін элементтер санының емес, өзіндік бөліктер санының мәні зор. Бұл есті жаттықтырудың нәтижесінде анықталды. Егер бала тапсырманы сыныптастарынан бұрын орындаса, ол қалыпты болып саналады. Бірақ кейбір жағдайда бұл тапсырма жеңіл болып келмейді. Олардың сәйкес келмеуі ақыл кемістігінің бар екенін немесе дарындылықты

көрсетеді. 1911 жылы В.Штерн олардың байланысын «зият коэффициенті» деп атады.(IQ).

Эксперименттік зерттеуді **Эдвард Торндайк (1874—1949 жж.)** бастады. «Ум животных» (1898) деген кітабында жоғары дамыған жануарлар өздерінің не істеп жатқандығын түсінбей, соқыр сезім арқылы үйренеді және саналы әрекеттерді объективті түрде орындайды деп түсіндірген. Торндайк салыстырмалы психологияның алтын қорына жаңа эксперименттік техниканы енгізді. Осыдан келесі қорытынды жасалды: жануарлар тапсырмаларды тек кездейсоқ көру немесе қателіктер арқылы шешеді, үйрену заңдылықтары қалыптасқан; «әсер» заңы (бірнеше реакциялардан сол бір жағдайға ғана нық байланады); жаттығу заңы (дайындық заңы; қозғалу заңы) «реакция» жағдайға пропорционалды түрде бекітіледі. Бірнеше жылдан кейін Э.Торндайк «Ум обезьян» (1901) атты монографиясын шығарды. Торндайктың пайымдауынша, мінез-құлықты объективті түрде зерттеу мүмкіндіктерінің бар екендігі көрсетілді және бихевиоризм бағытына жол ашылды.

Лондондық мектептің негізін салушы **Чарльз Эдвард Спирмен (1863—1945 жж.)** корреляциялық кестелерді, математикалық өңдеу әдісін ойлап шығарды. Ол эксперименттік түрде бір сыналушының зияткерлік тестерде бірдей нәтиже беретіндігін дәлелдеді. Мұны Спирмен жалпы себептің факторға тәуелділігімен түсіндірді. Факторлық талдауды жалғастырушылар оның процедураларына тоқталды, сондай-ақ зияткерлікті түсіндіретін жаңа екі факторлы теорияны бір-біріне қарсы қойды. Одан кейін мультифакторлық теориялар пайда болды.

**Гуго Мюнстерберг (1863—1916 жж.)** — психотехниканың негізін салушы болды. Оның зерттеуі өнеркәсіптік өндіріспен байланысты. Мюнстерберг Американың ірі компанияларының сұранысы бойынша үздіксіз жұмыс істеді. Оның ғылыми-зерттеу эксперименті Вундтың зертханалық экспериментінен мүлде бөлек еді: мұнда жасанды зертханалық деңгейден іс-әрекеттің шынайы деңгейінің үлгілеуіне дейін ауысу болды. Мюнстербергтің жұмыстары үлкен тәжірибелік нәтиже берді. Осы зерттеудің нәтижесінде өңделген тестер жұмысшылар мен қызметкерлерді іріктеуде басты орын алды.



## Бақылау сұрақтары:

1. Д. Кеттелдің эксперименттік психологиядағы үлесі.
2. Жануарларды сұрыптау психологиясы (Э. Торндайк, В. Смолл).
3. Ф. Гальтонның дифференциалдық психологиясы.
4. Г. Эббингауздың есті зерттеудегі ғылыми заңдылықтары. Психотехника өкілдері.

Әдебиеттер: 35, 7, 53, 59, 66, 71, 73, 85, 96, 100, 119, 125, 135, 136.

### *Психологиядағы әлемдік мектептер*

Биология ғылымы үлкен жетістіктерге жеткен сайын бүкіл күрделі өмірлік қызметтерінің позициялары да өзгерді. Ертеректегі жабық әлем немесе қоршаған рух әлемі деген сана туралы ұғым құлдырады. Психологиялық заттың және әдістердің ұғымы барған сайын даусыз бола бастады.

Келесі негізгі блоктарға ерекше көңіл бөлінді:

- 1) психикалық бейне;
- 2) психикалық іс-әрекет;
- 3) психикалық қарым-қатынас;
- 4) мотив;
- 5) жеке тұлға.

Психикалық бейне — ол бірлік деген ұғыммен дәлелденді, олар тек жасанды түрде ғана бөлшектерге бөлінеді. Бұл бірліктер неміс терминінде «гештальт» деп аталды (неміс тілінен аударғанда — «пішін, форма»). Дәл осы атаумен бұл ұғым ғылыми психология сөздігіне кірді. Психикалық іс-әрекет және оның категориялық статусы қатты өзгеріске түсті. Бихевиоризм ағылшын тілінен аударғанда — «тәртіп, мінез-құлық». Ертерек кезде ол жеке тұлғаның ішкі, рухани талпынысын сипаттайтын, ал кейіннен мінез-құлықтың сыртқы қоршаған ортаға әсер ететінін байқатты. Осыған орай бұл концепция мінез-құлықты зерттейтін бағыт болып танылды. Психоанализ мектебінің негізін З.Фрейд қалады, ал адамдардың арасындағы өзара қарым-қатынасқа, психикалық тұжырымдамаларға ерекше көңіл бөлген француз ғалымдары болды. Осыған байланысты әлемдегі әртүрлі мектептер орын ала бастады.

**Психоанализ (фрейдизм).** Тоқырау кезінде пайда болған екінші бағыттың бірі — психоанализ болып табылды. Оның негізін қалаған австриялық психиатр және психолог **Зигмунд Фрейд (1856—1939 жж.)**. Ол ХІХ ғасырдың соңында тұлғаның психикалық денсаулығына қатысты жаңа тұжырымдамалар ұсынды. Бұл бағыттың негізгі мазмұнын «Мәдени мұра» бағдарламасына енген З. Фрейдтің («Бейсаналық психология», «Түстерді жору») еңбектерінен байқауға болады.

Психоанализ грек тілінен аударғанда — «жанды талдау, бөлшектеу» деген мағынаны білдіреді, психиатрияның бір бөлімі. Бұл бағыт (психоанализ) бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, жиырмамыншы жылдардан бастап психологиялық жәрдем көрсетуде кең түрде тарала бастады. Жеке тұлғаның құрылымындағы санасыздыққа З. Фрейд ерекше көңіл бөлді және оны зерттеу нысанына айналдырды. Ғалымның айтуынша, ауру адамдар өз іс-әрекетінің түрткілерін түсіндіре алмайды. Психоталдау әдісі, аурумен ұзақ әңгіме барысында оның санасындағы ауытқудың шынайы себептерінің айқындалуынан тұрады, ол бұрынғы ұмыт болғанын қайта еске түсіреді. Фрейд тек психикалық ауру адамдардың ғана емес, дені сау адамдардың көңіл-күйі мен мінез-құлқын түсіндіретін тұжырымдаманы ғылыми тұрғыда негіздеді.

Фрейдтің психоанализіндегі жаңалық тұжырымдамасының негізі — адамның жан күйзелісінің бастапқы түп-тамыры балалық шақ деп қарастыруы. Ғалымның психоаналитикалық моделі бойынша, ең алдымен адам психикасының ішкі динамикасын байқаған дұрыс: оның әртүрлі саналы және санасыз аңғаруға болмайтын қажеттіліктері мен мінез-құлық, жүріс-тұрыс мотивтері, тұлғаға ортаның қоятын талаптарына байланысты ішкі күрес. Типтік көріністер мен қарсыласу сипаттарын анықтағаннан кейін, адамның балалық шағындағы өмір тәжірибесімен байланыстырылуы.

Фрейдтің тұжырымдамасы бойынша, адам үнемі өзімен-өзі (Ид — Эго — Супер-эго) қақтығыстық жағдайда болады. Бұған алып келетін саналы түрдегі аңғарылмайтын ниеттер, қанағаттандырылмаған қажеттіліктер. Осы орайда, фрейдизм бағытына негізделген психологиялық кеңес, психотерапия және тәжірибелік психология адамның бейсаналы сезімдерін саналы түрде аңғаратындай, әсер ете алатындай түрлі әрекеттер қолданады. Бұл тұжырымдама Батыс елдерінде кеңінен тарап, үлкен беделге ие болды.

Фрейд өзінің метапсихологиясын клиникалық тәжірибе мен эксперименттік бақылаудан ажырата келе, оны «миф» деп санаған. Психоанализді «миф» деп келіскендердің бірі — К.Поппер, Л.Витгенштейн, А.М.Пятигорский т.б. ереже түрінде, осындай аналогиялық аргумент, екі идеяға ие:

— психоанализдің қағидалары мен қорытындылары тексерілмеген және шартсыз сенуді талап етеді;

— психоанализдің негізгі бағыты — қолайлы және өмірлік болғандықтан, ол өзінің әлеуметтік қызмет атқаруымен қоса түрлі идеологияға жол ашады.

**3. Фрейд теориясы.** З. Фрейд адам жаны үш компоненттен тұрады деп санаған «Id», «Ego», «Superego». Тума сезім (инстинкт) ішкі «Id»- дененің соматикалық жағын және тұлғаның бейсаналық жақтарын байқатады. ал «Ego» және «Superego» — негізгі, орталық құрылым. «Id» — қалыпсыз, мақсатсыз және ұйымдаспаған жақтарымен сипатталса (бұл тұлғаның қуат қоймасы), «Ego» мен «Superego» қосындысы — түгелдей бейсаналы болып келеді. Адамда екі тума сезім бар: бірі — өзін сақтау (тамақтану, өсу, қозғалыс, тыныс алу т.б.), екіншісі — ұрпақ жалғастыру. Бірінші, тума сезім сананың дамуына орай өзінің мағынасын жоғалтса, екіншісі, бірінші қатарға шығады, оны Фрейд «либидо» (жыныстық талпыныс) деп атаған. З.Фрейд гипнозды катарсис әдісін қолдана отырып жұмыс жүргізген. Өзінің еңбектерінде неврозды қайғырудың бейсаналы аймақтарында орналасқан «терең аффектің» паталогиялық қызметі ретінде көрсеткен. Гипноз кезінде пациент болған оқиғаны қайта өз басынан кешіріп, соның негізінде олардан құтылады. Кейіннен З.Фрейд гипноз тәжірибесінен шеттеліп, еркін енетін ассоциациялар, түс көру, ұмыту, алдын ала болжауды түсіндіріп, талдауға және зерттеуге көшті. Осындай талдауды Фрейд психоталдау әдісі деп атады. Мұнда ол жана психотерапия «техникасын» пайдаланды. Бұл терапияның орталық идеясы — бейсаналықтың көрінуі. Адамдарға білінбейтін, бірақ оған әсер ететін (күй) критеридің бар екенін ғалым ашық айтқан.

Фрейдизм бағыты адам туралы басқа ғылымдарға, ал оның ішінде, ерекше әлеуметтануға, педагогикаға, антропологияға, этнографияға, сонымен қатар өнер мен әдебиетке ерекше ықпал етті. Фрейдтің еңбектерінде күрделі психологиялық мәселе ретінде адамның сексуалдық өмірі қойылды. Оның түсіндіруінше, жас жеткіншек балалардың әртүрлі жағымсыз іс-әрекеттерге бейімділігі оларды жыныстық инстинктердің үстемділігінен деп түсіндірді. Фрейдизм үшін негізгі ұғымдар ол — «сана», «санасыздық», «либидо».

Постфрейдистердің ғылыми зерттеулері мен тәжірибелері З.Фрейдтің классикалық психоанализінен өрбіп дамыған. Атап айтсақ, К. Хорнидің «Өзін-өзі талдау», Эрих Фромның «Психоанализ және этика», Эрик Берннің «Психиатрия мен психоанализге

кіріспе» атаулы ғылыми еңбектері бұған дәлел бола алады. Бірақ кейбір неофрейдистер Фрейдтің тұжырымдамасымен келіспей, бағылдықпен «невроз» және «либидо» жәйлі ғалымның идеясына өзіндік қарама-қайшы пікірлер білдірген. Мысалы, Э. Эриксон өз еңбектерінде тұлғаның биоэлеуметтік табиғатымен оның мінез-құлқындағы бейімделгіш сипатын баса көрсетсе, Э. Фромм адам баласының тіршілік әрекетінің жануарлардан түбегейлі айрықша болатынын қағида ретінде дәлелдеп, тәжірибелерінде қолданған. Осы себептен бүгінгі күні психология ғылымында көптеген бағыттар мен тармақтар орын алып дамуда.

**Карл Густав Юнг (1875—1961 жж.)** — психолог, дәрігер, аналитикалық психологияның іргетасын қалаушы, бастапқы кездері Фрейд теориясын жақтаушы шәкірттерінің бірі. Егер де Фрейдтің еңбектері бейсаналық «микроәлемді» талдау болса, Юнг бейсаналықты зерттей келе, оның (архетип) бөлек құрылымдары мен мәдениеттегі жалпы бейнелерін және олардың арасындағы ұқсастықты байқаған зерттеуші. Екеуінің арасындағы келіспеушіліктің негізгі себебі: Фрейдтің пансексуалистік идеясы болды. Юнг өзі ұсынған жүйені «аналитикалық психология» деп атады.

Юнг бойынша психологиялық типтер екі үлкен топқа бөлінеді: *интроверсия* және *экстраверсия*. Адамда әртүрлі қызмет үстем болып келеді: ойлауында, эмоциясында, түйсінуінде, сезгіштігінде. Әр әрекетке адамның психологиялық типі сәйкестенеді: ойшыл тип; эмоционалды тип; сенсорлы сезімдік тип; интуитивті (сезгіштік) тип.

Юнг адамның психикасы үш компоненттің қосындысы дейді: *сана*, *өзіндік санасыздық* және *ұжымдық санасыздық*. Адамның өткен өмірінен қалған ойларының іздері ұжымдық санасыздықта. Ол адамның өзіндік құрылымында анықтаушы рөл атқарады. Ұжымдық санасыздық жалпылама түрдегі мінез-құлық болып табылады. Ол адам тұлғасына әсер етіп, оның туған сәтіндегі мінез-құлқынан байқалады. Ұжымдық санасыздық әртүрлі дәрежеден тұрады. Ол ұлттық және жалпы адамдық мұрагерлік ретінде анықталады. Юнгтің айтуынша, ұжымдық санасыздық — бұл біздің ата-бабаларымыздың ақылға сай ойлауы, сезінген жолдары және осы арқылы өмір мен әлемді, құдай мен адамның өмірімен таныса бастаған кезеңдері. Юнг ұжымдық санасыздықтан басқа өзіндік санасыздықтың бар екенін айта келе, оның санадан бөлінбейтінін дәлелдеуге ұмтылған. Ғалымның пайымдауынша, өзіндік сана-

сыздық әсерден барып ақылға келіп, одан кейін ұмытылған немесе ығыстырылған санадан құрастырылған.

Карл Юнг барлық неофрейдистер сияқты неврозға да қызығушылық танытқан. Юнг бойынша невроз — ол төмен дәрежедегі регресс (кері кету) болып табылады. Сонымен қатар, Юнг тұлғаның типологиясын құруды да белгілеген. Оның классификациясының негізі — адамның өзіне немесе объектіге бағытталуы. Осыған байланысты адамдарды: *экстраверттер* мен *интроверттер* деп бөлген. Бұл көзқарастары «Психологические типы» деген жұмысында баяндалған: мұнда негізгі типтен басқа, қосымша тип туралы да айтылады.

Өзінің ұстазынан алшақтаған Фрейдтің екінші шәкірті — **Альфред Адлер (1870—1937 жж.)**. Альфред Адлер — даралық психологияның негізін салушы ғалым. Ғылыми қауымға белгілі еңбектері: «О невротическом характере» (1912), «Практика и теория индивидуальной психологии» (1920). Ол Фрейдтің ізбасары болғанымен қағидалық көзқарастары сәйкес келмеген, сондықтан да ғылыми жолдары бірлеспеген.

А. Адлер адамды біртұтас бірлікте қарастырады. Адамның бүкіл өмірі мақсатқа негізделген, оның мінез-құлқын, неге ұмтылатынын білмейінше біз адамды түсіне алмаймыз. Адам дамуының негізі, Адлердің ойынша, оның динамикалық өзгерісі және мақсатты түрдегі ұмтылысы. Балалық шақтан бастап даму түрлі кедергілерге тап болады және оның санасынан тыс қалыптасқан — олар ұлылық, артықшылық армандарымен шиеленісіп жатады. Артықшылық, ұмтылушылық сезімдермен қатар жүретін — туа біткен «толымсыздық кешені». Ғалым осы негізгі екі сезімді бір заттың екі қыры деп сипаттайды. Мұндағы Адлердің негізгі пікірі — адамның әлеуметтік мұқтаждығы және оның көшбасшылыққа ұмтылуы. Адлердің пікірінше, әлеуметті белсенді адам болу дегеніміз — басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу және олармен тіл табыса білу, өзін жалпы қоғамның және жекелеген топтардың (отбасы, мектеп, жоғары оқу орны т.с.с.) мүшесі екенін сезіне білуі.

Адлер тұжырымдасының негізгі қағидасы — адамның мүмкіндігінше алда болуға деген ұмтылысын ояту. Әлсіз адамдар өздерінің болмысын жиі толымсыз (неполноценный) деп санайды да оның орнын толтыруға тырысады. Адлердің пікірінше, әрқашан адамның «жеңу мақсаты» әлеуметтік сипатта болады. «Әлеуметтік сезімдер» сүю, аяу, қызығу сезімдерімен байланысты дамып

әлеуметтік сезімге индивидтің өз артықшылығын сезінуі мен тұлға тұтастығы және оның жан денсаулығына тәуелді болады. Барлығында да түрлі сәтсіздіктер (нашақорлық, маскүнемдік т.б.) — әлеуметтік сезім деңгейінің жеткіліксіздігінің нәтижесі.

Жеке даралық психологияның негізгі қағидасы — өтем (компенсация). Ғалымның ойынша, тұлға дамуының негізгі факторы — *толымсыздық* сезімі мен соның негізінде туындайтын *артықшылық* сезімдердің арасындағы қарама-қайшылықтар. Осыған байланысты тәрбиелеудің мақсаты — толымсыздық кешен сезімін басқа жағымды жаққа бағыттау (әлеуметтендіру). Адлердің өзіндік педагогикалық технологиясы дәл осы қағидаға негізделген. Әлеуметтік сезімнің бұзылуы бала дамуына үлкен зиян келтіреді.

Альфред Адлер Фрейдтің биологиялық тұжырымдамасына қарсылығын білдірді. Ол адамның туа біткен табиғи инстинкте емес, «бірлескен сезім» деп аталатын әлеуметтік түсінікке ерекше көңіл аударды. Ғалым «Адам туғанынан агрессивті болады және оның биологиялық қажеттілігі жоғары тұрады» деген Фрейдтің ойына қарсы шықты. Адлердің негізгі сұрағы: тұлға дамуындағы детерминант не? Мұндағы ғалымның жауабы — ол белсенділік түрдегі талпыныс. Бірақ түрлі себептерден бұл талпыныс көп жағдайларда жүзеге асырылмайды. Әлеуметтік сезімді қалыптастыруда тұлға бірлігі мен оның рухани денсаулығының байланысы ерекше әсер етеді.

Өмір стилі немесе «өмірлік жоспар», «жол бастаушы» деп аталған терминдер Адлердің динамикалық теориясының ерекшелігін байқатады. Өмір стилі — ол басқаға ұқсамайтын, мінез-құлық, машықтардың қосындысы ретінде индивидтің қайталанбайтын ерекшеліктерінің көрінісі. Адлердің пайымдауынша, өмір стилі ол біздің толымсыз сезімдерімізді жеңуге бағытталған күш. Барлық танымдық үрдістер толық түрде ұйымдастырылып біздің өмір стилімізге мән береді. Ол дегеніміз — адам алдына қойған мақсаттарына жету үшін түрлі әрекеттер жасайды, интеллектуалды мүмкіндігін кеңейту немесе физикалық жақтарын ұлғайту.

Адам өмір сүруіндегі индивидуалдық әлсіздікті нақты және терең толықтыру Адлер ілімінің маңызды шараларының бірі болып саналады. Ғалым оларды әртүрлі «өмірлік стиль» түрлеріне бөледі:

1. Әлеуметтік қызығушылық пен жігерлікке деген талпыныстың қорытындысы сәйкес келгенде ғана, сезімдегі олқылықты толтыру әрекеттері ойдағыдай болады.

2. Бір ерекшеліктің немесе қабілеттің жылдам дамуының арқасында өмірдегі біркелкі толықтырудың жоғарылайтынын байқатады.

3. Ауруға жол ашу. Бұл жағдайда адам жағымсыз сезімнен босай алмай, толықтыру жолдарына көше алмайды, ол өзінің сәтсіздігін актау үшін ауруларының белгілерін ұлғайтады, өндіреді. Осының салдары неврозға алып келеді.

Адлердің көңіл қойып талдаған мәселелерінің бірі — махаббат пен некеге түру. Махаббат екі адамның жоғары түрдегі жылылық қатынасын және әлеуметтік сезімнің көрінісін білдіреді. Қоғам махаббатсыз өмір сүре алмайды және ол адамзаттық қоғамның сақталуының қажетті компоненті ретінде байқалады. Кімде-кім қоғамды мойындаса, махаббатты да мойындауы қажет. Сондықтан да болар, Адлер жасөспірімдердің жыныстық тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген ғалым.

**Необихевиоризм.** Бихевиоризм формуласы ұғынықты әрі бір мағыналы «стимул — реакция» ретінде көрініс береді. Бұл байланыс, радикалды бихевиоризмнің пайымдауынша, нақты психология ғылымына оның тірегі ретінде байқалады. Осы ұстанымға күмән тудырған алғашқы бихевиорист ағылшын ғалымы **Эдвард Толмен (1886—1959 жж.)** тәртіп формуласын төмендегідей етіп ұсынады: стимул (тәуелсіз ауыспалы) — аралық ауыспалық (тәуелді ауыспалық). Аралық ауыспалық — психологиялық жағдайларда қол жетпейтін тікелей бақылаулар: күту, қойлым, білім. Лабиринтте тышқандармен тәжірибе жасаған Толмен жануарлар тәртібіне мұқият бақылау жасаушылардың қатаң тәжірибесіне сүйене отырып, олардың әрекетіне (тәртібіне) сол сәтте әрекет етіп жатқан стимулдар емес, оған ерекше әсер жасайтын жануарлардың ішкі регуляторлары (реттеушілері) деген шешімге келеді. Тәртіп «қартасын» мұндай жануарлар өздері жасап, сол бойынша әрекеттенеді. Психологиялық образдар реттеуші әрекетіне қызмет етеді деген қағида Гештальт тұжырымдамасына негізделген. Олардың ұстанымын ескере отырып, Толмен когнитивтік бихевиоризм деп аталатын өзіндік тұжырымдама ұсынды. Необихевиоризмнің басқадай вариантын Кларк Холл және оның мектебінің өкілдері ұсынды. Ғалым «стимул — реакция» формуласына басқадай бір орташа бөлім енгізді — ол ағза қажеттілігі. Ал ортодоксалды бихевиоризмді қолдаушы — **Бурхус Скиннер (1904—1990 жж.)**. Ол шартты рефлекссті оперантты



реакция деп атады. Ғалымның айтуынша, ең алдымен ағза қозғалыс жасайды, сонан кейін ол реакция бекітіледі (немесе бекітілмейді).

### Бақылау сұрақтары:

1. З. Фрейдтің психоанализі, психиканың құрылымы, бейсаналылығы.

2. А. Адлердің «Әлеуметтік сезім» тұжырымдамасы мен «өмір стилінің» мәні.

3. К. Юнгтің психологиялық типтері, «ұжым бейсаналығы», «архетип» атты түсініктері.

**Әдебиеттер:** 3, 53, 59, 60, 72, 87, 110, 117, 118, 119, 125, 134, 135.

### *Шетелдік психологияның жаңа беталыстары мен бағыттары*

**Карен Хорни (1885—1952 жж.)** — Неофрейдизм бағытының белгілі өкілдерінің бірі, өзіндік жеке теорияның авторы бола тұра, әйелдердің психологиясын зерттеу аясындағы атақты қайраткер. Тұлға психологиясының негізін салушылар қатарында ерекше орын алған жалғыз әйел-психолог. «Біздің заманымыздағы невротикалық тұлға» («Невротическая личность нашего времени», 1937) деп аталған еңбегінде, автор өзінің классикалық Фрейд теориясынан алшақтығын сездіре келе, өз зейінін өткендегі емес, қазіргі кездегі тұлға тартыстары мен невроздың дамуына себепші болған әлеуметтік және мәдениеттік факторларды айқындаған. «Өзін-өзі» («Самоанализ», 1942) атты еңбегі әр адамның өз мәселесін өз бетімен шешуде, өзін сараптауда көмек көрсететін құралдың бірі болып саналады.

К.Хорни адамның іс-әрекеті екі (тенденцияға) беталысқа тәуелді дегені: қауіпсіздікке және өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағыттаған талпыныстар. Осы екі талпыныс көбінесе бір-біріне қарама-қайшы келеді. Адамда белгілі бір мінез-құлық жолдарын өндіруде, өзінше талпыну себебінен невротикалық келіспеушілік туындайды. К.Хорни мінез-құлықтың төрт түрін бөліп қарастырады. Біріншісі — қауіпсіз өмірмен қамтамасыз ету (мыс., «невротикалық махаббат») талпынысынан көрінеді. Екіншісі — «невротикалық билікке» деген талпыныстан пайда болады; үшіншісі — мінез-құлықтың өзгеруінен, адамдардан оқшаулану стратегиясынан байқалады; төртіншісі — өзінің дәрменсіздігін мойындауынан көрінеді. Кейіннен Хорни стратегияның санын көбейтуге тырысты. Бірақ ол 1945 жылы тек үш түріне ғана тоқталды: 1) адамдарға деген талпыныс; 2) адамдардан алшақтауға, тәуелсіздікке талпыныс; 3) адамдарға қарсы әрекет жасауға талпыныс (агрессия). Осы үш түрдің қарым-қатынасына сәйкес невротикалық тұлғаның үш түрін көрсетеді: 1) тиянақты; 2) жоюшылық; 3) агрессивтік. Мінез-құлықтың бұл түрлері сау адамдарға да тән. Сау адамдар мен невроздар арасындағы айырмашылыққа келсек, «конфликттік тенденция арасындағы қарама-қайшылық невротиктерге қарағанда сау адамдарда аз

болады». К.Хорнидің ойынша, сау «жағдаяттық невроз» сыртқы жағдайлардың ықпалынан уақытша пайда болады. Мінез-құлық невроздары негізіне, тұрақты түрдегі «іштей келіспеушілікке» жататындықтан, невротикалық ауру болып саналады. Айтылған стратегияның түрлері қорғаныс механизмдері іспеттес көрініс беруі де мүмкін.

Хорнидің тұжырымдамасында фрейдизмнің негізгі жағдайлары орын алады: антогонизмнің табиғи болуы мен әлеуметтілігі, «тұрақты қорқыныштың» туа біткен механизмнің жоққа шығуы. Хорни «тұрақты қорқыныш» жағдайы адамды қоғамнан оқшаулауға алып келеді — деп пайымдайды. Ғалым 1950 жылы шыққан ақырғы «Невроз и развитие личности» атты жұмысын адамның өзіндік оқшаулық пен өзіндік бет алудағы даму талпынысына арнайды. Автордың пікірінше, невроздан құтылу жағдайының бірі ол өзінің «идеалды Менінен» босауы және өз-өзін өзіндегі бар кемшілігімен қабылдауына байланысты.

Неофрейдизмнің көрнекті өкілі Г. Салливен (1892—1949 жж.). Салливен өзінің ғылыми іс-әрекетін психиатр-психотерапевт түрінде бастады. Оның негізгі тұлғаға қатысты тұжырымдамалары «Межличностная теория в психиатрии» деген еңбегінде баяндалған. Салливеннің теориясы көптеген психологиялық мектептердің ықпалында берілген. Ол «Психологиялық зерттеудің объектісі жалғыз ғана жеке субъект болмай, тұлға субъектілердің біріктірілген іс-әрекетінің өнімі сияқты болу керек»,— деп санайды.

Ғалымның пайымдауынша, балада мазасыздық сезімі туғаннан пайда болады. Дүниеге келгенде әлем баланы аса «мейірімді» қабылдамайды. Ол анасының құрсағынан шыққанда ыңғайсыздықты басынан өткізеді, жана дүние балаға суықтықты сезіндіреді. Осы жайсыздықтан балада мазасыздық пайда болады. Осыған орай Салливен тұлға дамуының негізгі тетіктерін белгілейді: 1) мейірімділікке, еркелікке деген талап; 2) қорқыныштан құтылуға деген талпыныс. Нәресте үлкен адамдардан қарым-қатынасты, мейірімділікті және қорқыныштан сақтауды талап етіп туылады. Салливеннің айтуынша, қауіпсіздікке, қорқыныштан қашуға деген талпыныс — ол әлеуметтік болып табылады. Бірақ бұл әлеуметтік талпыныс органикалық талпынысқа туғаннан қосылған деп санайды. Салливенде тұлғаның қалыптасуы Фрейдтегі сияқты фатальді түрде, үнсіз өтеді.

Осы екі механизм де баланың туған сәтінен бастап өмір сүреді. Бұл тұлғаның даму тетігі болып табылады. Бірақ адам көбіне өзіне жайсыздық туғызатын сыртқы әлемде өмір сүреді. Міне осы сыртқы әлеммен күресте, нақтырақ айтқанда, мазасыздықпен күресте оның тұлғасы қалыптасады. Оны Салливен «Мен-жүйе» деп атайды. Салливен «Мен-жүйені», тұлғаның біріншіден, санасыз дәреженің шарасыз алаңдаушылықпен күресін, екіншіден, осы алаңдаушылықтан құтылу үшін әртүрлі тәсілді іздестіруін мақұлдайды. «Мен-жүйе» баланы, жасөспірімді, ал кейіннен үлкен адамды — басында анасының, содан кейін басқа адамдардың көмегіне сүйенуге мәжбүрлейді. Мұндай жағдай Салливенде тұлғааралық тетік ретінде тұлғаның қарым-қатынасынан байқалады. Осыдан адамның тұлғалық дамуын жүргізуші, нақтырақ айтқанда, осы тұлғаның ядросын құрайтын «таңдамалы зейін» болып табылатын ерекше тетік пайда болады. Оны Салливен «психологиялық қорғаныс» деген ұғыммен түсіндіреді. Адам өзіндегі ыңғайсыздықты байқай алмай, сезінбеуімен қорытындыланады. «Таңдамалы зейіннің» бұл мағынасы Салливенде «мағыналы тосқауыл» ұғымымен туыстас жазылған. Шын мәнінде, олай емес. Салливен бойынша, «мағыналы тосқауыл» баланың катал тәрбие ықпалында болуынан, тәрбие мен оқудың жалған жүргізілуінен, үнемі сол тіркеу шындығының қайталанып отыруынан пайда болады. Сол сәттерде балада «мағыналы тосқауыл» орын алады: ол тындайды, бірақ ересектердің оған не айтқанын естімейді. Мұны да психологиялық қорғаныстың шарасы ретінде қарастыруға болады. Таңдамалы зейін шарасыз түрде жалған құтылады, өйткені сыртқы әлем адамға дұшпан.

Тағы бір айта кететін жағдай, барлық психологтар Салливенге дейін ойлау мен есте сақтауды — процесс деп атаса, ол оны — «динамизм» деп түсіндіреді. Бірақ мұндай динамизмдер, Салливеннің ойынша, қорғаныс функциясын атқарады. Салливеннің тағы бір іліміне көңіл аударсақ, ол — сөздің функциясы. Ғалымның пікірінше, сөз — қорқыныштан қашу тетігі және қорқыныштан қашуға көмектесетін символ. Салливен адамның даралығын мойындамайды: оның ойынша әр адам қазіргі сәтте қанша тұлғааралық жағдайда өмір сүрсе, сонша тұлғалық қасиетке ие. Тұлғалық қасиет тұлғааралық қатынастың пассивтік проекциясы ретінде көрінеді. Тұлға дамуына келсек, Салливен бір жағынан оның құрылуының жас ерекшелік кезеңін тұлғааралық қатынастың

құрылымымен байланыстырады. Салливеннің айтуынша, бала өзіміл, агрессивті болып туылмайды, бірақ эмпатиялық сезім, оның ойынша, туа пайда болады. Салливеннің пайымдауынша, адам дамуының негізгі тетігі — «сублимация». Оны әлсіз және мықты қажеттілік тосқауылының көрінісі ретінде қарастыру қажет деп, ғалым мықты қажеттіліктің бірі қорқыныш пен эмпатия сезімінен құтылу қажеттілігі екенін дәлелдеуге тырысады. Дегенмен Салливенде бұл ұғым пансексуализммен байланыспаған, бірақ ол элеуметтік арнаға құмарлыққа қанағаттанбайтын энергияның ауысу тәсілі сияқты ілгері басады.

Гуманистік бағыттың өкілдері үшін адамның орталық ядросы ол — өзін көрсетуі, өзін-өзі бағалауы, әртүрлі атаулары «Мен-жүйе», «Мен-бейне» болып табылады. Осы бағыттың өкілдерінің бірі Карл Роджерс (1902—1987 жж.). Ол өзінің қызметін психиатр-терапевт ретінде бастайды, бірақ кейін психология мәселесіне ауысып 1946—1947 жылдары Америка психологтары ассоциациясының президенті болып тағайындалады. Роджерс психотерапия саласында өзіндік төңкеріс жасап, клиентке бағытталған терапияның авторы ретінде танылады. Ғалымның адам табиғатына деген көзқарасы, Фрейдтің идеясы іспеттес, эмоциялық бұзылулары бар адамдармен тікелей жүргізген психологиялық тұрғыдағы жұмыстардың негізінде қалыптасқан. К. Роджерстің түсінігінше, адам — белсенді субъект, өзінің алдына қойған мақсатына сәйкес даму қабілетіне ие индивид. Оның айтуынша, бүкіл адамзаттың табиғи беталысы — тәуелсіздік, элеуметтік жауапкершілік, креативтілік және кемелденудегі түрлі қозғалыстар. Адамның өзіндік кемелденуіне негіз болатын терапиялық жағдайларға ғалым ерекше көңіл бөлген және терапиядан алынған нәтижелерді тұлғаның жалпы тұжырымдамасына ендіріп, толықтырған. Дәрігер мен пациент арасындағы байланыс бір-біріне деген құрметке негізделуі керек; екеуі де қарым-қатынас кезінде тең құқылы қатысушы болғанын дұрыс деп санайды. Роджерс ұсынған терапия әдісі тұлға қалыптасуы мен оның даму тетігіне сәйкес келеді.

Роджерстің тұлғалық теориясының орталық буыны — өзін-өзі бағалау категориясы болып табылады. Дегенмен өзін-өзі түсіну қактығыссыз жасалмайды. Айналадағылардың бағасы өзін-өзі бағалауға жиі сәйкес келмейді. Адам дилемманың (екі жақты ойдың) алдында тұрады: басқалардың бағасын қабылдау керек пе, әлде өзі бағалауында қалу керек пе? Басқаша айтқанда, не өзінді, не

басқаларды мәнсіздендіруін керек. Жүріп жатқан «өлшеудің» күрделі үрдісін Роджерс «органикалық бағалаудың жүйесі» деп атады.

Басында бағаның қайнар көзі баланың ішкі ағзасында орын алады. К.Роджерс иллюстрация ретінде келесі қарапайым мысалды келтіреді: бала өзінің ішкі жағдайына қатысты бір тамақты қабылдайды немесе одан бас тартады. Әзірше таңдау ата-ананың, тәлімгердің, шіркеулердің, жарнамалаушы фирмалардың пікірімен емес, баланың өзіндік түйсіктерімен анықталады. Бірақ аяғында бала ағзасының өзінікі екенін түсіне келе даралық бағалаушы тетіктен бас тартып, айналасындағылардың махаббатын жоғалтып алмас үшін, өзінің мінез-құлқын жүйелік бағаға бағындырады. Бала өзінің сезіміне, арманына сенімсіздікпен қарап, бағалардың қайнар көзін жан-жақтағы адамдарға ауыстырады.

Адам табиғатына деген Роджерстің көзқарасы ғалымның негізгі тұжырымдамасының түйіні болып табылады және гуманистік бағыттың мән-мағынасын толықтай ашуға себебін тигізеді.

Постфрейдистік бағыттың ірі тұлғаларының қатарында Эрик Эриксон, Эрих Фромм, Анна Фрейд, Эрик Берн және т.б. бар.

Америкалық психолог Э. Эриксон өз еңбектерінде тұлғаның биоэлеуметтік табиғаты мен оның мінез-құлқындағы бейімделгіштікті баса көрсетеді. Ғалымның пікірінше, тұлға өміріндегі элеуметтік және мәдени жағдайлардың өзгерісі оның бұрынғы психоэлеуметтік сәйкестіктен айырылып, оны жаңаша қайта құруын қажет етеді. Психотерапиялық жұмыс барысында осы мәселе ерекше орын алған.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. К.Хорни ғылыми еңбектерінің негізгі мазмұны.
2. Г.Салливеннің бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас ерекшелігі.
3. К.Роджерстің гуманистік бағыты, психотерапия әдістері.
4. Постфрейдистік өкілдердің ғылыми бағыттары.

**Әдебиетгер:** 27, 53, 59, 72, 73, 99, 110, 115, 122, 123, 125, 135.

### *Қазақстандағы психология ғылымының даму тарихы*

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақтың көптеген зиялы қайраткерлерінің, көрнекті ғалымдарының педагогикалық-психологиялық ой-пікірлері, еңбектері қазіргі заманғы педагогика, психология ғылымдарының дамуына арқау болғаны сөзсіз. Осы жылдар Қазақстанда ғылыми педагогикалық психологияның іргетасының қалануымен, өзіміздің төл тілімізде арнайы психологиялық-педагогикалық оқу-құралдардың, ғылыми еңбектердің жарыққа шығуымен, елімізде кеңестік білім беру жүйесінің орнауымен, оқыту, тәрбие беру салаларына барынша көңіл аударылуымен, тұңғыш жоғары оқу орындарының ашылуымен сипатталады.

Кеңестік одақ кезеңінің басында Орынборда В.Я. Струминскийдің «Психология» (1923) деген еңбегі басылып шықты. Осы уақыт аралығында Ж. Аймауытұлы мен М. Жұмабайұлының бірнеше туындылары жарық көрді.

Бүкіл қазақ қауымына *Жүсіпбек Аймауытұлы (1889—1931 жж.)* өзінің жазушылық, ақын-аудармашылық, публицистік еңбектерімен белгілі. Сонымен қатар Ж. Аймауытұлы алғашқы педагогика және психология мәселелеріне арналған оқулықтар мен мақалалардың да авторы.

Мектепте сабақ оқыту жүйесіне арналған құралдардың бірі «Комплекспен оқыту жолдары» (1929). Бұл еңбегінде автор өз кезеңінің жағдайларына орайлас: бір мұғалімнің көп сыныпты оқыту жолдары, комплексті есеп түрлері, күнделікті жұмыс жоспары, әдістері, сабақ кестесін құру жүйелерін ұсынған. 1926 ж. «Жан жүйесі және өнер таңдау» деп аталатын еңбегі Мәскеуде, 3000 дана болып басылып шықты. Автордың аталмыш еңбегіндегі негізгі көтерген мәселесі — қазақ жастарының әлеуметтік ортада өздеріне лайықты орнын таба білуге жол көрсету. Ж. Аймауытұлы осы туындысына эпиграф ретінде ұлы Абайдың «Неге бейім болсаң, соны істе!» деген сөздерін алған. Алғашында жәй сөз болып естілсе де, бұл сөздің мағыналық астарында қоғамға қатысы бар, адам үшін маңызы терең мәселе жатыр. Істі дұрыс шешу барысында ғылыми зерттеу жолын пайдалану керек деп айта келе, ғалым ойын былай жалғастырады: «Неғұрлым қоғамның әр

мүшесінің еңбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрмысы да оңалмақ.. Әр адамның еңбегі қай уақытта жемісті болмақ? — деген сұрақ қоя отырып, мынадай жауап қайтарады: әркім өз орнында қызмет істегенде. Олай болса бұл маңызды мәселе», — деп тұжырымға келеді педагог-психолог.

Педагогикалық-психологиялық тұрғыдағы «Психология» атты ғылыми еңбегі араб әрпімен 1926 жылы алдымен Қызылордада, содан соң Ташкентте теріліп, басылып шыққан. Автор қазақ ортасындағы мұғалімдердің, халық ағарту саласы қызметкерлерінің, жалпы оқырман қауымның психология, педагогика пәндері бойынша өз білімдерін көтеруге ұмтылған талаптарына көмектесуді мақсат етті. Оқулық түрінде жазылғандықтан, бұл кітапта жалпы психологияның жүйесі баяндалады.

Ұсынылып отырған I—VI тараулардың маңыздылығы мен мазмұндылығы келесі қамтылған мәселелерден: «жан» ұғымының, пәлсапа тарихының пайда болуы, ондағы діннің «жан бар, жан ажалсыз» деген пікірдің орын алуы; психология ғылымының пәні, зерттеу объектісін анықтауы; адам қылығын зерттеудегі негізгі әдістерді қолдану мақсаттары (тәжірибелік бақылау, әңгімелесу, сұрау); бақылағанды қалайша жинақтап жазу керектігін көрсеткенінен байқалады.

Бүгінгі күні психологиялық зерттеулерде математиканы қолдана білу өзекті мәселеге айналса, ХХ ғасырдың алғашқы жылдары ең тұңғыш ізденуші ғалым Ж.Аймауытұлы бұған маңызды түрде ерекше көңіл аударған. Оның дәлелі әртүрлі (хроноскоп, гимограф, спигимограф, пневмограф) жайлы аспаптарға түсінік беріп, пайдалану жолдарын көрсете білген. Тірі заттардың қылықтарын салыстырып (қозғыштық, серпілу, тропизм, инстинкт, рефлекс); негізгі соқыр сезімдердің айырмашылықтары (тамақтану, балалау, соқтығу, жасқану, еліктеу) мен қоғам орайластығын баяндай келе, ғалым зерттеуші «қойды, маймылды, адамды алсақ — бәрі де сол төңіректің түрлі қозғалыстарын қайталайды», — деген қорытынды пікірге келеді.

Автор адамның дене мүшелері, олардың физиологиялық қызметіне, жүйке салаларының (ми, нейрон, шілтер, неврит, дендрит) саңылау мүшелеріне кен түрде тоқталған. Мұнда физиолог И.П. Павловтың жоғары нерв қызметімен, сананың пайда болып дамуы туралы ілім негіздері түсіндіріледі; неміс ғалымы Гельмгольцтың үш түрлі түйсіктерді айыратын элементтердің бар



екендігін баяндайды; түске соқырлық (дальтонизм) және сезім мүшелерінің негізгі қызметі мен олардың көңілге деген әсерін «дене сезімі — тіршілік сезімі» деп айта келе, Ж.Аймауытұлы айқын мысалдар келтіреді. Кісінің қылығын қимылынан байқауға жәрдемдесетін психология ғылымы екендігін ғалым саңлау мүшелері қызметі арқылы байқатып: бет қимылы, ымдасу, көз әлпеті, ауыздың құбылуы, сыртқы және ішкі құбылыстардың алуан түрлі сезімдерді байқауға болатындығын, автор мысалдар арқылы дәлелдей білген. Бұл жәйіттер қазіргі кезде қолданылып жүрген дене терапиясымен сәйкестенеді деп айтуымызға болады.

Тәрбиелік жағынан психологиялық-педагогикалық ғалым пәлсапасындағы маңызды мәселесінің бірі — әдеп. Әдептенудің жекелеген түрлеріне (салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, жөн-жосық т.б.) қысқаша мағлұматтар беріп, ондағы көрініс беретін жағымды (шыдамдылық, қанағаттылық, батылдық т.б.) және жағымсыз (шылым шегу, насыбай ату, арақ, апиын ішу т.б.) жақтарын баяндап «әдет — адамның екінші табиғаты» екендігін атақты адамдардың өмірінен алынған мысалдармен (Шекспир, Дарвин т.б.) дәлелдейді. Осыған байланысты: «әдептілік қасиеттерді бойына дарытам десең, ең алдымен ақыл парасатқа мән беру қажет», — деп автор қорытынды ойын тәптіштейді.

Оқулық болғандықтан бұл кітапта жалпы психологияның және педагогикалық психологияның мәселелері баяндалады. Сөз бен ұғым, ойлау мен сөйлеу, адам психикасы мен жағырапиялық орта, психология мен имандылық қасиеттер арасындағы байланыстар талданып, этникалық психология мәселелері (тіл мен мәдениет, салт-сана мен дәстүр, фольклор мен өнер) және олардың адам психикасына тигізетін әсері сөз болған. Сондай-ақ автор әлеуметтік психологияның жекелеген мәселелеріне (топ. ұжым, тобыр, халық, қоғам) ұғымдарына тоқталып, жеке адамның танымдық процесіне талдау жасаған. Ж.Аймауытұлы түс және түс көру сияқты күрделі психикалық құбылыстарға назар аударып, оларды зерттеу керектігін ерекше айтып өткен. Қорыта келгенде, Ж. Аймауытұлы қазақ слінде жас және педагогикалық психологияның қалыптасып дамуына елеулі үлес қосқан ғалым.

Жиырмасыншы жылдары *Мағжан Жұмабайұлының* «Педагогика» (Баланы тәрбиелеу ережелері) атты еңбегі жарық көрді. Бұл оқулық 1923 жылы Ташкенттегі Түркістан мемлекеттік баспасында басылды. Төртінші тараудан он бесінші тарауға дейін педаго-

гикалық-психологиялық мәселелерді қамтыған. Автор әр жастағы баланың даму ерекшеліктерінің психологиялық өзгерістерін ашып көрсете білген. Бұл оқулықта педагогика негіздері, оның мақсаты мен пәні, негізгі категориялары, тәрбиенің маңыздылығы, тәрбиелеудің негізгі бағыттары, басқаша айтқанда, бір-бірімен тығыз байланысты екі пән — педагогика мен психология мәселелерін ұштастырып баяндайды. М.Жұмабаевтың айтуынша, тәрбие төрт түрге бөлінеді: *дене тәрбиесі, ақыл-ес, эстетикалық, жақсы мінез-құлықты қалыптастыру*. Сыртқы және ішкі ортаның әсерінің есту, көру т.б. мүшелердің дамуына және тірі мен өлі табиғаттың әсерлерін автор ерекше сипаттаған. «Дыбыстар, шулар, шөптің сыбдыры, темірдің үні, жібектің сусылы. Сондай-ақ жылқының тісінің қайрауын, қойдың маңырауын, мысықтың миялауын, құстардың сайрауын сәбилер жиі естуі қажет»,— деген тұжырымға келген.

Жас ерекшеліктеріне байланысты танымдық процестердің мысалы, (сезу, қабылдау, елестету, ес, ойлау мен сөйлеу) психологиялық сапалық өзгерістерге ұшырап отыратынын көрсеткен. М.Жұмабаев сәбидің сөйлеуіне тоқталып, дұрыс сөйлей білу талаптарын ашқан: «Біріншіден, сәби сөзді бұзбай айтуы, екіншіден, өзінің құрдастарымен ойнап, олармен жиі сөйлесуі қажет, үшіншіден, ұлттық тілді үйрену кезінде оның былдырлап, шүлдірлеп сөйлеуіне қарсылық жасамау» қажет.

М. Жұмабаевтың тәрбиеге байланысты негізгі тұжырымдамасын келесі ой-пікірлерінен байқауға болады: «Адамды оның ұлтын, тіпті бүкіл адамзатты бақытты ету, егер ұлт өкілі — әрбір адам — бақытты болса, онда бүкіл адамзат та бақытты болады». Басқаша айтсақ, тәрбиенің мақсаты адамның адам болып аталып қалуында емес, ол оның сәйкес білімді меңгеруінде жатыр. Осы еңбегінде М. Жұмабаев тұлғаны тәрбиенің объектісі және субъектісі ретінде қарастырады және өсіп келе жатқан жас буынның адами қасиеттерін күшейту, рухани байлығын қалыптастырудағы педагогикалық-психологиялық ой-пікірі мен тұжырымдары «Педагогика» оқулығының ғылыми өзектілігі қазіргі кезде де құнды екенін көрсетеді.

Қазақстанда психология ғылымының өріс алуына айтарлықтай еңбек сіңірген ғалымдар: Ш. Әлжанов, Х. Досмұхаметов, С. Қожахметов, Т. Тәжібаев, Г. Айманов, Ә. Темірбеков, С. Балаубаев, Е. Суфиев, М. Мұқанов, Қ. Жарықбаев, Ә. Алдамұратов, Қ. Рақымбеков т.б.

Қазақстан психология тарихының жаңа кезеңінің басында тұрған ғұлама ғалымдарының бірі профессор *Шәрапи Есмұхамедұлы Әлжанов* 1901 жылы 19 ақпанда бұрынғы Көкшетау аумағына қарасты Еңбекшілдер ауданында дүниеге келді. Ш. Әлжанов 1932 жылы Мәскеудегі Н.К. Крупская атындағы Коммунистік тәрбие академиясының аспирантурасын бітіреді. Бұл республикамыздың мектептері жаңа сатыға көтеріліп, жан-жақты дами бастаған кезеңі еді. Ұлттық кадрларының жетіспейтін шағында ол мектеп жүйесінің дұрыс ұйымдастырылуына, оқу-тәрбие жұмыстарының жемісті болуына, мұғалімдердің ғылыми білімдерінің жоғарылауына зор мән беріп, осы бағытта өз үлесін қоса білді. Ш. Әлжанов сол кездегі педагогика-психология саласындағы тұңғыш профессор деген атаққа ие болған тұлға. Ол кезінде Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының мектеп ғылыми-зерттеу институтының директоры, ал 1932—1934 жылдар аралығында Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында педагогика факультетінің деканы болып қызмет атқарды. Қазіргі кезде профессор Ш. Әлжановтың жиырмадан аса (1932—1937) жазылған еңбектері белгілі. Атап айтқанда: «Партия оқуының жүйесі мен оқыту әдісі», «Ауыл мектептерін политехникаландыру жолдары», «Аз ұлттарға жоғары оқу орындарында сабақ беру әдістері», «Жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау мәселесі», «Эстетикалық тәрбие негіздері», «Ес және есте қалдыру мәселелері» т.с.с. Осы жылдар аралығында Мәскеуде шығатын журналдарда келесі аумақты мақалалары жарық көрді: «Современные национальные школы», «Пять лет борьбы и строительства первого казахского национального вуза».

Ш. Әлжанов педагогиканың теориясы мен тарихына, сонымен қатар педагогикалық психологияның мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Осы екі ғылымды сабақтастыра зерттеп, оқытушыларға, мұғалімдер мен тәрбиешілерге арналған ғылыми тұрғыдағы әдістемелік оқулықтар құрастырды. Сонымен бірге, психолог-ғалым С. Балаубаевпен бірлесе отырып ресейлік профессор А.Б. Залкиндің «Педология» атты оқулығын, П.Н. Сибиревтің «Педагогика для педтехникумов» оқулығын аударып, ондағы білім беру жүйесінің тиімді жолдарына, әдістеріне оқырмандардың назарын аударды. Профессор-ғалым жоғары оқу орнындағы лекция, семинар, зертханалық сабақ, консультация сияқты оқытудың түрлеріне тоқталып, олардың мазмұнын ашып, даму бағыттарын көрсете білген.

**Х. Досмұхамедұлының (1883—1939 жж.)** — халқымыздың аяулы да, біртуар перзенттерінің бірі, ғұлама ғалым, тамаша тәлімгер, қоғам қайраткері. Оның тәлім-тәрбиелік ой-толғаныстары мен сындарлы тұжырымдары кезінде казак қауымының ұлттық сана-сезімінің ояна түсуіне қозғау салған, іздесе таптырмайтын мәдени-ағартушылық, ғылыми педагогикалық-психологиялық мәні зор мұра. Ол өз замандастарымен бірге осы күнге дейін әлі де бірізге, белгілі бір жүйеге түсе қоймаған еңбектерінде казак халқының ғасырлар бойы тірнектеп жиналған ұлттық тәлім-тәрбиесінің сыр-сипатын, ұстаздық етуге жарайтын халықтық мұраларын мұқият зерттеп, оларға ғылыми тұрғыда зер салып қарастырды. Осы зерттеулерінде этнопсихологияның өзекті ұғым-түсініктерінің бірі — ұлттық психология мәселесіне байланысты жәйгтерге ерекше назар аударды. Солардың ішінде осы кезге дейін өзектілігін жоймаған тіл және ұлт тіліндегі ғылыми атауларды жасау мәселесі. Мыс., «Тіл — жұрттың жаны...», «Өз тілін білмеген ел — ел болмайды...», «Тілінен айрылған жұрт — жойылған жұрт» т.б. Ғалым ғылым атауларын тізбектеуде Еуропа тілдерінен енген сөздерге өте сақтықпен қарауды, олардан ғылыми атауларды ала қалған жағдайда оны өз тілімізбен үндестіріп, лайықтап, өз тіліміздің заңдылықтарына сәйкес өзгертіп қолдану қажеттілігіне назар аударған. Х. Досмұхамедұлы жаратылыстану бойынша казак мектептеріне арналған оқулықтың авторы. Сонымен қатар орта және жоғары мектепте оқылатын педагогика, психология, этнопедагогика т.б. ғылымдарын зерттеуде өз қолтаңбасын қалдырған тұңғыш казак ғалымы.

Көрнекті ғалым, белгілі қайраткер, тамаша ұстаз, жоғары ғылыми атақтары (доктор, профессор, академик) ие болған **Төлеген Тәжібаевтің (1910—1964 жж.)** Қазақстандағы психология ғылымының дамуына қосқан үлесі ерекше зор. Зерттеушілердің деректері бойынша, Т. Тәжібаев жиырма бес жылдары Шымкент педтехникумында Ж. Аймауытұлынан дәріс алған.

Жастайынан қалыптасқан зор ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында 40-шы жылдары Т. Тәжібаев аса жауапты қоғамдық-мемлекеттік дипломатиялық қызметтер атқарды. 1944 жылдары Қазақ ССР Сыртқы істер министрі болып тағайындалды. 1948—1954 жылдар арасында Қазақ мемлекеттік университетінің ректор қызметін атқарды.

Т. Тәжібаев 1938—1964 жылдары ҚазПИ мен ҚазМУ-де доцент, профессор, кафедра меңгерушісі болды. Осы жылдар ішінде оның бірнеше монографиялары, жүзге жуық ғылыми мақалалары жарық көрді. Бұл еңбектерде психология мен педагогиканың теориясы мен тарихы, мораль, этика мәселелері, Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлердің даму жолдары сөз болды. Ол 1949 жылы профессор, ал 1954 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды.

1939—1940 жылдары «Халық мұғалімі» журналының беттеріндегі жарияланған мақалаларында сол кездердегі психология ғылымының көптеген көкейкесті мәселелері, классикалық психологияның тарихы, оның даму, қалыптасу жолдарын жан-жақты талдауға алды.

Т. Тәжібаев еңбектерінің біразы халқымыздың ғұлама перзенттері Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың психологиялық-педагогикалық көзқарастарын зерттеуге арналған.

1947 жылы Қазақстандағы мемлекеттік университетте логика және психология мамандарын дайындайтын бөлім ашылды. Т.Тәжібаев 1947—1958 жылдарда өзінің негізгі қызметімен бірге осы бөлімге тікелей камқорлық көрсетіп, студенттердің арнайы маман болуларына басшылық етті. 1939 жылы Т.Тәжібаев «К.Д.Ушинский и педагогическая психология» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Бұл зерттеу орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинскийдің қызметі мен психологиялық көзқарасына арналған еңбек. Сонымен қатар автор классикалық педагогиканың озық ойымен тәлім-тәрбие мақсаттарымен таңыстырады. Туындыларының көбінде балалармен өткізілетін жұмыстардағы ұстаздың қасиеттері және психологиялық білімнің құндылықтарына көңіл бөледі. 1962 жылдың желтоқсанында Ленинград пединститутының ғылыми кеңесінде «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда халық ағарту ісі, мектеп пен педагогикалық ой-пікірдің дамуы» деген теқырыпта докторлық диссертациясын қорғады.

Т. Тәжібаев ұлттық мінез бен этнопсихологияға, қазақ халқының мұрасына байланысты да қалам тартқан ғалым. Ғалымның жетекшілігімен онға жуық аспиранттар кандидаттық диссертация қорғады, өзі талай диссертанттардың ресми оппоненті болды. Осы тақырыптың төңірегінде екі үлкен монография жарық көрді. Соның бірі «Қазақстандағы XIX ғасырдың екінші жартысындағы оқу-

ағарту істері мен мектептері» атты көлемді еңбегінде мұғалімнің жеке басына тән игі қасиеттерге, шәкірттердің ақыл-ой деңгейін өрістетуге, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін айқын білу, әрбір оқушының өзіндік мүмкіндіктерін, қабілетін тану т.б. тақырыптарға ғалым ерекше көңіл бөлді. Сонымен қоса бұл еңбекте халқымыздың аса көрнекті ағартушы-демократы Ыбырай Алтынсаринның ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас, мұғалімнің тәлім-тәрбие әрекетін балалардың ақыл-ойы мен санасына қонымды ету жайын атап көрсетті.

Психология ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан академик Т.Тәжібаевтың шәкірттерінің бірі — психология ғылымдарының докторы, ұзақ жылдар бойы Абай атындағы педагогикалық институттың психология кафедрасының меңгеруші қызметін атқарған *Мәжит Мұқанұлы Мұқанов (1920—1985 жж.)*. Ғылыми еңбектерін М. Мұқанов қазақ және орыс тілдерінде жазған. 1962 жылы «Педагогикалық психология очерктері» атты оқулығы жарық көрді. Ерекше маңызды еңбегінің бірі: «Ми және сана», «Бақылау және ойлау», «Жас және педагогикалық психология». Бұл зерттеулерінде ғалым оқу-тәрбие жұмыстарын өзінің жүргізген эксперименттік нәтижелерімен ұштастыра білген. Ал «Ақыл-ой өрісі» деген еңбегінде М.Мұқанов қазақ халқының ғасырлар бойы ойлау жүйесінің өрістеп дамуымен бірге ақыл-ой сапаларына талдау жасаған.

Қазіргі замандағы психология ғылымдарының дамуына орасан зор үлес қосқан екі мәртебелі доктор, профессор, 400 ғылыми еңбектердің авторы — *Құбығұл Бозайұлы Жарықбаев*.

Ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыты — Қазақстандағы психология, педагогикалық ой-пікірлердің даму тарихы және этнопсихологиялық мәселелер. 1967 жылы «Қазақстандағы психологиялық ой-пікірлердің дамуы» атты кандидаттық диссертация, ал 1982 жылы Киев қаласындағы М.Горький атындағы мемлекеттік пединститутта «Қазан төңкерісіне дейінгі педагогикалық ой-пікірлердің дамуы» деген тақырып бойынша докторлық диссертация қорғады. 2003 жылы көп жылғы психологияның саласындағы ізденісі тағы бір докторлық еңбек нәтижесіне айналды.

Ғалымның ғылыми бағыты мынадай белгілі еңбектерінде көрініс береді: «Қазақ ағартушылары жастар тәрбиесі туралы», «Қазақстанда психологиялық ой-пікірдің дамуы», «Аталар сөзі — ақылдың көзі», «Қазақ психологиясының тарихы», «Этнопсихология», «Психология» т.б.

Қ.Б.Жарықбаевтың еңбектері жоғарыда көрсетілген ғылыми зерттеулермен шектелмейді. Ол сондай-ақ педагогикалық психологияға қатысты көптеген мәселелерді көтере білген: ауыл тұрғындарының психологиялық ерекшеліктері, баланы мектепке дайындау, көп ұлтты мемлекеттің отбасының тәрбиесі т.б.

1960—1980 жж. психологияның жас және педагогикалық саласында көптеген ғалымдардың ізденістері өз шешімдерін тапты. Олар: А.Темірбеков, А.Асылбеков, А.Алдамұратов, Б.Хамзин, Қ.Рақымбеков, В.К. Шабельников, А.М.Ким, Н.А.Логинова, Ж.Түрікпенұлы т.б.

Доктор, профессор *Бахи Махметұлы Хамзин* 1965 жылы Мәскеу қаласының Ленин атындағы педагогикалық институтында «Психологический анализ формирования инициативности у подростков в процессе трудового обучения» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1985 ж. «Взаимовлияние операциональных и личностных компонентов конструктивно-технической деятельности» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Б.М.Хамзин бірнеше ғылыми еңбектердің авторы: «Балаларды еңбекке тәрбиелеу», «Тәжірибелік жұмыстарға методикалық өңдеу», «Социально-психологический образ женщины Востока» т.б.

Қазақстан Республикасы егемендігіне ие болғаннан бастап бірқатар ғалымдар өз ғылыми психологиялық зерттеулерін әрмен қарай дамытып, психологиялық мектептердің негізін құруда белсенді еңбек атқарып жүр (Жақыпов С.М., Шеръязданова Х.Т., Намазбаева Ж.Ы. т.б.).

*Жақыпов Сатыбалды Мұқатайұлы* 170-тен астам ғылыми еңбектердің авторы, оның ішінде 2 монография, 7 кітап пен кітапшалар (брошюралар), 6 оқу құралдары. Ғалымның жетекшілігімен көптеген кандидаттық диссертациялар қорғалған (Әмірова Б.А., Бердібаева С., Асылханова Б., Мадалиева З.Б., Көмекбаева Л.К., Тоқсанбаева Н. Т. т.б.). Бұл ғылыми зерттеулер С.Жақыповтың әдістемелеріне негізделіп, көптеген өзекті мәселелерді айқындаған: танымдық іс-әрекеттерді қалыптастыру кезіндегі мектеп оқушыларының бейімділігі, оқу процесіндегі мұғалім мен оқушының өзара әсерленуі, оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы (зейін, ес, ойлау т.б.) және танымдық іс-әрекеттің маңыздылығы.

Аталған тақырыптар ғылыми мектептің бастауы болып, келесі зерттеу бағыттарына айналды:

— оқу процесіндегі танымдық іс-әрекеттің тиімді жағы мен оның механизмі;

— оқу процесіндегі этникалық жаңсақ нанымдар, бағыттар, таптаурындар (стереотиптер), оларды кешендік зерттеу жолдары;

— адамдардың бірлескен іс-әрекеттегі мәнділік, мотив, мақсат механизмдерімен қатар жүретін моноэтникалық және полиэтникалық қарым-қатынас.

